

Жаһандық диалог

9.3

Жылына 3 рет 17 тілде шығады

ЦИНЧЖИ ХУАНМЕН

ӘЛЕУМЕТТАНУ ЖАЙЛЫ ӘҢГІМЕ Кристин Шикерт

Бриджитт Ауленбахер
Андреас Нови
Фред Блок
Маргарет Р. Сомерс
Антонино Палумбо
Алан Скотт
Гарет Дэйл
Джонатан Д. Лондон
Аттила Мелег
Крис Ханн

ҰЛЫ ТРАНСФОРМАЦИЯ
- 75 ЖЫЛДАН СОҢ

ЕСКЕ АЛУ:

ЭНН БАРДЕН ДЕНИС

Линда Кристиансен-Раффман
Анджела Майлс
Мэрилин Портер

Миграция

Карин Шершель
Герда Хек
Карлос Сандовал
Бедиз Йылмаз
Сара Шиллигер

Теориялық
перспектива

Джулия Кайзер
Джаспер Штанге

Сенегал
әлеуметтануы

Мұстафа Тамба
Самба Диуф
Әл Қажы Мәлік Си Камара
Самба Диуф
Мұхаммед Мұстафа Дие

Ашық бағана

> Әйелдер құқықтарын күнделікті өмір
бөлшегіне айналдыру



ЖУРНАЛ



International
Sociological
Association
isa

БАСЫЛЫМ 9 / ШЫҒАРЫЛЫМ 3 / ЖЕЛТОҚСАН 2019
<http://globaldialogue.isa-sociology.org/>

GD



> Редакциядан

Соңғы жылдары жаһандық Солтүстік пен Оңтүстік елдерінде ауа-райының өзгеруі мен экологиялық дағдарыс туралы пікірталастар алдыңғы қатарға шықты. Қытайдың Бейжің қаласынан салыстырмалы саясат профессоры және эосоциалистік саясатты жақтаушы Цинчжи Хуан өз сұқбатында Қытайдағы пікірталастар хақында және соңғы онжылдықтарда экологиялық саясат пен қоршаған ортаны қорғауға қатынастың өзгерісі жөнінде мағлұмат береді.

1944 жылы жарияланған Карл Поланьидың «Ұлы трансформация» (ҰТ) атты керемет туындысы әлеуметтік және саяси ғылымдар саласында, әлеуметтану, антропология мен экономикадағы көптеген зерттеулерге шабыттандырды. «Жаһандық диалог» пен Карл Поланьидың атындағы Халықаралық қоғамның президенті Андреас Нови ұйымдастырған алғашқы топтамамыз осы шығарманың 75-жылдығына арналған.

Поланьидың өмірі мен шығармашылығы туралы Фред Блок, Гарет Дейл, Крис Ханн және Маргарет Р. Сомерс, сияқты кітаптардың авторлары, сонымен қатар Поланьиды қазіргі заманда оқып отырған ғылыми зерттеудің саналуан бағытының сарапшылары Поланьиді көзқарасы тұрғысынан соңғы жылдардағы экономикалық, әлеуметтік және саяси оқиғаларға талдаумен ҰТ қатысты интеллектуалдық тұрғыдағы пікірлерді қамтыған ауқымды тақырыптарды көтерген.

Анн Барден Денис 2019 жылдың ақпан айында дүниеден өтті. Оны өзі айналысқан саласындағы әлеуметтанулық зерттеулері үшін ғана емес, Линда Кристиансен-Руффман,

Анджела Майлз және Мэрилин Портерс еске ала отырып айтқандай, ХӘҚ белсене араласқаны үшін есте сақтаймыз.

Карин Шершель ұйымдастырған екінші топтамамыз әлеуметтанудағы дәстүрлі тақырыптардың бірі – соңғы бірнеше жылдан бері жиі көңіл бөлініп жүрген миграцияны зерттейді. Өртүрлі елдерден ұсынылған мақалалар жиынтығы миграцияның себебін, мигранттардың ахуалын және соның ішінде, даулы саяси реттеу мен азаматтық қоғамның қатысуы мәселесін тарихи мүмкіндіктерімен қоса талдайды.

Климаттың өзгерісіне қарсы Fridays for Future қоғамдық қозғалысының аса танымал бола бастауының арқасында болашақ ұрпақтың өмір сүру құралдарына қауіп төндіретін экологиялық апатпен бетпе-бет келіп отырған жас азаматтар наразылығының арта түскені хақ. Джулия Кайзер мен Джаспер Стэндждің мақаласында экологиялық қозғалыстағы тың құбылыс болып табылатын ұйымдасу мен коалицияны құруға тапаралық ұстанымды қолдану баяндалған.

Мұстафа Тамба сенегал әлеуметтанушылары мақалаларының топтамасын ұйымдастырды. Топтама білім әлеуметтануы мәселесіне арналған және білім беруді ұйымдастыру мен оның қолжетімділігі және әртүрлі типтегі мектептер мен оларды реттеуді тереңірек түсінуімізге мүмкіндік береді.

Ашық бағанамызда БҰҰ жас өкілі Бенги Суллу өзі қатысқан Әйелдер ісі бойынша Комиссияның 63-ші сессиясы туралы ХӘҚ үшін баяндайды. ■

Бриджит Ауленбахер мен Клаус Дёрре,
Жаһандық Диалог редакторлары

> *Жаһандық Диалог* 17 тілде [ISA website](#) орналастырылған.

> Мақалаларды globaldialogue.isa@gmail.com жіберуге болады.

isa International
Sociological
Association

**GLOBAL
DIALOGUE**



> Редакциялық алқа

Редакторлар: Бриджитт Ауленбахер, Клаус Дёрре.

Редакторлардың көмекшісі: Иоханна Грубнер, Кристиан Шикерт.

Редактордың орынбасары: Апарна Сундар.

Басқарушы редактор: Лола Бусуттил, Август Бага.

Кеңесші: Майкл Буравой.

Медиа кеңесшілер: Хуан Лейжарага.

Редакциялық кеңес:

Сари Ханафи, Джеффри Плейерс, Филомин Гуттиерез, Элоиза Мартин, Савако Ширахазе, Изабелла Барлинска, Това Бенски, Чи-Ю Я Чен, Ян Фриц, Коичи Хасегава, Хироши Ишида, Грейс Хуню, Элисон Локонто, Сюзан МакДаниель, Элина Ойнас, Лаура Осо Касас, Бандана Пуркаяшта, Рода Рэддок, Мунир Сайдани, Айсе Сактанбер, Сели Скалон, Назанин Шахроки.

Аймақтық редакторлар

Араб әлемі: Сари Ханафи, Мунир Сайдани, Фатима Радхуани, Хабиб Хадж Салем, Сурая Мулуджи Гарруджи, Абделхади Аль Халхоули, Сайда Зине.

Аргентина: Алехандра Отаменди, Хуан Игнасио Пиовани, Мартин Ди Марко, Пилар Пи Пуч, Мартин Уртасан.

Бангладеш: Хабибул Хак Хондкер, Хасан Махмуд, Джувел Рана, Юс Рокейя Ахтер, Тоуфика Султана, Асиф Бин Али, Харун Нахар, Кази Фадия Еша, Хелал Аддин, Мухамин Чоудари, Эмди. Юнус Али.

Бразилия: Густаво Танигутти, Анжела Мартинс Джуниор, Лукас Амарал Оливера, Андреса Галли, Дмитри Чербончини Фернандеш.

Франция/Испания: Лола Бусуттил.

Үндістан: Раши Жайн, Ниди Бансал, Прага Шарма, Маниш Ядав, Сандип Мил.

Индонезия: Каманто Сунарто, Хари Нугрохо, Лусия Ратих Кусумадеви, Фина Итрия, Индера Ратна Иравати Паттинасарани, Бенедиктус Хари Джулиаван, Мохамад Шохибуддин, Домингус Элсид Ли, Антониус Арио Сето Харджана, Диана Тереза Пакаси, Нурул Айни, Гегер Риянто, Адитья Прадана Сетиади.

Иран: Рейханех Жавади, Нияеш Долати, Аббас Шахраби, Саед Мухамад Муталеби, Эхсан Пурнеджади.

Жапония: Сатоми Ямомото, Сара Маехара, Такеши Кунитаки, Рио Танака, Екатерина Степошина, Юсуке Ецуги.

Қазақстан: Айгүл Забирова, Баян Смағамбет, Әділ Родионов, Алмаш Тілеспаева, Куаныш Тел, Алмагүл Мусина, Ақнұр Иманқұл.

Польша: Якуб Барщевски, Александра Биернаска, Ивона Божаджиева, Катарзина Дебска, Моника Хелак, Сара Херзынска, Кинга Жакиела, Жустина Косинска, Адам Мюллер, Вероника Пик, Зофия Пенза-Габлер, Джонатан Сквилл, Марчанна Щепаняк, Агнешка Шипульска, Александра Вагнер.

Румыния: Косима Ружиниш, Райса-Габриела Замфиреску, Люсиана Анастасоайе, Кристиан Чира, Александра-Иоана Драгомир, Диана Александра Думитреску, Раду Михай Думитреску, Юлиан Габор, Дан Гитман, Джулия Джуганару, Иоана Малиреану, Бианка Михайла, Рареш-Михац Мушат, Уна-Елена Негри, Миоара Парашив, Алина Кристина Паун, Кодрут Пинзару, Сусана Мария Попа, Адриана Соходолиану, Габриела Стоян, Мария Стойческу, Мария-Кристина Титеа, Еугения Войнеа.

Ресей: Елена Здравомыслова, Анастасия Даур, Валентина Исаева.

Тайвань: Джинг Мао Ху.

Түркия: Гүл Шарбаджиоглы, Ирмак Эврен.



Ұлы трансформация, 1944 жылы жарық көрген Карл Поландидің іргелі туындысы 1920-1940 жылдар аралығында көрген оқиғалар алдында капитализмнің экономикалық, әлеуметтік және мәдени тарихын. Бұл капитализм тарихында не болғанын және не болуы мүмкін екенін егжей-тегжейлі зерттеу. Осы бірінші топтама нәтижелі еңбектің 75 жылдығын Поланди шығармашылығының тарихы, ол шабыттандырған перспективалар мен әдістер туралы мақалалармен атап өтеді.



Миграцияны тұйық құбылыс ретінде қарастыруға болмайды, ол – әлеуметтік, экономикалық, мәдени және саяси құқықтар, ұлттық мемлекеттердің бөлінуі, азаматтық, жаһандану және көші-қон процестерін шектеп бақылау сияқты көп факторлардың өзара әрекеттесуі. Осында жинақталған мақалалар миграция себептерін талдауды тарихи перспективамен біріктіреді, оның ішінде мигранттар мен босқындар жағдайы, даулы саяси реттеу мен азаматтық қоғаммен өзара әрекет етуі.



Бұл топтамада Сенегал білім беру жүйесіне ақпараттық шолу ұсынылған және оның француз-араб жеке және мемлекеттік мектептері, дін сәйкестілігі сияқты әртүрлі қырлары егжей-тегжейлі талданған **Сенегал әлеуметтануы** туралы теориялық және эмпириялық мәліметтер келтірілген.



Жаһандық диалог SAGE

Publications ұсынған риясыз

грант негізінде жүзеге асып отыр

> Осы шығарылымда

Редакциядан 2

> ӘЛЕУМЕТТАНУ ЖАЙЛЫ ӘҢГІМЕ

Экосоциалистік ойды ұстану: Цинчжи Хуанмен сұқбат
Кристин Шикерт, Германия 5

> ҰЛЫ ТРАНСФОРМАЦИЯ - 75 ЖЫЛДАН СОҢ

Ұлы трансформацияның 75 жылдығы
Бриджитт Ауленбахер, Андреас Нови, Аустрия 9

Поланьидің жетпіс бестегі Ұлы трансформациясы
Фред Блок және **Маргарет Р. Сомерс**, АҚШ 11

Нарық – мемлекетті басқару: Поланьиді оқу
Антонино Палумбо, Италия және **Алан Скотт**,
Аустралия 13

Поланьи, қаржылық есеп және “ЖІӨ-нен тыс”
Гарет Дэйл, Ұлыбритания 15

Ұлы трансформациялар: Шығыс Азияны нарықтандыру
Джонатан Д. Лондон, Нидерланды 17

Халық ауысуы алдындағы үрей
Аттила Мелег, Венгрия 20

Популизмге жол
Крис Ханн, Германия 22

Карл Поланьидің өшпес мұрасы
Андреас Нови, Аустрия 24

> ЕСКЕ АЛУ

Энн Барден Денис: ризашылық білдіру
Линда Кристиансен-Раффман, **Анджела Майлс**
және **Мэрилин Портер**, Канада 26

> МИГРАЦИЯ

Қозғалыстағы миграция
Карин Шершель, Германия 29

Еуропалық қиял және африкалық мобилдік болмысы
Герда Хек, Египет 31

Орталық Америкалық керуен: ХХІ ғасырдағы жаппай
көшу
Карлос Сандовал, Коста-Рика 33

Бесқандар – еріксіз жұмыс күші: Түркия жазбалары
Бедиз Йылмаз, Түркия 35

Ынтымақтастық қалаларындағы шекараларды жою
Сара Шиллигер, Швейцария 37

> ТЕОРИЯЛЫҚ ПЕРСПЕКТИВА

Студенттер болашақ үшін: экологиялық тап саясатына
қарай
Джулия Кайзер және **Джаспер Штанге**, Германия 40

> СЕНЕГАЛ ӘЛЕУМЕТТАНУЫ

Сенегалдағы жеке католиктік білім беру
Мұстафа Тамба, Сенегал 43

Сенегалдық мектеп жүйесі әлеуметтануы
Самба Диуф, Сенегал 45

Сенегалдық француз-араб біліміне стратегиялық
түзетулер
Әл Қажы Мәлік Си Камара, Сенегал 47

Сенегалдағы зайырлы жеке білім
Самба Диуф, Сенегал 49

Сенегалдағы діни көшбасшылықтың әлеуметтік-
антропологиясы
Мұхаммед Мұстафа Дие, Сенегал 51

> АШЫҚ БАҒАНА

Әйелдер құқықтарын күнделікті өмір бөлшегіне
айналдыру
Бенги Суллу, АҚШ 53

“ Ұнтымақтастық қаласы ұраны аясында жұмылдырылған бұл бастамаларды біріктіретін нәрсе – нақты утопияның іске асуы. Нақты утопия миграция мен әлеуметтік саясатты бір біріне қарсы қоймай, олардың мәселелерін байланыстыра отырып, саяси шектеуден алып шығуы мүмкін.”

Сара Шиллигер

> Экоосоциалистік ойды ұстану:

Цинчжи Хуанмен сұқбат

Цинчжи Хуан – Қытайдағы Бейжің университетінде салыстырмалы саясат профессоры. 2002-3 жылдары АҚШ-тың Гарвард университетіндегі Гарвард-Йенхингте шақырылған зерттеуші, 2005-6 жылдары Германиядағы Мангейм университетіндегі Гумбольдтың ғылыми қызметкері. Оның зерттеулері экологиялық саясатқа, еуропалық саясатқа, сондай-ақ солшыл саясатқа арналған. Осы мәселелер бойынша бірнеше кітаптың авторы және редакторы, оның ішінде 2000 жылы шыққан *A Comparative Study on European Green Parties* пен 2010 жылғы *Eco-socialism as Politics. Rebuilding the Basis of Our Modern Civilisation* бар.

Германияның Йен қаласындағы Фридрих Шиллер атындағы Университеттің Постдаму Қоғамдары бойынша Зерттеу Тобының әкімшілік жетекшісі және *Жаһандық Диалог* журналы редакторының көмекшісі **Кристина Шикертке** сұқбат берді.



Цинчжи Хуан. Ұсынған: FSU Йена.

КШ: *Климат өзгерісі соңғы жылдары, әсіресе Жаһандық Солтүстік елдерінде, ең жиі талқыланып жүрген саяси мәселенің біріне айналды. Осы пікірталастың қытай саясаты мен қоғамындағы бүгінгі орнын сипаттап бере алмас па екенсіз?*

ЦХ: Климат өзгерісінің жаһандық мәселесін шешу халықаралық экологиялық саясаттың негізгі мәселелерінің бірі ретінде 1992 жылы Рио-де-Жанейрода БҰҰ Климаттың өзгеруі туралы Рамалық Конвенциясына (UNFCCC) қол қойылған сәттен бері аса ұзақ жолдан өтті. Жалпы басқа дамушы елдер сияқты Қытайдың климаттың өзгеруіне қатысты позициясы айқын және бірізді – оны «Ортақ, бірақ Дифференциалық Жауапкершілік Ұстанымы» (CBDR) деп атайды. Бәрінен бұрын климаттың өзгеруі дамыған немесе дамушы елдердің ғана емес, жалпы адамзат қоғамының ортақ мәселесі немесе дағдарысы; екіншіден, дамушы елдерге қажетті ресурстар мен технологияларды ұсыну

немесе беру арқылы дамыған елдер мен аймақтар, әсіресе ЕО және АҚШ, негізгі тарихи міндеттерді өздерінің мойнына артуы керек; үшіншіден, Қытайды қоса алғанда, дамушы елдер климаттың жаһандық өзгеруіне байланысты күреске қомақты үлес қосуы және оның өсіп отырған әлеуетіне сәйкес бейімделуі тиіс.

Осы саяси позицияны негізге ала отырып, климаттың өзгерісі саласындағы халықаралық саясатқа Қытайдың соңғы жылдардағы қатысуын үш кезеңге бөлуге болады: 1992 жылға дейін; 1992–2012 жылдар, 2012 жылдан – бүгінгі күн. 2012 жылға дейін ЕО пен АҚШ сияқты алдыңғы қатарлы елдер ғана кезек күттірмес әрекеттер жасауы тиіс деген түсінік басым болды. 2012 жылдан Қытай үкіметі климаттың өзгерісі саласындағы халықаралық ынтымақтастыққа қатысты өз позициясын біртіндеп жаңартты немесе өзгертті, әсіресе БҰҰ Климаттың өзгеруі туралы Рамалық Конвенциясы аясында. Оның ең керемет

>>

мысалы – Париж Келісіміне қол жеткізу және оны жүзеге асыру.

Әділін айтқанда, қытай саясатының бағдарын осылай түзетуге негізінен түрткі болған Париж Келісіміне қол қою мен оны жүзеге асыру емес, эко-өркеніетті жасауға ықпал ету ұлттық стратегиясын қолға алу болды. Қысқасы, Қытай Коммунистік Партиясының (ҚКП) 18-ші Ұлттық конгресінде, «экологиялық ортаны басқарудың ұлттық жүйесі мен басқару әлеуетін модернизациялау» ҚКП мен Қытайдың басты саяси және мемлекеттік мақсаттарының бірі деп атап өтілді. Үкімет пен климаттың өзгерісіне байланысты халықаралық ынтымақтастыққа белсене қатысу саяси дайындықты көрсететін мінсіз символдық мысал бола алады. Айталық, Қытай 2019-20 жылдардағы кейбір аса маңызды халықаралық шараларды ұйымдастыра отырып, Биологиялық Өртексілік туралы БҰҰ Конвенциясының (CBD) жүзеге асырылуына көбірек ынта қойып отыр.

КШ: *Қоршаған ортаны қорғау Қытайда тың мәселе емес. 1972 жылы Қытай социалистік партиялар басқарған басқа елдермен салыстырғанда, қоршаған ортаны қорғауға қатысты ұстанымдар мен ұсыныстар келісілген Біріккен Ұлттар Ұйымының адамды қоршаған орта бойынша Конференциясына қатысты. Сол уақыттан бастап Қытайдың экологиялық саясатындағы ахуал мен өзгерістерді жалпы сипаттап бере аласыз ба?*

ЦХ: Бұл рас, қоршаған ортаны қорғау мемлекеттік саясат ретінде Қытайда ресми түрде 1972 жылы адамды қоршаған орта бойынша Стокгольм Конференциясына қытай делегациясының қатысуынан бастау алады. Нәтижесінде 1973 жылы Қытай қоршаған ортаны қорғау бойынша тұңғыш ұлттық Конференциясын өткізді және осы саясатпен айналысатын ұлттық бөлімді рәсімдеді. Содан бастап Қытайдың экологиялық саясаты кем дегенде дамудың төрт сатысынан өтті: 1973-89, 1989-92, 1992-2012 және 2012- бүгінгі күн.

Бірінші кезеңде Дэн Сяопиннің саяси басшылығымен 1978 жылы «реформалар мен ашықтық» саясаты қалыптасып, жүзеге аса бастағаннан қоршаған ортаны қорғау маңызды саяси мәселеге айналуы жылдамдады және тиісінше, «қоршаған ортаны қорғау – басты мемлекеттік саясат» ретінде шегеленді. 1983 жылы ресми түрде жарияланып, күні бүгінге дейін Қытайдың қоршаған ортаны қорғау саласындағы саясатының маңызды ұстанымдарының бірі болып қалып отыр. Екінші кезеңде Цзян Цзэминнің саяси басшылығымен жүзеге асқан тұрақты даму – ҚКП мен Қытай Үкіметінің саяси экология мен қоршаған ортаны басқару саласындағы стратегиясының негізгі көрінісі. 2002 - 2012 жылдар арасы – көбіне өтпелі кезең – Ху Цзиньтаоның саяси басшылығымен 2005 жылы ұсынылған концепция «екі үлгідегі қоғамды құру» (ресурсты сақтаушы және экологиялық таза қоғам) концепциясы сол кездегі ҚКП мен Қытай Үкіметіндегі

негізгі термин еді. 2007 жылы ҚКП 17 Ұлттық конгресінің жұмыс есебіне «эко-өркеніеттік құрылыс» ұғымы енгізілген. 2012 жылдан бастап нақты өзгеріс орын алды, «эко-өркеніетті құру» ҚКП мен Қытай Үкіметінің саяси экология мен экологиялық басқару стратегиясының «қалқан сөзі» ғана емес, қоршаған ортаны қорғау мен басқару «жаңа дәуірдегі қытайлық сипаттағы социалистік модернизацияның» бөлінбес бөлігі ретінде теориялық та, тәжірибелік те тұрғыда мойындалады.

КШ: *Сіздің жұмысыңыздың эко-социализм идеясы маңына шоғырлануы әжептәуір ұзақ жылдарға созылды. Капитализмнің «жасылдануы», сонымен қатар дәстүрлі социализмнің де «жасылдануы» ағымдағы экологиялық дағдарысқа жауап бере алмайды деп тұжырым жасайсыз. Осы дәйегіңізді ашып көрсетіп, экосоциализмнің мәнін түсіндіріп берсеңіз.*

ЦХ: Қысқаша айтсақ, эко-социализмнің жасыл саяси философия ретінде екі негізгі қыры бар. Бірінші жағынан, ол жергілікті, ұлттық және жаһандық деңгейлерде, әсіресе, заманауи капитализмнің үстем институттық құрылымында экологиялық және қоршаған ортаны қорғау мәселелері қарапайым жеке сипаттағы немесе уақытша мәселелер немесе ақаулар болып ғана табылмайды, сонымен қатар құрылымның бөлінбес бөлігі деп тұжырымдайды: олар капиталдың шоғырлануы логикасы мен капитал иелерінің мүдделерін қорғауға бағытталған. Осы тұрғыда капиталистік жүйедегі «жасыл капитализм» немесе «эко-капитализм» сияқты әртүрлі шаралар экологиялық мәселелерді шеше алмайды. Әрине, Ульрих Бранд пен Маркус Виссен өздерінің *The Limits to Capitalist Nature* [«Капиталистік табиғаттың шегі»] деген кітабында қоршаған ортаны ластауға қарсы капиталистік шаралар немесе тіпті «жасыл капитализм» шындығында мүлдем іске аспайды дегенді білдірмейтінін айқын көрсетіп берді (дегенмен барлық кезде таңдау бар).

Басқа жағынан, саяси философия ретінде эко-социализмде социализмнің жаңа типі немесе социализмнің жаңартылған нұсқасы мойындалған, осыған сәйкес дәстүрлі социализмдегі тым қарабайыр немесе бұрмаланған жасылданудан ерекшеленеді. Карл Маркс пен Фридрих Энгельс осыдан екі жүз жылдай бұрын ұсынған ғылыми социализм немесе коммунизм бұрынғы Кеңес Одағында да, заманауи Қытайда да күні бүгінге дейін орнатылмаған идеал екенін атап өту керек. Және бұл идеал жақын болашақта әлемнің бірді бір елінде немесе аймағында орнатылуы да мүмкін емес. Бұл деген сөз біз түбегейлі жаңа социалистік қоғамды емес, заманауи әлемнің эко-социалистік бағытын қиялдаймыз немесе ұмтыламыз. Басқаша айтсақ, экосоциалистердің бүгінгі негізгі міндеттерінің бірі – капиталистік қоғамдағы саналуан шаралардың нәтижесі мәселелерді жарияланған деңгейде шеше алмайтынын және эко-социализмнің әртүрлі нақты немесе радикалды балама бастамалары барлық қоғамдарда түбегейлі

>>

өзгерістерге жетелей отырып, «шынында басқа әлемнің мүмкіндігіне» неге алып келмей отырғанын түсіндіріп беру.

КШ: Мен зерделеген көптеген дискурстарда экосоциализм экологиялық дағдарыс үшін шешімді ұсынушы ғана емес, сонымен қатар теңсіздіктің мәселесін шешетін болашақ туралы өзіндік пікірі бар, жасыл капитализмге балама ретінде талқыланады; ол экологиялық әділеттілік пен әлеуметтік әділеттілікті біріктіруге бағытталған. Бірақ, Сіз экосоциалистік концепциялар адамдарға аса жағымды емес деген ойдасыз. Неге олай?

ЦХ: Бұл бүгінгі күні экосоциалистер үшін ең өзекті және аса күрделі міндет екенін айтудың өзі артық. Болашақ қоғамның үлгісі ретінде экосоциализмді неғұрлым қоғамға ұнамды және қоғамдастыққа ұнамды ететін негізгі күш алдымен социалистік/жасыл солшыл саяси партиялар мен саясат болып отыр және олар аса ауқымды жұмысты атқаруға дайын. Мысалы, еуропалық электорат, әсіресе жастардың климаттың өзгерісі мен басқа жаһандық экологиялық мәселелермен күрестегі ұстанымдары орнықты екенінен 2019 жылғы сайлауда еуропалық парламенттерге жолдаулар үміттендіреді, дегенмен солшылдар бұдан жалпы ешқандай ұтысқа қол жеткізе алмады. Екіншіден, халықаралық диалог пен экосоциализмге қатысты барлық мәселелер бойынша ғалымдар арасындағы ынтымақтастықты нығайту керек. Әрине, бұл Батыс пен дамушы елдер арасындағы неғұрлым тең және ашық қосжақты процесс болуы тиіс. Шынтуайтына келгенде, соңғы онжылдықтарда Қытай Батыстың «жақсы» шәкірті болды, яғни елді модернизациялау үшін ол алдыңғы қатарлы елдердің жасағаны мен жасап жатқанына еліктеумен болды. Енді Қытай елді одан әрі нақты жақсарта түсу үшін халықаралық академиялық қоғамдастықтың анағұрлым тәуелсіз әрі рефлексиялық серіктесі болғаны дұрыс. Үшіншіден, негізгі маңызды міндеттің бірі – экологиялық социализмді, әсіресе, Қытайда неғұрлым ұнамды ету үшін «жаңа дәуірдегі қытайлық сипаттағы социализмді» неғұрлым ұнамды еті қажет. Маңызды жолы «социалистік эко-өркеніет құрылысы» ұстанымы мен саясатын саналы түрде енгізу мен жүзеге асыру деген пікірдемін.

Екіншіден, Қытайға қатысты «эко-өркеніеттік құрылыс» және «социалистік эко-өркеніеттік құрылыстың» саяси және мемлекеттік пайымдарының өзара бәсекесі экосоциализмнің қалыптасқан саяси идеология мен саяси экологиядан алшақ екенін көрсететін жақсы мысал бола алады. Заманауи Қытайдағы қоршаған ортаны қорғау мен басқару жүйесін жаңғыртудың институттық алғышарты социалистік бағыт немесе жол ма деген мәселе – тамыры тереңдегі алшақтықтың бірі. Экомаркстік тұрғыдан, АҚШ пен ЕО тарапынан қоршаған ортаны қорғау мен басқарудың заманауи институттары мен тетіктері деп аталатындарға көбірек көңіл бөлу, социалистік эко-өркеніеттің болашығы үшін аса маңызды болып табылатын жалпы қоғамның социалистік жаңғыруын мойындамауға алып келеді.

КШ: Болашақ қоғамның үлгісі ретінде экосоциализмді

неғұрлым ұнамды ете түсу үшін не істеу керек?

ЦХ: Бұл бүгінгі күні экосоциалистер үшін ең өзекті және аса күрделі міндет екенін айтудың өзі артық. Болашақ қоғамның үлгісі ретінде экосоциализмді неғұрлым қоғамға ұнамды және қоғамдастыққа ұнамды ететін негізгі күш алдымен социалистік/жасыл солшыл саяси партиялар мен саясат болып отыр және олар аса ауқымды жұмысты атқаруға дайын. Мысалы, еуропалық электорат, әсіресе жастардың климаттың өзгерісі мен басқа жаһандық экологиялық мәселелермен күрестегі ұстанымдары орнықты екенінен 2019 жылғы сайлауда еуропалық парламенттерге жолдаулар үміттендіреді, дегенмен солшылдар бұдан жалпы ешқандай ұтысқа қол жеткізе алмады. Екіншіден, халықаралық диалог пен экосоциализмге қатысты барлық мәселелер бойынша ғалымдар арасындағы ынтымақтастықты нығайту керек. Әрине, бұл Батыс пен дамушы елдер арасындағы неғұрлым тең және ашық қосжақты процесс болуы тиіс. Шынтуайтына келгенде, соңғы онжылдықтарда Қытай Батыстың «жақсы» шәкірті болды, яғни елді модернизациялау үшін ол алдыңғы қатарлы елдердің жасағаны мен жасап жатқанына еліктеумен болды. Енді Қытай елді одан әрі нақты жақсарта түсу үшін халықаралық академиялық қоғамдастықтың анағұрлым тәуелсіз әрі рефлексиялық серіктесі болғаны дұрыс. Үшіншіден, негізгі маңызды міндеттің бірі – экологиялық социализмді, әсіресе, Қытайда неғұрлым ұнамды ету үшін «жаңа дәуірдегі қытайлық сипаттағы социализмді» неғұрлым ұнамды еті қажет. Маңызды жолы «социалистік эко-өркеніет құрылысы» ұстанымы мен саясатын саналы түрде енгізу мен жүзеге асыру деген пікірдемін.

КШ: Сіз «дамушы экономика» мен «экономикалық өсімді» ажыратасыз, оның үстіне соңғысы жеделдей түскен экономикалық дамуға тәуелді, және осыған байланысты экологиялық дағдарысты шешуге зиян келтіретіні айқын. Қытайға қатысты осы айырмашылық нені меңзейді?

ЦХ: Қытайдағы жағдайды бақылай отырып, тұрақты дамудың жаһанданумен үйлесімді ме дегенді талдаған лондондық грек ойшылы Такис Фотопулостан айырмашылығымды көрсету үшін мен 2008 жылы «дамушы экономика» ұғымын Қытайдың сол кездегі экономикалық дамуының сипатын зерделеу мақсатында қолдандым. Менің негізгі дәйегім мынада: заңдылық, қажеттілік, сонымен қатар қоршаған орта саласындағы ресурстық қолдау мен әлеуеті тұрғысынан ХХІ ғасырдың басындағы Қытайдың экономикалық дамуының қажеттілігі мен қорғалу деңгейі жоғары деңгейде болды. Әрине, соңғы онжылдықта Қытайдың экономикалық дамуының жалпы ахуалы түбегейлі өзгерді және бүгінгі таңда АҚШ-пен арадағы сауда соғысының кесірінен әлдеқайда күрделі жағдайға тап болып отыр.

Бұл жердегі негізгі мәселе Такис Фотопулос анықтағандай, қытай экономикасы экономикалық өсімге біртіндеп

>>>

жылжып отыр ма дегенге саяды. Бұл сұраққа қарапайым жауап әлі де жоқ. Бір жағынан 2015 жылдан бастау алатын жыл сайынғы 6-7% экономикалық өсім осыдан он жыл бұрынғыдан (2005 жылы 11,4%), екі есеге жуық төмендеуі Қытайдың өз экономикасын даму кезеңдеріне байланысты үнемі тиімділікке бағыттайтынын көрсетеді, және, әсіресе, Қытайдың орталық және батыс аймақтарында экономикалық дамудың тиісті ырғағы әлі де қажет немесе жақын болашақта сақталуы мүмкін. Екінші жағынан, бүгінгі Қытайдың экономикалық көрсеткіштерінің жиынтығын назарға алар болсақ – Әлемдік банктің мәліметтеріне сәйкес, 13,608 трлн АҚШ долларын және 2018 жылы әлем экономикасының 15,86% құрайды – тіпті жылдық өсім шамамен 5% болған кезде де экологиялық ортаға орасан зор ықпал етеді. Міне осы себепті біз эко-социалистік болашақ немесе «социалистік эко-өркениет құрылысы» қарапайым адамдардың негізгі мұқтаждықтарын қанағаттандыру қажеттілігі мен экологиялық ортаны қорғауды жақсарту ісіне үлес қоса алады деп санаймыз: экологизмді арттыру және социализм.

КШ: Еуропа елдері мен Солтүстік Америкада жасыл экономика идеясы ағымдағы экологиялық мәселелерге жауап болып табылады. Сіз ұсынып отырғандай болашақ туралы балама көзқарастардан олар не алуы мүмкін?

ЦХ: «Жасыл капитализм» немесе «эко-капитализм» еуропалық елдер мен Солтүстік Америкадағы ағымдағы экологиялық мәселелерді шешудің анағұрлым практикалық немесе тіпті рационалды тәсілі болуы мүмкін, өйткені халықаралық иерархиялық экономикалық және саяси ережеге және дамушы елдердегі «империялық өмір салтын» мойындаудың тереңдей түсуіне байланысты, «дамыған елдер» жаһандық ресурстарды қолдануға қол жеткізеді және өз мүдделеріне сәйкес оларды «жұтып» қоюы мүмкін. Егер осы құрылымдық конфигурация

өзгермейтін болса, онда әлемнің экосоциалистік болашаққа қарай жылжуына мүмкіндіктері аз екендігін елестететү қиын емес.

Дегенмен, соңғы жылдары осы конфигурация шындығында әлеуметтік және экологиялық тұрғыда күрделене түскен сияқты. Бір жағынан, Қытайды қосқанда бірнеше ірі дамушы елдердің экономикалық серпінінен кейін дәстүрлі халықаралық тәртіптің статус-квосын ұстап тұру АҚШ және еуропалық елдерге анағұрлым қиынға соғып отыр, бұл тек олардың гегемониялық жағдайына ғана емес, сонымен қатар «эко-капитализмнің» жасыл үлгісіне де қауіп төндіруде. Басқаша айтсақ, шындығында осы «алдыңғы қатарлы» елдер үшін мүмкіндіктер немесе өнімдерді пайдаланудың жоғары деңгейін сақтай отырып, жергілікті табиғи ортаның сапасын ұстап отыру мүмкіндіктері азая бастайды. Белгілі бір дәрежеде Қытай мен АҚШ бастаған Батыс арасында үдей түскен бүгінгі шиеленісті осылай түсіндіруге болады. Тағы бір қырынан назар салсақ, дамушы елдердің көбі, әсіресе Қытай сияқты дамушы елдер экологиялық мәселелерге әртүрлі себептерге байланысты жауапты қарайды. Бұл дамушы елдер тарапынан Филиппины мен Канада арасындағы қалдықтарды импорттау туралы текетірес айғақ болып табылатын қалдықтар мен қоқыстарды айтпағанда, «лас» капитал мен технологияларды қабылдауға қатысты қатаң шектеулер қойылатынын білдіреді.

Менің ойымша, жоғарыда көрсеткен екі мағынада да экосоциалистік ойдың принциптері мен әдістері не болғанда да еуропалық және солтүстік-америкалық елдердің «жасыл капитализм» немесе «эко-капитализмнің» шектері мен кемшіліктерін түйсінуге жетелейді. Жергілікті және қысқамерзімді мәселелерді басқалардың есебінен шешуді тоқтату керек және радикалды әлеуметтік-экологиялық өзгерістерді тезірек қолға алған жөн. Әділеттірек әлем мен неғұрлым тең қоғам – таза қоршаған ортаның алғышарты. ■

Хаттарды Цинчжи Хуанға <qzhuang@sdu.edu.cn> жолдауға болады.

> ҰЛЫ ТРАНСФОРМАЦИЯ - 75 ЖЫЛДАН СОҢ

Бриджитт Ауленбахер, Йоханнес Кеплер университеті, Линц, Австрия және ХӘҚ Экономика және қоғам (ЗК02), кедейлік, әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік саясат (ЗК19), еңбек әлеуметтануы (ЗК30) және әйелдер, гендер және қоғам (ЗК32) зерттеу комитеттерінің мүшесі, **Андреас Нови**, Вена экономика және бизнес университеті, Аустрия



Карл Поландидің «Ұлы трансформация» еңбегінің маңызы мен өзектілігі оның көп тілге аударылуынан көрінеді. Ұсынған: Ана Гомес.

The Great Transformation [Ұлы трансформация] (ҰТ), 1944 жылы жарық көрген Карл Поланьидің іргелі туындысы капитализмнің экономикалық, әлеуметтік және мәдени тарихын 1920-1940 жылдар аралығында көрген өзгерістері негізінде қайта құрды: I Дүниежүзілік соғыстан кейінгі нарықтық фундаментализм, одан кейінгі дағдарыс және 1929 жылдағы қор нарығының құлдырауы, Ұлы депрессия, экономика мен қоғамды реттеудің фашистік және социалистік талпыныстары, Жаңа бағыт, соңында, II Дүниежүзілік соғыс..

Ұлы трансформация – егер экономика мен қоғам «өзін-өзі реттейтін нарықтағы» «либералды сенімі» (ҰТ,141) бойынша ұйымдастырылатын болса және қоғам барған сайын сұраныс, ұсыныс, баға және нарықтың пайдаға бағытталған динамикасының тетіктері негізіндегі «нарықтық қоғам» болса, капитализм тарихында не болғанын және не болуы мүмкін екенін мұқият зерттеу. Сонымен бірге «адамзат қоғамы экономикалық жүйенің қосалқы құралына айналған» жүйеде (ҰТ,79), ешқашан сатуға берілмеген және өндірілмеген нәрселер – жер (табиғат), еңбек және ақша – «жалған тауарлар» бола бастайды: «Бірақ еңбек пен жер дегеніміз – адамдардың әрқайсысы өмір сүретін табиғи орта. Оларды нарықтық механизмге қосу қоғамды өздігінен нарық заңдарына бағындыруды білдіреді» (ҰТ,74), тиісінше, оны «бұзады» (ҰТ,75). Карл Поланьи ХІХ ғасырдағы капитализмнің тарихын «қосарланған қозғалыс» ретінде талдайды, нарықтану «қозғалысы» және «контрқозғалыстар» – еңбек қозғалыстары, заңнама, протекционизм және т.б. – осылар арқылы адамзат қоғамы қауіпсіздік пен қорғанысқа ұмтылады.

2014 жылы Йогоамада өткен ХӘҚ Әлемдік әлеуметтану конгресінде Майкл Буравой президенттік сөзінде 1970 жылдары басталған «нарықтанудың» жаңа «толқыны», 1989 жылдан кейінгі жаһанданудың посткоммунистік кезеңі, 2007-2008 жылдардағы қаржылық дағдарыс және одан кейінгі әлеуметтік наразылықтарды Поланьидің

қосарланған қозғалысы ретінде түсіндіре отырып, ҰТ-ның маңыздылығын атап өтті. Шынында да, әсіресе 1990 жылдан бастап Карл Поланьи шығармашылығына қызығушылық арта бастады. Әлем ғалымдары оның «қосарланған қозғалысты» талдауына сілтеме жасап, «жалған тауарлар» туралы негізгі ойын қолдануға тырысуда. Сонымен қатар, олар оның «күрделі қоғамдағы еркіндік» туралы көзқарастарын және оның индустриялық өркениет тарихында «өзін-өзі реттейтін нарықтың утопиялық эксперименті тек естелік болған кезде» әділ және еркін қоғам мүмкін деген идеяларын (ҰТ, 258) қайтадан ашты.

Бұл симпозиум Карл Поланьи шығармашылығының тарихына, сонымен қатар оны қолданудың перспективалары мен тәсілдеріне арналған мақалалар ұсыну арқылы ҰТ-ның 75 жылдық мерейтойын атап өтеді. Фред Блок пен Маргарет Р. Сомерс Карл Поланьидің шығармаларын өз уақытында неолиберализмнің Хайек пен Мизес сияқты тәлімгерлеріне, сол сияқты фашизмге сілтеме жасай отырып оқыды, сонымен қатар оның бүгінгі авторитарлық тенденцияларды түсінудегі өзектілігін көрсетеді. Антонино Палумбо мен Алан Скотт қарапайым нарықтық дихотомияны жеңіп, мемлекеттердің нарықтарды не үшін және қалай қолдайтынын түсіндіреді. Гарет Дейл пайдаға негізделген экономикалық тәртіпті тұрақтандыру ретінде ұлттық есептеу тарихына сыни шолу жасайды, сонымен қатар сол ойларына сүйене отырып, Поланьидің «ЖІӨ-нен тыс» деген пікірталасын мәселе етеді. Джонатан Д. Лондон Шығыс Азиядағы ұлы трансформацияны зерттейді және нарықтану мен әлеуметтік қамту саясатындағы қатар өсудің карама-қайшылығына тоқталады. Аттила Мелег пен Крис Ханн Карл Поланьидің еңбегін оның заманы және Еуропадағы көші-қон және дамуға қатысты оңшыл популизмнің қазіргі заманғы көзқарастарымен терең түсінуді біріктіреді. Андреас Новиге Поланьидің өміршең мұрасы, оның қоғамдық қозғалыстарға шабыт беруі, заманауи «жаһандық» капитализмге сыни, сонымен қатар оның баламаларды іздестіруімен қорытынды жасайды. ■

Хаттарды Бриджитт Ауленбахер <brigitte.aulenbacher@jku.at> мен Андреас Новига <andreas.novy@wu.ac.at> жолдауға болады.

> Поланьидің жетпіс бестегі

Ұлы трансформациясы

Фред Блок, Калифорния университеті, Дэвис, АҚШ және **Маргарет Р. Сомерс**, Мичиган университеті, АҚШ



Карл Полань, Бірінші дүниежүзілік соғыс. Ұсынған: Кари Полань Левитт.

1964 жылы Карл Полань қайтыс болғанда оның интеллектуалдық үлесі экономикалық антропологтар мен антикалық Грекия және Римді зерттейтін ғалымдар арасынан басқа жерде танымал болған жоқ. Босқын-зиялы бола отырып, Полань өз өмірін төрт елге бөлді – Австрия, Англия, АҚШ және Канада. Оның үстіне ол бір пәнге тиесілі болмады; оның еңбектері тарих, география, экономика, әлеуметтану, антропология, саясаттану және классика қиылысында жатыр. Мұның барлығы оның басқа ірі босқын-зиялылардың беделіне ие болған сыншыл ізбасарларының басын біріктіруін қиындатты.

Сондай-ақ, Полань «Ұлы трансформация» атты ең маңызды кітабында күмәнді пайғамбар болып қалды.

Ол соңғы тарауларда жаһандық өзін-өзі реттейтін нарықты құру идеясының қате болғанын әлем түбегейлі мойындады деп болжады. Сөзсіз, екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі экономикалық тәртіптің «ендірілген либерализмі» соғысқа дейінгі алтын стандарттар жүйесі сияқты жойқын болған жоқ. Бірақ 1940, 1950 және 1960 жылдары кейінгі жалпыға бірдей игілікті көздейтін мемлекеттердің құрылуы Полань болжаған социализм түріне мүлдем сәйкес келмеді. Оның үстіне, Полань қырғи-қабақ соғыстың орын алатынын немесе Вашингтонның тауар мен капитал ұлттық шекаралар арқылы еркін тасымалдана алатын әлемдік экономиканы қайта құруға қатысты шешімін болжай алмады.

Полань қайтыс болғаннан кейінгі оқиғалар оның пайғамбар ретіндегі беделін нығайтты. 1920-шы жылдары Венада Полань өз ойларын Людвиг фон Мизес пен оның шәкірті Фридрих Хайектің нарықтық фундаментализм идеяларына қарсы қалыптастырды. Поланьдің өлімінен он жыл өткеннен соң, Хайек экономикадан Нобель сыйлығына ие болды, ал бірнеше жылдан кейін ол Маргарет Тэтчер мен Рональд Рейганның еркін нарықтық экономикалық саясатына теориялық тұрғыда шабыттандырушы ретінде мадақталды. Қысқасы, соңғы қырық жылдағы нарықтық-фундаменталистік саясат Карл Поланьиді күмәнді пайғамбардан өзін-өзі реттейтін нарықтың күштері мен қауіп-қатері бойынша ең танымал және көреген сарапшыға айналдырды.

> Қатаң үнемдеудің алтын стандарты және фашизм

Ұлы трансформациясында Полань I Дүниежүзілік соғыстан кейін халықаралық алтын стандартты қалпына келтіруде фашизмді ашық кінәлайды, оның айтуынша бұл шешімге барлық деңгейдегі саясаткерлер, соның ішінде большевиктер де жауапты. Бірақ Еуропада алтын стандарт бойынша қатаң үнемдеу саясатының қатаң шаралары экономикалық әлсіз адамдарға ықпал ете бастағанда, социалистер мен саяси либералдар оған бірдей қарсы шықты – жалақыны мен мемлекеттік сектордағы шығындарды аяусыз азайтқаны үшін ғана емес, сонымен бірге демократияны жойғаны үшін де қарсылық болды.

>>

Басқа жағынан, банкирлер мен жұмыс берушілердің көпшілігі алтын стандарт табиғаттың экономикалық заңдылықтарына сай және осы механизмдерді бұзу экономикалық апатқа алып келетіндігіне сендірді. Егер фон Мизес пен Хайектің экономикалық тұрақсыздық пен жаппай жұмыссыздық жағдайында үкіметтің әрекетсіздігінің теориялық негіздемесі болмағанда олардың дәлелдері ашкөз мәлімдеме ретінде жоққа шығарылуы әбден мүмкін еді. Поланьі үшін фон Мизес пен Хайек ғана жақтаған саясат қатал және өнегесіз болған жоқ; қандай да бір экономикалық тірегі жоқ миллиондаған отбасылар экономикалық жоқшылыққа тұрақты бейімделеді деп елестету өте қиын болды. Сонымен қатар, ол жұмыс істейтін адамдар мемлекеттік қамтамасыз ету, лайықты жалақы және жұмыссыздық бойынша жәрдемақылар үшін дауыс бергенде, қатаң үнемдеу шаралары мақсатында бұл әрекеттерге кедергі келтірілді. Мұның салдары – демократиялық басқаруға қатысты түңілу, өйткені алтын стандарттың ережелері халық еркіндігінен асып түсіп отырды.

Фашистік партиялар осы түңілуді пайдаланып, глобалистер ұсынудан бас тартқан қауіпсіздік түрін уәде етті. Сәйкесінше, Поланьі үшін «[экономикалық] либералдардың жоспарлау, реттеу немесе бақылауға қатысты кез-келген реформаларға кедергі болуына байланысты фашизмнің іс жүзіндегі жеңісі сөзсіз еді». Бірақ билік басына келген Гитлер алтын стандарттар шектеулеріне қарсы болды. Толық жұмыспен қамтуды қалпына келтіре отырып, нацистер халықтық қолдауға ие болды және диктатурасын толықтай нығайтты.

> Нарықтық фундаментализм және авторитаризм

Қазіргі сәттің өзектілігі таң қалдырарлық. Қырық жылдық нарықтық фундаментализм ұдайы үнемдеу тәртібін құрды, яғни үкіметтер жұмыспен қамту деңгейін арттыру немесе үй шаруашылықтарын нарықтық тұрақсыздықтан қорғау мүмкіндігінен тағы да айырылып отырды. Егер үкімет осы шектеулерді даулауға бел буса, бұл егеменді қарызды нарықтық сатуға және жылжымалы капиталды кенеттен шығаруға қатысты шұғыл жазалауға алып келеді. Тіпті қатаң үнемдеу саясатына қарсы платформада сайланған Грекиядағы солшыл Сириза үкіметі Еуропалық қауымдастық тарапынан қатаң үнемдеу саясатын жүргізуге мәжбүр болды.

Демократиялық институттар мен олардың ұдайы қатаң үнемдеу шараларынан құтылу мүмкіндігін қамтамасыз ете алмауы тағы да түңілуге алып келді. Оңшыл партиялар демократиялық нормалар мен институттарға деген мұндай жек көру арқылы күшейе түсті. Осылай, сайланған авторитарлық көшбасшылардың жаңа толқыны «либералды емес демократия» үлгісін ұстанды, оған электоратты манипуляциялау, сотты басып алу, еркін БАҚ басу, сонымен қатар «халықты» «басқалардан» бөлетін жеккөрушілік саясаты тән.

Әрине, бүгінгі авторитарлы тұлғалар – ХХ ғасырдағы фашистер емес. Алайда, әскерлендірілген құрылымдардың тиесілі киім үлгісін кимеуімен жұбану ақымақтық болар еді. Тарихи мимикрия салыстырудың релевантты өлшемі болмайды. Поланьі соғысаралық фашистік қауіп-қатер алтын стандарт кезеңінің мызғымас билігі құрған демократия дағдарысының салдарынан болғанын түсінді. Біз әлемдік экономиканы басқаратын институттар тарапынан орын алған дағдарысқа тағы да тап болдық. Бұрынғылар сияқты, қазіргі авторитарлы билік да дағдарыс жағдайындағы вакуумға еніп, кейбір жағдайларда «ұмытылған адамды» қорғау үшін өздерінің «жауларын» қудалай бастады.

Бүгінгі күннен алар сабақ – тұрақты үнемдеудің кедергілерін жоюға болатын және дәрменсіз демократия дағдарыстарын болдырмайтын жаһандық экономикалық реформа жобасының жедел қажеттілігі. Әрине, қуатты жаһандық реформалар қозғалысын құру міндеті орасан зор. Ауа-райының өзгеруі, жаһандық босқындар санының күрт артуы және әлемдік экономиканың күн санап артып отырған жүйесіздігі сынды дағдарыстарға қарсы тұру үшін қажет жаһандық ынтымақтастықты қалыптастыру оңай емес. Бірақ, қазіргі уақытта ресурстарды жаһандық Солтүстіктен жаһандық Оңтүстікке қайта үлестіруге, ауа-райының өзгеруін тоқтатуға, жаһандық экономиканы басқаратын институттар мен ережелерді өзгертуге мүмкіндік беретін жаһандық Жасыл Жаңа Келісім жобасына әлемнің көптеген тұрғындарын біріктіруге болады. Бұл жаһандық бастама барлық адамдар үшін жұмыс істейтін экономиканы құру мақсатында демократиялық саясат пен реформалар толқынын жаңарту үшін ұлттық мен ұлттаралық аймақтарға кеңістік ашады. ■

Хаттарды Фред Блок <flblock@ucdavis.edu> пен Маргарет Р. Сомерске <peggs@umich.edu> жолдауға болады.

> Нарық – мемлекетті басқару:

Поланьиді оқу

Антонино Палумбо, Палермо университеті, Италия және **Алан Скотт**, Жаңа Англия университеті, Аустралия және ХӘҚ қала және аймақтық даму әлеуметтануы бойынша зерттеу комитетінің мүшесі (ЗК21)



Карл Поланьи Пикерингте, Онтарио, 1950-ші жылдардың соңы. Ұсынған: Кари Поланьи Левитт.

Экономиканы (ортодокстық) қоспағанда, әлеуметтік сала ғалымдары, әсіресе әлеуметтанушылар мен әлеуметтік антропологтар – таза бәсекелес нарық – адамзаттың табиғи жағдайы емес деген пікірмен бұрыннан келіседі. Осы консенсусқа сай олар мемлекет араласуының кеңейтілген формаларын негіздеу үшін мемлекет егемендігін сансыз түрде қорғауды бастады. Мұндай әрекеттер 2008 жылғы Жаһандық Қаржылық Дағдарыс (ЖҚД) кезеңінен бастап екі есе өсті. Егеменді қарыз дағдарысы аясында құрылған және қатаң үнемдеу шаралары арқылы шешілген ЖҚД нәтижесінде мемлекеттің әрекетін адвокациялау екі негізгі үлгіде болды: (i) кейнстік қағидаларды қорғау және экономикалық өсуді ынталандыруға бағытталған макроэкономикалық араласуды енгізу; (ii) әлеуметтік теңсіздікті төмендетуге бағытталған қайта үлестіру шараларын қолдай отырып, соғыстан кейінгі жалпыға бірдей игілік мемлекетінің ностальгиялық есебін насихаттау. Прогрессшілдер арасында кең таралған бұл жауаптар концепциялық та, нормативті де тұрғыдан сәтсіздікке ұшырайды. Олар мемлекет пен нарық арасында тұрақты ымыра бар деген жалпы қабылданған, бірақ негізсіз неолибералдық тұжырымдарға күмән тудырмайды, тіпті оны барынша сақтайды.

> Мемлекет – нарық жеңімпазы

Соңғы екі ғасырдың әлеуметтік және саяси тарихы мемлекет пен нарық арасындағы қатынастардың нөлдік бағасын қолдамайды. Карл Поланьидің *Ұлы трансформациясы* (1944 жылы алғаш рет жарық көрген) әлі күнге дейін ең жақсы теориялық шолуды ұсынады. Либералды саяси экономияның классикалық әлеуметтік теориясының сыни пікірін түйіндей келе, Поланьи нарықтық қоғамды құруға бағытталған араласпау саясаты саяси жоспардың нәтижесі деп санайды, ал протекциялық ережелері толқындарын қолдайтын әлеуметтік қысымдар сол саясат тудырған шиеленіске қарсы кенеттен туындаған жауап болды. Нарықты мемлекеттік басқару әрекетіне

>>

айналдыруда Поланьи, маркстік көзқарастарға қарағанда, саяси экономикалық ойлаудың болжамдарын түбегейлі қабылдамайды. Ол мемлекетті нарықтық экономиканы құрудың бастамашысы, сонымен қатар нарықты өздері тудырып отыратын циклдік дағдарыстардан құтқарушы ретінде де қарастырады. Мемлекет буржуазияның атқарушы комитеті ғана емес, ол саяси және технократтық элиталар арасында либералды немесе неолибералды идеялардың гегемониясы үшін емес, оның орнына шынайы саяси себептер – егеменді билігін нығайту үшін – нарықты құру мен оны жетілдіруге қатысады.

Нарықтар мемлекетке егемендігінің қуатын арттыруға қалай көмектесе алады? Поланьидің өзгеріс туралы идеясынан алатын жауабымыздың мәні – нарықтар әртүрлі шағын топтарды бір-бірімен бәсекелес ету арқылы қоғамдық өмірдің ұжымдық қатынастарын бұзуға қабілетті. Осылайша, нарықтар – әскери және репрессиялық күштерге балама «жұмсақ» күш. Олар мемлекеттік акторларға орталықтанған, бюрократиялық ерік-жігерді міндеттеуге арналған жоғарыдан-төмен әрекеттерге қарсы әлеуметтік оппозицияны жеңуге мүмкіндік бере отырып, қауымдастықтардың ішкі үйлесімділігі мен заңды дербестігіне нұқсан келтіреді. Абсолютті мемлекет бастаған және либералды мемлекеттер жалғастырған феодалдық билікке, делдалдық органдарға, кәсіби бірлестіктерге және гильдияларға қарсы күрес оны басты мақсат етті. Кеңестік аппаратшылардың нарықтық социализмге деген қызығушылығы және Қытай коммунистік партиясының неолибералдық нарықты қабылдауы да осы логиканы көрсетеді. Сондай-ақ, біз мемлекеттің бюрократиялық қол сұғуына белсенді қарсылық көрсеткен қоғамдастықтар мен топтарды ыдырату үшін нарықтық паттерндер таңдамалы және стратегиялық түрде қолданылған жолдарды да назардан тыс қалдырмағанымыз жөн. Марксқа (және оның ізбасарларына) қарағанда, Поланьидің нарықтарды сынауы жұмысшылар табын қанау және/немесе оқшаулану мәселесімен емес, оның ауытқыған нәтижелерімен: топтардың әлеуметтік қатынастарды реттеу және нормативтік келісімді сақтай алу қабілетінің төмендеуімен байланысты.

> Отарлық логика

Осы орталықтандыру әдісін жүзеге асыруда мемлекеттік органдар ұлттық деңгейде де (байырғы қауымдастықтар мен ішкі жауларды бағындыру үшін) және халықаралық деңгейде де (өзге территориялар мен халықтарға қатысты мемлекеттің үстемдігін міндеттеу үшін) отарлық логиканы қолданады. Тарихи тұрғыдан бұл екі әрекет бір-бірімен тығыз байланысты. Сыртқы экспансия мемлекеттің, «әлеуметтік мәселе» деп аталатын, нарықтық реформалар нәтижесінде туындаған ішкі әлеуметтік қақтығыстарды бәсеңдетудің негізгі құралы болды. Отарлаудың ішкі және сыртқы формаларының ұқсастығы, сондай-ақ, мемлекеттік

органдардың қоғамның басқа субъектілерімен орнататын кооперациялық қатынастарынан да байқалады. Ұлттық деңгейде мемлекеттің бірлігі процесі ауыртпалықтарды да, артықшылықтарды да бөлісуге дайын әртүрлі әлеуметтік және экономикалық элиталардан құралған коалициялар құруды қажет етті. Сол сияқты, халықаралық деңгейде отарлық державалар әрдайым отаршылдық кәсіпкерліктің олжасын бөліскен көнгіш этникалық топтардың немесе әлеуметтік элиталардың қолдауына сүйенді. Осылайша, өз мүшелерін серіктестік шарттарын өздігінен қызмет ететін тәсілдермен кезең-кезеңімен қайта қарауға мәжбүр ете отырып, екі жағдайда да құрылған коалициялар келісімі бәсекелестік сипатқа ие болады. Осылайша, экономикалық және саяси дағдарыстар жауапкершілікті басқа серіктестерге жүктеу және Поланьи сипаттаған реттеу мен қайта реттеу циклдарын өндіретін нарықтық жүйені қалпына келтіру мүмкіндіктерін ұсынды.

> Әлеуметтік пен саясиды қайта байланыстыру

Осы күрделі стратегиялық контекст және мемлекеттер мен нарықтардың өзара тәуелділігі жағдайында, мемлекеттік егемендікке баса назар аудару және көп мемлекет пен аз нарықты талап ету жай ғана аңғырттық емес, нық бекітілген сенім. Мемлекет әрекетін әлеуметтік қолдау іс жүзінде өздері қатысатын коалицияны қайта құру процесінде мемлекеттік акторлардың келісімді күшін арттыратын төтенше шаралар қабылдау үшін жүйелі түрде қолданылады. Сол сияқты, егемен валютаның дағдарысы, салықтың өсуі және капиталдың кетуі туралы қорқыныш келіссөз үстелінде бас қосқан монополиялық экономикалық күштер мен әлеуметтік элиталардың ықпалын нығайту үшін пайдаланылады. Соңғы онжылдықта ЖҚД бұзған неолибералдық консенсусты құруға жауапты коалиция мүшелері жасаған әрекеттер мен контр әрекеттер туралы айтылады. Ескі қателерді қайталамас үшін, кедейлерді қорғауға бағытталған әл-ауқат шараларын насихаттау шеңберінен шығатын шешімдер қажет. Әлеуметтік мәселені саяси сұрақпен байланыстыру керек: нарық пен үкіметті демократияландыру. Поланьидің әлеуметтік құқықтар мен индустриялық демократияға үндеуі осындай қажеттіліктің мойындалуы болды. Алайда, азаматтардың құқығы мен мүмкіндіктерін арттыру мақсатында демократияны дамыту енді жұмыспен қамту саласы шеңберінен тыс жүзеге асуы қажет, ол үшін кеңейтілген тұтынушылық құқықтар, қадағалаудың заңды бекітілген шектеулері (мемлекеттік және корпоративті), жылжымайтын мүлік пен қаржылық алаяқтыққа тыйым салу шаралары, сонымен қатар, қоршаған ортаға, табиғатқа және табиғи ресурстарға қатысты мәселелер қамтылған экономикалық мүдделерді ұрпақ алдындағы жауапкершілікпен байланысты мәселелермен байланыстыру керек. Баламасы – сәтсіз неолибералды утопияның қазіргі және болашақ экономикалық, саяси және әлеуметтік салдарымен өмір сүру. ■

Хаттарды Антонино Палумбо <antonino.palumbo@unipa.it> мен Алан Скоттқа <ascott39@une.edu.au> жолдауға болады.

> Поланьи, қаржылық есеп және “ЖІӨ-нен тыс”

Гарет Дэйл, Брунелль Университеті, Лондон, Ұлыбритания



Карл Поланьи Венада, 1923.
Ұсынған: Кари Поланьи Левитт.

Людвиг фон Мизеспен социалистік қаржылық есеп туралы пікірталас барысында Карл Поланьи мынадай ескерту жасады: «Қаржылық есеп – экономикалық қызметтің сандық сипаттамасы. Мысалы, капиталистік экономика пайдаға негізделеді, сондықтан оны есептеу капиталдың әрбір элементінің пайдаға қатынасын көрсетеді. Әскер қызметі акша мен тауарларды жұмсау арқылы әскери-техникалық мақсаттарға жетумен шектеледі, сондықтан оған шолу жасау, белгілі бір мағынада, мақсаттың өзіне айналады: ол бақылауға мүмкіндік береді...». «Әрбір нақты есептеу жүйесінің міндеті», - деп, ол әрі қарай жалғастырады: «сәйкесінше, мынадай: есептеу бізге қарастырып отырған

нақты экономикалық қызмет туралы сұрақтарға сандық жауап ұсынуы қажет. Бұл сұрақтардың сипаты оларға жауап беретін қаржылық жүйенің сипатын анықтайды. Мысалы, капиталистік экономиканың практикалық мақсаты – пайда табу, яғни оның есептеу жүйесінің міндеті – оны сипаттайтын әрбір элементінің (капиталдың әртүрлі элементтері) пайда императивіне қатынасын сандық түрде ұсынатын шолу жасау».

Бұл үзіндіде Поланьи капиталистік экономиканың негізгі есептеу принципін анықтайды: ол пайда айналасында шоғырланады. Ол басқа типті үлгі ретінде әскердің есептеу үлгісін («басқаруға мүмкіндік береді») мысалға келтіреді.

>>

Мұны ірі есеп пікірталастары мен соғысаралық кезеңдегі трансформациялардан бастап қысқаша қарастырайық. Бірі – Поланьи қатысқан социалистік есептеу пікірталасы. Екіншісі – ұлттық табысты есептеу саласындағы революция. Мұның негізін салушы америкалық экономист-институционалист Уэсли Митчелл болды. Ол неоклассикалық теорияны «сапалық» деп сынап, экономикаға сандық бағалауды енгізуге шақырды. Экономика өлшенетін, яғни нақты нәрсеге негізделген болуы керек.

> Ұлттық табысты есептеудің пайда болуы

1920 жылы, Поланьидің социалистік есептеу пікірталасына араласқанға дейін, Митчелл Экономикалық Зерттеулердің Ұлттық Бюросын құрды. Ол деректерді жүйелі жинап, экономикаға қатаң статистикалық шолу жасауды әзірлеуге бағытталды. Митчелл ұлттық табыс туралы қазіргі заманғы тұжырымдаманы әзірлеушілердің бірі болды. Ол тұжырымдаманы дәлелдеу үшін нақты сандар ұсынды. Мұны әзірлегенде ол Филип Миrowsки «Бизнес циклінің тууы» кітабында «жаңа теориялық субъекті» деп атаған нәрсені қалыптастырды. Бұл еңбек экономикадағы макроэкономикалық төңкерістің басталуына жол ашты: Кейнстің жалпы теориясы мен Жалпы ішкі өнім (ЖІӨ). 1932 жылы АҚШ Конгресі Митчеллдің шәкірті Саймон Кузнецке ұлттық өндірісті өлшейтін әдістемені әзірлеуді тапсырды. Кузнец еңбегінің нәтижесі жалпы ұлттық өнім (ЖҰӨ) мен ЖІӨ-ге алып келді. 1930 жылдары Колин Кларк «жан басына шаққандағы нақты кірістің өсу қарқынын» жыл сайын статистикалық бағалау талпынысы, сондай-ақ, 1936 жылы Ян Тинберген жария еткен «бүкіл экономиканы сипаттауға ұмтылған алғашқы динамикалық үлгісін» жасады.

Алғашында ұлттық кірісті есептеу реформистік бағытта жүргізілді. Депрессия жылдарындағы азапты жеңілдету және үкіметтің нәтижелі араласуы үшін оған статистиктердің көмегі қажет еді. Кузнецтің алғашқы жобалары ұлттық есептеуді «тауарларды» қоса есептейтін, бірақ қару-жарак сияқты «жаман» шығындарды алып тастайтын әл-ауқат бағыты бойынша дамытуда болды. Бірақ Экономистер мен Қоғамдар еңбегінде Мэрион Фуркад атап өткендей, Кузнец пен Митчеллдің әл-ауқат бағытындағы жұмысы соғысты жоспарлау, содан кейін кейінгі макроэкономика мен сұранысты басқару жағдайында екінші орынға ысырылды. Кузнецтің өзі Сауда министрлігіне әзірлеуге көмектескен ұлттық кірістерді есептеу әдістерін қолдана отырып, Соғыс өндірісі басқармасында әскери жоспарлау саласында жұмыс істеді. Осы процесте әскери шығындар – қызметкерлер жалақысы және қару-жарак сатып алу – ЖІӨ-ге қосыла бастады, ал әлеуметтік төлемдер (әлеуметтік қамтамасыз ету және жұмыссыздық бойынша жәрдемақы) алынып тасталды.

> ЖІӨ проблемалары

Шын мәнінде, ЖІӨ заңды сипаттағы айырбастау құны тұрғысынан экономикалық белсенділікті білдіреді. Бұл коммодификацияны «марапаттайды»: ән айт, ЖІӨ көтерілмейді, бірақ сол әнді айтып, көрермендерінен билеттерді сатып алуды талап ет, сонда ол өседі. ЖІӨ – үй жұмысы, қолдан жасалған нәрселермен айналысу және ерікті жұмыс сынды – қолма-қол ақша ағымы болмайтын операцияларды ескермейді. Бұл гендер мен тапты ескермейді. Бұл табыстың үлестірілуін ескермейді. Айырбас құны сияқты, ол табиғатты да ескермейді. Ол ресурстардың сарқылуына байланысты ешқандай шегеру жасамай, табиғи ресурстарды сатуды табыс ретінде қарастырады. Ол сыртқы жағдайларды ескермейді.

ЖІӨ – айырбастау құны үстемдік ететін әлемге сәйкес келетін өлшем; бұл – шындығында, капиталистік өлшем бірлігі. Сөйтсе де, бұл – мемлекеттер әзірлеген, ең алдымен геосаяси бәсекелестікті назарға алатын «ұлттық экономиканы» сипаттауды қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын индекс. Бұл капиталистік мемлекеттердің табиғаты мен қажеттіліктерін көрсететін көрсеткіш. Бұлар тек пайдаға емес, капиталдың мүдделеріне сай қоғамды басқаруға да мүдделі. Сондықтан әскердің статистикалық сипаттамасының үлгілері, тіпті жоспарлауды қоса алғанда да, капиталистік бизнес үлгілеріне қарсы қойылмауы қажет.

Бүгін ЖІӨ-ге қатысты пікірталас бұрын-соңды болмағандай. Салдарының бірі – күн тәртібіндегі «ЖІӨ-нен тыс» мәселесі. Өсімге қатысты скептицизмге байланысты ма, әлде ЖІӨ өсуі баяуласа үкіметтердің легитимділігі де зардап шегеді деген алаңдаушылық па, саяси көшбасшылар, мемлекеттік қызметкерлер мен ғалымдар, олардың ішінде Николя Саркози, Джакинда Ардерн, Гус О’Доннелл, Джозеф Стиглиц және Амартия Сен балама өлшемдерді ұсынуда.

Поланьишіл саяси экономист Дэвид Ярроу пікірінше, «ЖІӨ-нен тыс» күн тәртібі «экономиканың» біртұтас, нарыққа бағдарланған объект ретіндегі Конституциясын тұрақсыздандыру әлеуетіне ие. Егер осы орын алса, көптен күткен оқиға болар еді. Алайда, ЖІӨ экономикалық жүйенің негізгі мақсатын анықтамайды. Бұл мақсат – бәсекелестікте капитал жинақтау, ал ол басшылыққа алатын есептеу принциптері – мемлекеттік емес, фирма деңгейіндегі принциптер. Егер жоғарыда келтірілген талдау дұрыс болса, өсім туралы сын капиталға қатысты әлсіз болып, тек ЖІӨ өлшеміне назар аударса, олар тереңде жатқан себебін жасырып қалады. ■

Хаттарды Гарет Дэйлге <Gareth.Dale@brunel.ac.uk> жолдауға болады.

> Ұлы трансформациялар:

Шығыс Азияны нарықтандыру

Джонатан Д. Лондон, Лейден университеті, Нидерланды



Карл Поланьи. Ұсынған: Кари Поланьи Левитт.

Әлемдік деңгейде нарықтар мен нарықтық қатынастардың кеңеюі мен тереңдеуі – заманымыздың ең елеулі трансформациялық дамулардың қатарында. Осы процестерге жалпылама, бірақ биязы неологизм – нарықтандыру арқылы сілтеме жасай аламыз. Соңғы онжылдықтарда бүкіл әлемде орын алған жеделдетілген нарықтандыру процестері нарық пен тұрғын үй экспансиясы диалектикасын, сонымен қатар элитарлық саяси акторлардың әлеуметтік өмірді нақты бір мүдделер мен инструменталды мақсаттарға бағындыру үшін жүргізіп

отырған әлеуметтік трансформацияның әдейі саяси стратегияларын көрсете отырып, «Поланьилік» сипатқа ие. Десек те, нарықтандырудың даму жолдары, оған қатысты жергілікті реакциялар, сондай-ақ оның әл-ауқат пен теңсіздікке әсері бүкіл әлемде және аймақта әр түрлі болды.

Жаһандық деңгейде нарықтандыру сауда мен инвестицияның ұлғаюымен, индустрияландыру және қаржыландырумен, капиталдың кең көлемде жинақталуымен және кірістер мен байлықтың біркелкі өспеуімен; сонымен бірге өсіп келе жатқан теңсіздікпен, кең таралған және ұдайы экономикалық тұрақсыздықпен және экологиялық апатпен байланысты болды. Осының барлығы әлемді қандай жағдайда болмасын капиталдың жинақталуына қауіпсіз етуге тырысатын капиталистік мүдделердің алуан түрлі жеңістерінің арқасында мүмкін болып, жеделдетіліп отырды. Бүкіл әлемде нарықтандыруды «нарықтық достық» қағидаттары аясында жасалған сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің таралуымен қатар жүрді. Бұл айтарлықтай жаһанданған, бірақ орташа кіріс пен тұтыну өссе де, экономикалық тұрақсыздық пен алдын алуға болатын жоқшылықты сақтау арқылы байлықты өндіре отырып, теңсіздікті арттыратын, саяси есептелмеген капиталдың жинақталу режимдерінің дамуына алып келді.

Жағдай соншалықты нашар ма? Нарықтандыру жағдайында әлем байи түсті, әсіресе – Жапония мен Индонезия арасындағы 20 не одан артық ел қамтылған Шығыс Азия. Шығыс Азиядағы нарықтандыру динамикасын және серпінді динамиканы зерттеу заманымыздың поланьише талдауына ықпал етуі мүмкін.

> Шығыс Азиядағы «қосарланған қозғалыс»

Нарықтандырудың соңғы отыз жылы туралы ең көп келтірілген мәліметтердің қатарында оның дамушы елдердегі, әсіресе Шығыс Азиядағы өмір сүру деңгейінің жақсаруына қосқан үлесі туралы ақпараттың болуы. Дүниежүзілік банктің мәліметтері бойынша, 1990 және

>>

2016 жылдар аралығында Шығыс Азиядағы «тым кедей» халықтың үлесі 60% жоғары көрсеткіштен 3% төмен межеге дейін ығысты. Алайда, бұл нақты сандарға Оңтүстік Шығыс Азиядағы салыстырмалы түрде кедей және баяу дамып келе жатқан нарықтық елдер кірмейді. Олар үстемдік етуші нарықтық мүдделерге қызмет ететін күмәнді төмен кедейлік деңгейі мен прогресс түсінігіне негізделген. Қалай болғанда да, аймақтық даму тенденциялары, қалай өзгерсе де, түсінікті. Шығыс Азияның жоғары, орташа және төменгі кірісі бар елдердегі нарықтық процестер өсу мен өмір сүру деңгейінің жақсаруына, солай бола тұра теңсіздік пен қанаудың кейде таңқаларлық деңгейде артуына ықпал етті. Бірақ Шығыс Азияны нарықтандыру поланьилік «қосарланған қозғалыстың» элементтерін де көрсетеді.

Қазіргі әлемдік нарықтың ерекше қызықты аспектісі оның кеңеюі неолибералдық идеялар мен мүдделер үстемдігіне ықпал еткенімен (Dale, 2012), оның ілгерілеуі бүкіл әлемдегі табысы орташа және төмен елдерде әлеуметтік саясаттың масштабы мен әркелкілігі тез артуымен қатар жүрді. Контр қозғалыстан гөрі, нарықтандыруға қатысқан кірісі орташа және төмен елдерде әлеуметтік саясаттың экспансиясы жаһанданған нарықтық қоғамдардың әлемдік деңгейде орналасуы мен институттануын немесе әр елге тән әлеуметтік қатынастық және институттық атрибуттармен қалыптасқан әлеуметтік тәртіптерді көрсетеді.

Шығыс Азияда аралас және біркелкі емес даму жағдайында орын ала отырып, бұл процестердің масштабы, ауқымы, жылдамдығы және локализацияланған күрделілігі ерекше және әсерлі болды. Бүкіл аймақта білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау жүйелерінің деңгейі мен ауқымы едәуір кеңейді, себебі осы салаларға мемлекеттік және жеке шығындар жұмсалды. Кореяда және Тайваньда, тіпті Таиландта, Индонезияда және Филиппинде де әлеуметтік саясаттың кеңеюі әлеуметтік қорғауды арттыруға уәде еткен элиталардың электораттық мотивацияларымен жеделдетілді. Салыстырмалы түрде дәулетті Сингапур, Гонконг және Малайзияда, демократиялық емес мемлекеттер, кедейлікті қажетсіз сақтап отыратын стратификацияланған тәсілдермен болса да, білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау қызметтерін керемет деңгейге көтерді. Қытайда және Вьетнамда номиналды түрде анти-капиталистік коммунистік партиялар айтарлықтай авторитарлық корпоративістік саяси шекарасы бар нарықтық қоғамдар құрды, олар өз халқының үлесін ұлғайту үшін, тіпті негізгі деңгейден тыс қызметте белгілі бір саяси және экономикалық капиталға қолжетімділікті талап етсе де, тез экономикалық өсімге және негізгі қызметтерге қол жеткізді. Тіпті Камбоджа, Лаос және Мьянманың өзі кеңейтілген әлеуметтік саясатты ұсынады.

> Қосарланған қозғалыстың сипаты туралы пікірталас

Әлемдік тұрғыдан алғанда кейбіреулері Шығыс Азиядағы даму шараларын поланьилік нағыз де-коммодификацияланған қосарланған қозғалыстың дәлелі ретінде қабылдайды, мұнда кеш индустрияландырылған Шығыс Азия елдерінің әлемдік нарыққа әлі де аяқталмаған интеграциясы ішкі және әлемдік нарықтардың қиыншылығынан қорғауға бағытталған мемлекеттің әлеуметтік саясаттымен қатар жүреді, сондай-ақ, олардың арасындағы бәсеке мен мобилдікке қол жеткізу үшін қажет мүмкіндіктердің дамуын қолдайды. Әлеуметтік саясаттың жаһандық кеңеюіне назар аударатырып, Харрис пен Скалли жаһандық Оңтүстіктегі коммодификация неолиберализмнен бұрын орын алды және неолиберализм нарықтардың рөлін дамыту мен кеңейтуге бағытталғанына қарамастан, оның ілгерілеуі «саяси экономикалық өмірдің де-коммодификациялануы бағытында айтарлықтай жылжуды» болдырмады. Шынында да, Халықаралық Еңбек Ұйымы 2019 жылға қарай әлем халқының жартысына жуығы кем дегенде бір әлеуметтік төлеммен қамтылатынын хабарлайды.

Шығыс Азиядағы әлеуметтік саясаттың дамуын сынаушылар айқын неолибералды, тіпті жалған поланьилік қосарланған қозғалысты байқап отыр, ол шығыс азиялықтарды универсализм мен де-коммодификация қағидаларынан алыстатып, нарықтық жинақталуды демократиялық механизмдерден нарықтағы капиталдың жинақталуын оқшаулайтын басқарушылық және нарықтық азаматтық ұстанымдарына алып келеді. Бұл неолибералдық қосарланған қозғалыс әлеуметтік қамсыздандыру нарықта және нарық арқылы дұрыс дамиды және анықталады, тіпті әлеуметтік саясаттың өзі нарықтық экономиканың логикасын ілгерілетеді деген болжамды көрсетеді. Өсіп жатқан теңсіздік және аймақта байқалатын қызметтердің кең коммерциализациясы мен стратификациясы бұл пікірді қолдайды. Шынында да, аймақтағы мемлекеттік әлеуметтік саясат капиталды жинақтаудың негізгі алаңына айналды.

Сөйтіп, өмір сүру деңгейінің айтарлықтай, бірақ біркелкі артуымен, элитаның мүдделеріне қызмет ету үшін жасалып, сақталып отырған нарықтық қоғамдарға халықтың бағыныштылығымен, сонымен бірге әлеуметтік саясаттың ауқымы мен аясындағы өсіп келе жатқан кірістер және елеулі экспансиялармен байланысты болған Шығыс Азиядағы ұлы трансформациямен не істеуіміз керек?

> Әлеуметтік тәртіп аясында институттану

Шығыс Азияның трансформациясының маңыздылығын түсіну үшін Шығыс Азия елдерінің әлеуметтік тәртіптерін талдап, мұндағы әлеуметтік қатынастық және институттық атрибуттардың динамикаларын терең зерттеу қажет. Тек Корея мен

>>

Тайваньда біз нарықты Поланьидің тұжырымдары бойынша қатаң түрде қайта енгізуге қатысты тіпті тұспалдаушылық әрекетін байқаймыз. Қытай мен Вьетнамда қосарланған қозғалыс нарықтық-лениндік бұйрықтардың шоғырлануы аясында жүрді. Бүкіл аймақ бойынша, әлеуметтік саясат нарықтар сынды басым күш қатынастарымен дамып бағдарланған. Егер ауқымды тенденция байқалса, онда ол Шығыс Азиялық элиталар, әлсіз әмбебаптық әлеуметтік саясатпен сипатталатын, әлеуметтік тәртіптер мен нарықтық азаматтықтың түрін енгізді дегенді білдіреді, бұл саясат қызметтердің базалық

деңгейіне қолжетімділікті тиісті түрде қамтамасыз етеді немесе етпейді, бірақ нақты төлем принциптері мен саяси байланыстарға қарай базалық деңгейден жоғары қызметтерге қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Шығыс Азияда өмір сүру деңгейінің, жаппай тұтынудың және консьюмеризмнің едәуір жақсаруы, сонымен қатар өсіп келе жатқан теңсіздік, экономикалық тұрақсыздық және экологиялық апат жағдайында әлеуметтік саясаттың дамуы Поланьидің болжағанындай және басқалар әлі де күтетініндей емес, бірақ үлкен трансформацияны білдіреді. ■

Хаттарды Джонатан Лондонға <j.d.london@hum.leidenuniv.nl> жолдауға болады.

> Халық ауысуы

алдындағы үрей

Аттила Мелег, Будапештегі Корвинус университеті Карл Поланьи орталығының негізін салушы директоры, Венгрия

Шығыс Еуропа халқы өзінің біртуар азаматы Карл Поланьидің идеяларын түсіну процесінен өтіп жатыр. Поланьи Ұлы трансформацияны жазу арқылы не себепті нарықтық утопия «өңделмеген фикциялар» жүйесінен «қорғаныс қабатын» қайта қалпына келтіру қажеттілігін туындататынын түсіндірді, сонымен қатар 1945 жылы Поланьи Шығыс Еуропада еркін нарықты енгізу ессіз ұлтшылдыққа алып келетіндігін айтты:

“Егер Атлантикалық Хартия расымен де бізді жойылып кеткен кеңістікте еркін нарықты қайта қалпына келтіруге міндеттесе, онда бізге ол жойылып кеткен аймақтарда ессіз ұлтшылдықты қайта енгізуге жол ашлатын еді.”

(Поланьи, “Әмбебап капитализм немесе аймақтық жоспарлау”)

Крис Ханн өзінің соңғы еңбегі *Repatriating Polanyi* [Поланьидің Репатриациясында] Еуропадағы ұлтшылдықты артуының терең себептерінің бірі «жаһандық неолибералдық тәртіп» институттары екендігін айтады. Осы қысқа мақалада жаһандық неолибералдық дәуірдегі демографиялық өзгерістер Еуропа, Шығыс Еуропа және (тестілік мысал ретінде), өте маңызды, венгр қоғамын жаһандық нарық утопиясынан қорғаныс іздеуге итермеледі деп сендіремін. Бұл қоғамдар аймақтардан көршілес елдерге қуылған мигранттардың қатыссыз немесе кетіп жатқан ішкі халықты алмастыруында капитал мүддесі бар екендігін жоққа шығарады.

> Жаһандық деңгейдегі факторлар

1980-ші жылдардың соңынан бастап неолибералдық дәуірде жаһандық демографиялық процестерде көші-қон мәселесін алдыңғы кезеңдерге қарағанда күрделірек ете түсетін бірқатар маңызды өзгерістер болды.

- Жаһандану кезеңінде көші-қон халық санына қарағанда, өте жылдам қарқынмен өсті, ал бала туу үнемі төмендеп отырды, бұл халықтың қартаюуына алып келді.

Сонымен бірге кісі өлімі деңгейінің төмендеуі алдыңғы кезеңдермен салыстырғанда баяу жүрді.

- Көші-қонның өсуінде бүкіл әлемде қоғамның ірі сегменттерінің негізін жойған капиталдың жоғары мобилдігі маңызды рөл атқарады. Экономиканы қайта құрылымдау және жұмыс орындарының жабылуы нәтижесінде күнделікті жұмыс пен отбасылық өмір әлдеқайда тұрақсыз бола түсті және қорғаныссыздық сезімі күшейді.

- Көші-қон туралы пікірталастар (көші-қонды бақылау және қолдаудың тарихи мұраға берілген дискурстық үлгісіне негізделген) әлеуметтік жәрдемақылар мен еңбек саласындағы бәсекелестіктің артуына байланысты неғұрлым қатаң бола түсті. Бұл мынадай өзара байланысты факторларға тәуелді: бала туудың төмендеуінен дүниежүзі халқының тұрақты қартаюуы; жасқа қатысты топтарда жұмыс күшіне қатысу деңгейінің айтарлықтай төмендеуі; еңбек жалақысын болмашы көтеру Батыстың мәртебелі топтары өкілдеріне жалақының көтерілгендігін мүлде сездірмеді; 1990-шы жылдардың ортасынан басталған және Bögöcz 2016 жылы «Global Inequality in Redistribution» [«Қайта бөлудегі жаһандық теңсіздік»] құжатында түсіндірген қайта бөлудің жалпы тоқырауы.

> Еуропалық деңгейдегі факторлар

Еуропада бала туудың әлемдік орташа деңгеймен салыстырғанда тарихи қалыптасқан төмен деңгейі және әлемдік орташа деңгейден жоғары қартаюудың жалғасуы, құрлықтағы кісі өлімінің азаюы Еуропаның не себепті көші-қон мәселесіне қатысты аса алаңдаушылық білдіретіндігін түсіндіретін демографиялық факторлардың маңыздылығын көрсетеді. Бұл көші-қонның парадокстық бәсекелестігімен және неолибералдық дәуірдегі әлеуметтік қамтамасыз етумен байланысты. Капитал мобилдігі өте жоғары (тікелей шетелдік инвестициялардың таза ағыны әлемдік деңгейден жоғары). Еуропаның күрделі интеграцияланған социалистік экономикалары осы мобилдік үшін жабылуы, нәтижесінде ол жұмыс орындарынан жаппай айырылуға және халықтың ашық, бірақ біркелкі дамымаған кеңістіктегі жаппай мобилдігіне алып келді. Сонымен қатар, жан

>>

басына шаққандағы көрсеткішке сәйкес экономикалық әл-ауқат тұрғысынан артықшылыққа ие аймақ ретіндегі Еуропада жаһандық деңгейден жоғары көші-қон сақталып отырғанымен, оның жаһандық мәнінің құлдырап жатқанын көруге болады.

> **Аймақтық және жергілікті деңгейдегі факторлар**

Егер ұзақ мерзімді жұмыспен қамтуды салыстырсақ, 1980 жылдарда Шығыс Еуропа елдеріндегі жұмыс күші бойынша көрсеткіштер аса жоғары – жаһандық деңгейден айтарлықтай жоғары – деңгейден 1990-2000 жылдары еуропалық деңгейден және тіпті жаһандық деңгейден төмен түсті, ал 2010 жылы қайта өрлеу болды. Осылайша, осы қоғамдарға үлкен ықпалын тигізген «жоғалған» жиырма жыл.

Есеңгіреген экономиканың осы кезеңіне жаппай бытыраңқылық және түп тамырымен құрып кету тән. Ханның айтуынша, бұл макро деңгейдегі радикалды өзгерістердің ережелер мен «нарықтық қоғамға» өтудегі адамдардың күнделікті тәжірибесіне карама-қайшы жүргендігін білдірді. Иммиграция туралы айтатын болсақ, негізгі ерекшелік – Венгрияны қоса алғанда, бүкіл аймақ батысқа адамдардың үлкен ағымын жібереді, бірақ тек жақын аймақтардан ғана мигранттар қабылдайды; одан басқа байланыстар сирек және біршама нашар. БҰҰ мәліметтері бойынша 2015 жылы Шығыс Еуропаның шағын мемлекеттерінде туылғандардың 25 миллионнан астамы өздерінің туған жерінде тұрмаған; сонымен қатар, негізінен жақын аймақтардан келген иммигранттардың жалпы саны 10 миллионнан асады, бұл халықтың аса ауқымды шығындарын көрсетеді.


Батыс елдерімен тең емес алмасудың салдарлары (капитал және жұмыс күшінің қозғалысы) – жұмыс күші

мен дағдыларды жоғалту; жұмыс күшіне сұраныс пен жұмыс күшінің ұсынысы арасындағы сәйкессіздіктің өсуі; әлеуметтік және салықтық төлемдерден айырылу (әсіресе қартаюдың жалпы процесі аясында) – ұлттық мемлекет және оның әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесі тұрғысынан күрделі мәселе. Халықтың тұрақты өсуіндегі жаһандық және еуропалық үдеріске қарағанда, Шығыс Еуропаның кейбір елдерінде олардың әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесіндегі шығындардың қысқаруына байланысты демографиялық қызметтің жүзеге аспау қаупі бар деп болжауға болады. Бұл Шығыс Еуропаның кейбір тұрғындарының халықты алмастыруға не себепті үреймен қарайтындығын түсіндіреді.

Біз бизнес пен капитал «мигранттардың жұмыс күшін жалған алмастыруға» мүдделі екендігін сеніммен айта аламыз. Неолибералдық аясында олар жұмыс күшін қуана елден сыртқа шығарады және оларды жіберетін аймақтарға абстрактілі жұмыс күшіне тең дәрежеде «импорттау» мүмкіндігін ұсынады. Бұдан жергілікті қауымдастықтар мен кейбір ұлтшыл үкіметтер демографиялық осалдықтың апатты нұсқасы деп бас тартады. Бұл қанша карама-қайшы жағдай болса да, неолиберализмнің соңғы 30 жылында болған шиеленістер мен соғыстар нәтижесінде пайда болған босқындар дағдарысы жағдайында осындай үрей кейде тиімді. Бірақ осындай шиеленіскен қарым-қатынастар және карама-қайшылықтарға ешқандай ұлттық және ұлтшылдық қарсылық болуы мүмкін емес. Тек жаһандық қосарлы қозғалыс қана ұлттық немесе жергілікті «демографиялық органын» механикалық, авторитарлық қорғанысының орнына қазіргі шиеленістен шығуды көрсете алатын жауапты қалыптастыра алады. Неолибералдық тәртіптен шығу – бүкіл әлемдегі мигранттар мен көші-қон процесін бастан өткізбегендердің ар-ожданын бір уақытта қамтамасыз етудің жалғыз әдісі болуы мүмкін. ■

Хаттарды Атила Мелегке <melegh@demografia.hu> жолдауға болады.

Еуропадан тыс кедей елдерден мигранттар санын азайту немесе түбегейлі бас тарту, Еуропалық Әлеуметтік Зерттеу, 2014 (босқындар дағдарысы деп аталған кезеңге дейін)



Дереккөз: European Social Survey (ESS), https://www.europeansocialsurvey.org/download.html?file=ESS7e02_2&y=2014, раунд 2014/2015, 2019 жылдың 15 қазанында жүктелген.

> Популизмге жол

Крис Ханн, Макс Планк атындағы әлеуметтік антропология институты, Германия



Мигранттар Будапештегі Келети темір жол вокзалында, Венгрия, 2015 жыл. Ұсынған: Крис Ханн.

Карл Поланьидің Ұлы трансформациясы, 1944 жылы Лондонда одан бір ай бұрын наурызда жарияланған Фридрих Хайектің *The Road to Serfdom* [Құлдыққа жол] - екеуі де кәсіби әлеуметтану және әлеуметтік ғылымдарға тән шығармалар болып саналмайды. Бұлар кең аудиторияға бағытталған ғалымдардың танымал кітаптары. Хайектің кітабы жылдам өз мақсатына жеткенімен (*Reader's Digest* америкалық журналында жарияланған қысқартылған нұсқасының көмегімен), одан ұзақ мәтіндегі Поланьидің еңбегі аз көлемде сатылды. Поланьи да, Хайек те аустриялық экономика ғылымының өкілдері болғанымен, олардың жазу стилдері мен мәтіндерінің мазмұнында айырмашылықтар бар. Поланьи демократиялық социализмді жақтау дәйектерін көрсету үшін британдық экономиканың тарихы мен отаршылдық этнографияны терең зерттейді. Хайектің

>>

жұмысы абстрактілі және онда өткір көзқарастар басым. Ол фашизмге себеп болғандығы үшін Поланьи айыптаған либерализмнің экономикалық доктриналарын жеке бостандық пен экономикалық тиімділікке жол ретінде қарастырады. Хайектің пікірінше, социалистік жоспарлау тоталитаризмге апарып соқтырады. Ол мемлекет мүлдем аз араласуы негізіндегі еркін нарықтарды ұсынады. Оның ғылымға қосқан осы үлесі – 1944 жылдардағы жарияланымдардың алдында болған аса күрделі емес зияткерлік тарихты, бірақ 75 жылдан кейінгі әлемдік қауымдастықтың қазіргі жағдайына алып келген қарама-қайшы экономикалық философияның орындылығын зерттеуі.

> Ендірілген либерализмнің өрлеуі мен құлдар ауы

Соғыстан кейінгі алғашқы онжылдық экономиканың қоғам «ішіне енуі» (Ұлы трансформациядағы таныс метафораны қолданатын болсақ) жүзеге асқан дәуір болып саналады. Поланьидің «қосарланған қозғалысындағы» шиеленіс (бір жағынан, нарық ұстанымдарының енуі, екінші жағынан – қоғамның «өзін-өзі қорғауы») жұмыспен қамтудың жоғары деңгейін және жалпыға ортақ игілікті көздейтін мемлекеттерді нығайтуды сақтау мақсаты негізінде экономиканы басқарудың кейінгі ұстанымдары арқылы басылады. Бұл ымыраларды социалист Карл Поланьи де, тіпті Скандинавияның күшті әл-ауқат мемлекеттері де мойындамады. Дегенмен, Бреттон-Вудста келісілген осы кезеңдегі аралас экономика және қаржылық жүйе либералдық демократияны өркендетуге мүмкіндік берді.

Бұл оқиғаларды 1970 жылдардағы Бреттон-Вудс келісімінің күйреуі және көмірсутегі саясаты бұзды. 1980 жылдарға қарай президент Рейган және премьер-министр Тэтчер (Хайекті өзінің ұстазы ретінде дәлелдеген) ендірілген либерализмнің прагматикалық теңгеріміне шабуыл жасады және оның орнына еркін нарық артықшылықтарын дұрыс деп жариялады. Бүкіл әлемде, Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін, неолибералдық догмалар кеңінен таралды. Орталықтандырылған жоспарлау күйрегеннен кейін түбегейлі жекешелендіру және нарықтану қатты ығысуға алып келді. Постсоциалистік шығыс еуропалық мемлекеттердің көбі ақыр аяғында Еуропалық Одаққа қабылданды. Шығыстың жаңа элитасы Маастрихт келісімінің социалистік бөлімін жою үшін Батыстың бұрынғы элитасына қосылды. Еуроны қабылдау негізінде нарық ұстанымдарының үстемдігінің орнауы капиталдың және жұмыс күшінің жоғары мобилдігін тудырды, бұл «социалистік Еуропаның» бұрынғы идеалдарының шетке ысырылуына жол ашты. 2007 жылы басталған халықаралық қаржы дағдарысына қатаң үнемдеу реакциясы капитализмнің қарама-қайшылықтарын тағы да көрсетті.

> Институтталған нарық және популистік саясат

Сақтау немесе тұтыну, жоғары еңбек жалақысы бар жұмыс іздеу мақсатында көшу немесе өзінің Heimat-ында бар жұмысты істеу туралы шешім болсын, экономикалық

өмір үнемі әлеуметтік-мәдени және институттық құрылымданған контекстте қалыптасады. Кез келген ұғым сөзбе-сөз түсіндірілмеуі тиіс: Поланьи «институттанған процесс» деп атаған ұғымды мұқият зерттеуіміз қажет. Мұқият қарастырғанда, еркін нарықтар режимінің орнауы меншік құқығын және жалпы капиталистердің мүдделерін қорғайтын күшті мемлекеттің орнауына тәуелді болатындығы анықталады. Егер Поланьи еңбегін қазір жазғанда, трансұлттық корпорациялардың салық төлеуден барынша қашып, тек өзінің акционерлеріне ғана есеп бере отырып, тіпті күшті мемлекеттердің құзіреттіліктерін ысырып тастағандығына назар аударатын еді деп болжауға болады. Ол нео-патримониялық тәртіптің, әсіресе оның туған жері Венгриядағы, өз халқының мүддесін қорғау және прагматикалық жоспарлау мақсатында емес, тек байланыстарды нығайту үшін институттарды манипуляциялайтынын (Еропалық Одақ механизмдері сияқты), квазимонополистік билеуші партияның ішіндегі клиентке тәуелділікті көрсе, есенгіреп қалар еді.


Экономиканың жаңа институттануы бүкіл әлемдегі «популистік» саясаттың қауіп-қатерлі өсуімен қатар жүзеге асуда. Венгриядағы Орбан немесе АҚШ-тағы Трамп сияқты көшбасшылар капитализм мен демократияның үйлесімділігі туралы тұжырымдарға күмән келтіреді. Осылай болатындығын Карл Поланьи қосарланған қозғалыстың шиеленісін талдау арқылы алдын-ала болжағандай. 1960 жылдардың ортасынан бастап «іріктірілген социализм» бойынша өте табысты эксперименттер жүргізген Венгрия сияқты қоғам кенеттен жаһандық араласпауға ілесіп, жаңа жаһандық нарықта жойылу қаупі төніп тұрған құндылықтарды қайта қалпына келтіру арқылы өзін қорғауға ұмтылды. Бұл іс жүзінде этноұлттық көңіл-күйді қоздыру жолымен жаңа таптық айырмашылықтарды бүркемелеу арқылы жүзеге асты. Рома және еврейлер ел ішіндегі танымал жау болған уақытта, Брюссель (неолибералдық ЕО орталығы) Мәскеуді (орталықтандырылған жоспарлау жүйесінің ескі орталығы) негізгі жауға айналдырды. Кейбір жерлер ұқсаспауы мүмкін, бірақ популистік байланысты Поланьи еуропалық фашизммен ұқсастушы еді.

Ұлы трансформация – *The Road to Serfdom* антисоциалистік және тартымсыз догмаларын талдау. Екі кітап та бірнеше рет шығарылды және аударылды, бірақ Поланьидің ойлары ешқашан *Reader's Digest* форматында қысқартылмады. Хайектің кітабының сатылымы қашан да Поланьи кітабының сатылымынан жоғары болды және әлі де солай. Ең алдымен, қырғи-қабақ соғыс аяқталғаннан кейін 30 жыл өткен соң ағылшын-саксон елдерінде социализмді бұзу әдетінен айырылу аса үлкен қиындықтарға тап болды. Карл Поланьи бойынша, еркін нарықтардың бей-берекеттігі – жеке бостандықтың ең жақсы кепілі. Қазіргі уақыттағы аса маңызды мәселе – Хайек идеологиясының қазіргі дағдарысын кейінгі либерализмді одан әрі жандандыру арқылы шешу мүмкін бе, әлде бұл капитализм үшін шын мәнінде «end-game» бе? Оптимист Поланьи соңғысына үміттенеді. ■

Хаттарды Крис Ханнга <hann@eth.mpg.de> жолдауға болады.

> Карл Поланьидің өшпес мұрасы

Андреас Нови, Вена экономика және бизнес университеті, Аустрия



Карл Поланьы 1964 жылы.

Ұсынған: Кари Поланьы Левитт.

нарықтық қоғамдарды зерттеу үшін пайдаланды, ал Поланьы болса, жалпы нарықтық қоғамдардың өміршеңдігіне күмән келтірді. Поланьы бойынша, нарықтық қоғамдардағы әлеуметтік тұтастықтың болмауы – функциялық тәуелсіздіктің, саяси мүдделер мен қоғамдық мәселелерден экономикалық мотивтер мен мүдделердің асып түсуінің салдары.

> Поланьидің күңгірт кеңістікті талдауы

Карл Поланьы кооперациялық қозғалыстың батыл жақтаушысы және оның бұрынғы жақтаушысы Роберт Оуэннің табынушысы болды. Антижаһандық қозғалыстар, әлеуметтік экономика және ынтымақтастық экономикасы сияқты барлық заманауи бұқаралық қозғалыстар азаматтардың, шаруалар мен жұмысшылардың жеке өмірі мен қоғамын қалыптастырулары үшін мүмкіндіктер беруді көздейді. Олар өзін-өзі басқару және бірлескен басқару формаларына тәжірибе жасап, адамдар мен қауымдардың «экономиканы қоғамға қайта қондыру» үшін өз өмірін ортақ құндылықтар және материалдық қажеттіліктер мен қалаулардың минималды деңгейімен басқару қабілеті бар екендігіне сенді. Сондықтан олар мақсаты экономиканы өз орнына қондырып, демократияны саяси сала шегінен тыс кеңейту болып табылатын әлеуметтік-экономикалық демократияланудың жүзеге асуына ықпал етті. Қаржыландыру, өндіріс және күтім жасауды ұжымдық шешім қабылдаудан, қоғамдық жауапкершіліктен және бірлесіп басқарудан оқшаулауға келмейді, себебі олар аса маңызды рөл атқарады. Азаматтық қоғамның осындай қозғалыстарының көбі, соңғы уақыттағы өтпелі және қоғамдық қозғалыстар әлеуметтік инновацияларды төменнен жоғарыға жылжытады. Бірақ олар өздерінің жобасы немесе маңайынан тыс институттық және құрылымдық өзгерістерді жасай алмайтын жергілікті тұрғындардың құрған тұзақтарының жиі құрбаны болады.

1964 жылы қайтыс болған соң, Карл Поланьы экономиканы «тіршілік ету тәсілдерін ұйымдастыру» мәтінінде түсіндірудің нағыз жақтаушысы бола отырып, негізінен антропологияда танымал болды. Оған ғылымдардың кең шоғырының ішінен әлеуметтануға 1970 жылдары жол ашылды. Экономика саласында экономикалық дамудағы институттардың маңыздылығын атап көрсеткені үшін Нобель сыйлығын алған Дуглас Норт жұмысы арқылы жүзеге асты. Ол Поланьиге қарағанда, нарықты, жеке меншікті және келісімшарттарды зерттеуге көбірек тоқталды. Әлеуметтануда Марк Грановеттер Поланьы үшін маңызды рөл ойнаған тамырлану (embeddedness) концепциясын танымал етті, бірақ оны нақты нарық пен

>>

Бұл Карл Поланьи шығармашылығының еленбейтін болса да, маңызды аспектісіне, яғни оның күнгірт кеңістікті талдауына алып келеді. Поланьи жиі айтатын өзін-өзі реттейтін нарықты сынау – барлық нарық түрлерінен бас тартуды білдірмейді. Бұл барлық, тіпті сатылымға шығаруға арналмаған заттарды сатуға болатын бірыңғай өзара байланысты нарықтардың, «Бір Үлкен Нарықтардың» пайда болуын сынау. 1930 жылдарға дейін «Бір Үлкен Нарық»-ты қолдаған негізгі институт – алтын стандарт. Бұл жер шарындағы қызметтің барлық әлеуметтік-экономикалық түрлерін салыстырылатындай және сатылатындай етті. Поланьишілердің көзқарасы бойынша осы экономикалық либерализмнің утопиясы – антиутопия. XX ғасырдың соңында «жаһандану» термині пайда болғанға дейін Поланьи «эмбебап капитализм» және «машиналар ғасырында» технологияларды бақылаусыз таратудың қатаң сыншысы болды.

> Неолиберализм және көпжоспарлы баламалардың қажеттілігі

Оның әдейі жоспарланған «еркін нарықтық экономиканың» апатты әлеуметтік және экологиялық салдары туралы сыны тек 2000 жылы дотком көпіршіктерінің жарылысы және 2008-2009 жылдардағы қаржы дағдарысынан кейін ғана заманауи қоғамдардың өмір коммодификациясына қалай жауап беретіндігі туралы сыни ойлау ретінде қабылданды. Жоспарлы неолиберализмнің төрт онжылдығы және өмірдің барлық аспектілерін экономизациялау пәнаралық және транспәнаралық зерттеулер көлемінің артуына алып келді. Әлеуметтануда Майкл Буравой Поланьидің концепциясын табиғаттың, білімнің және мәліметтердің ағымдағы коммодификациясын түсіну үшін пайдаланды. Жынысы бойынша еңбек бөлінісінен бастап білім беру мен денсаулық сақтау маркетингісіне дейінгі күнделікті өмірге неолиберализмнің ықпалы қаржылық нарықтардың күннен күнге басым бола түсуімен күшейіп келеді.

Академиялық, саяси салаларды қамтыған дүниежүзілік неолиберализмге қарсылық жағдайында Поланьидің ойлары нарықтық логика басым болатын әлемді түсінуге және өзгертуге мүдделі адамдар үшін шабыт көзі болды. Дэни Родрик гипержаһандану, ал Кари Поланьи Левитт – «ұлы финаншиализация» “great financialization” деп атаған неолибералдық жаһандануды көптеген атакты ғалымдар сынауда. Вольфганг Стриктің сендіруінше, заманауи әлемдік экономикалық тәртіп демократияға, әлеуметтік қамтамасыз ету тәртібіне және ұлттық егемендікке қауіп төндіреді. Баламалар экономикалық интеграцияның қарапайым формаларынан, ұлттық саяси кеңістіктің кеңеюінен және демократияны қайтадан қарастырудан көрініс табуы мүмкін.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Сауда және даму жөніндегі конференциясы (БҰҰСДК) өзінің қатаң үнемдеуді жеңуге, қаржылық нарықтарды қайта енгізуге және экономикалық қуатты, әсіресе қаржылық капитал мен сандық технологиялардың, платформалардың қуатын шектеуге мүмкіндік беретін жаңа жаһандық келісім жасау туралы үндеуінде осы мәселелерді көтерді. Бұл Грановеттердің елеулі жұмысынан кейін макроэкономикалық динамиканы ескермеу үрдісі орын алған экономикалық әлеуметтануға ортодокстық емес экономистердің қосқан маңызды үлесі болуы мүмкін. Екінші жағынан, әлеуметтану агентті, билікті, мәтінді және жүйелік интеграцияны зерттеу арқылы Поланьидің экономиканы «тіршілік ету тәсілдерін ұйымдастыру» деген анықтамасын байыта түседі. Бұл кіріктірілген және бірыңғай емес, әртүрлі капитализмді өндіретін нақты институттардан тұратын экономиканың түбегейлі түсінігіне негіз болар еді.

Менің түсінуімше, гипержаһанданудың баламасы неғұрлым контекстуализацияланған және экономикалық тәртіптің көлеміне сезімтал демократияның нығаюынан көрініс табады. Поланьи ұлттықтан жоғары тұратын аймақтық жоспарлаудың маңыздылығын атап өтті; географтар бізге маңызды аспектілердегі тіршілік етуге керек қаржы аудандар, қалалар және аймақтар бойынша құрылымданғандығын ескертеді. Саяси экономия да демократиялық жауапкершіліктің, сонымен қатар әлеуметтік қамтамасыз етудің негізінен ұлттық көлемде ұйымдастырылуын талап ететіндігінен қайтпайды. Демократиялық, тұрақты және ынтымақтастық негізінде басқару көп деңгейлі перспективаны талап етеді.

Соңында, ең бастапқы деңгейде Поланьи мұрасы негізгі институттары нарық, жеке меншік және бәсекелестік болатын қалыптасқан нарықтық қоғамға өркениеттік баламасынан шабыттандыруға негізделген. Поланьи бойынша, капиталистік нарықтық қоғамдар экономикалық прогресс және әлеуметтік-мәдени қауіпсіздікті жақсарту және қамтамасыз етудің диалектикасын сүйемелдейді. Ақыр соңында, тек экономикалық дамуға бағытталған өркениеттер 1930 жылдары либералды өркениет сияқты құлайды. Планеталардың шекарасынан асып кеткен экологиялық апаттар осы құбылыстардың жаңа өзектілігін көрсетеді. Бай ресурстардың иелерін кедейлерден, Жаһандық Солтүстікті және Жаһандық Оңтүстікті бөле отырып, биофизикалық шекаралар әлеуметтік шекараларға трансформацияланады. Оқшаулау мен теңсіздіктің өсуіне қарай авторитаризм және реакциялық мәдени саясат таралуы мүмкін. Бірақ оқшаулау мен теңсіздікке қарсы күрес тиесілілік, қауіпсіздік және тиесілі болу сезімін қалпына келтіруге, сондай-ақ өміршең климатты сақтауға бағытталған іс-қимылды күшейтуі мүмкін. Поланьидан кейін жеке еркіндік пен жауапкершілік кез-келген детерминацияланған болжамдарға кедергі келтіретін болашақтың бірқатар ықтимал нұсқаларына жол ашады. ■

Хаттарды Андреас Новига <Andreas.Novig@wu.ac.at> жолдауға болады.

> Энн Барден Денис: ризашылық білдіру

Линда Кристиансен-Раффман, Әулие Мария университеті, **Анджела Майлс**, Торонто университеті, және **Мэрилин Портер**, Мемориал университеті, Канада



Энн Барден Денис. Ұсынған: USC Канада.

2019 жыл 5 ақпан күні Энн Барден кенеттен жүрегі тоқтап қайтыс болды. Ол небәрі 73 жаста еді. Энн өз өмірінің басым бөлігін әлеуметтануға, пәнаралық зерттеулерге, қоғамдағы теңдікке және айырмашылықтар арасындағы сыйлы қатынастарға арнады. Оның қамқорлығын, мейірімін, сондай-ақ онымен бірге жасаған аналитикалық және басқару істерді, білімі мен сенімін сағынған көптеген әріптестері, студенттері, достары мен тәлімгерлері артында қалды.

Соңғы кезде Энн атақты нағашы әулетінің құрметіне Барден деген екінші атын пайдалана бастаған еді. Ол әжесі мен анасынан мұраға қалған үлкен патриархаттық француз-канадалық отбасылары тәжірибесіндегі даналық пен құнды кеңестерді қатты бағалайтын. Осы әйелдерден Энн ерлер әлеміндегі әйел ретінде өз тәуелсіздігін бекіту үшін білім мен жұмыстың маңызын үйренді. Бұл мәселелер жеке және әлеуметтік билікпен қалай байланысты екенін түсіну, Энннің жеке және әлеуметтанулық көшбасшы

рөліне күш пен сенімділік берді. Сондай-ақ кәсіби мансабы жолында феминист ретінде дамып, өзгеруіне де көмектесті. Бұл Энннің көпшіліктің алдында болуына және оның ғылым мен қоғамдық белсенділігіне тікелей ықпал етті, сонымен қатар ол тәуелсіз әйел ретінде әлеуметтік-белсенді және қамқорлыққа толы өмір сүрді.

Энннің қайтыс болуы, оның тарапынан қолдау тапқан және оның ықпалымен қалыптасқан немесе қызметі жанданған көптеген ұйымдардың қалтасын қағады. Ол Канаданың әлеуметтану және антропология қауымдастығына (CSAA), қазір CSA, және оның феминистік әлеуметтануы ғылыми-зерттеу кластеріне; халықаралық әлеуметтанушылар қауымдастығына (ХӘК) және оның екі зерттеу комитетіне, ЗК05 (сол кезде - этникалық, нәсілдік және ұлттаралық қатынастар, қазір нәсілдік, ұлтшылдық, этникалық бірегейлік және этникалық тек) және ЗК32 (сол кезде – «Қоғамдағы әйелдер», қазір – «Әйелдер, гендер және қоғам); және

>>

Әйелдердің жағдайын жақсарту жөніндегі Канада ғылыми-зерттеу институтының (CRIA-ICREF), әсіресе соңғы жылдары, дамуына әкімшілік және ғылыми зор үлес қосты.

Осы қауымдастықтар мен комитеттердің әрқайсысында, сондай-ақ өзі қызмет атқарған қостілді Оттава университетінде Энн ұйымдық тиімділігі мен тұрақты әлеуметтік, академиялық және практикалық маңыздылығын қамтамасыз ету мақсатында негізгі басшылық лауазымдарда (жиі президент ретінде) және қосалқы лауазымдарда үздіксіз жұмыс істеді. Ол сондай-ақ әлеуметтік әділеттіліктің, ашықтықтың, оларға қол жеткізу мен олардың арасындағы инклюзивтіліктің негізгі қағидаттарын қорғау және нығайту бағытында жұмыс істеді. Сонымен қатар, жазушы және редактор ретінде өз дағдыларын кітаптар, журналдар, арнайы басылымдар мен ақпараттық бюллетеньдерге өз үлесін қосу үшін пайдаланды. Уақыт өте келе ол журналдардың арнайы топтамаларына және Канаданың ғылыми жарияланымдарына кеңес беретін болды. Канадалық және халықаралық Әлеуметтану және секцияаралық феминистік зерттеу қарым-қатынастары оның феминистік көшбасшылығының және әкімшілік шеберлігінің арқасында айтарлықтай жеңіске жетті.

Энн сондай-ақ, CSAA-ның канадалық француз тілді баламасы ACSALF-тің байырғы мүшесі, Канада этникалық зерттеулер қауымдастығының (CESA-SCEE) және оның «Әйелдер және гендерлік мәселелер және Феминистік зерттеулер» (WGSRF) атты бірінші мәжілісінен бастап мүшесі. Оның француз тілді, сондай-ақ ағылшын тілді әлеуметтанулық қоғамдастықтарда ықпалы күшті болды және өз тегінің француз тілінде «Denis» деп айтылуын сақтап қалды. Оның тегіндегі оқылмайтын «s» әрпіне қатысты табандылығы Канадада ағылшын тілді әлеуметтанушылар арасында өз мансабын бастаған кезден-ақ француз тілі мен этникалық теңдік мәселелеріне ден қоюына мүмкіндік берді. Кейін ол Франкофония кездесулерінде Квебек және басқа да канадалық әріптестеріне қосылып, француз тілі мен мәдениетін халықаралық деңгейде қорғап жүрді.

2011 жылы Энн гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдардың жыл сайынғы Канадалық Конгресінде (CHSS) феминистік пәнаралық сессиялардың бастамашысы, ал 2013 жылдан бастап CSA феминистік кластерінің төрайымы болды. Өзара байланысты екі бағдарламаны ұйымдастырды және көп жағдайда әкімшілік басқаруды жүзеге асыра отырып, француз тілді және қостілді сессияларға қатысуды жеңілдету үшін кластердің құжаттарын француз тіліне өзі аударды. Оның көп жылдық қажырлы еңбегі мен насихаттау жұмысының нәтижесінде екі тілге де аса көп көңіл бөлінді және CSA мен CHSS аясында әлі де көңіл бөлініп келеді.

Энннің әлеуметтанулық тұрғыда негізделген және біртұтас феминистік әкімшілік тәсілі 1976 жылы әйелдер

туралы зерттеуді насихаттау мақсатында әйелдер үшін анағұрлым қолжетімді болуын негіздеген CRIA-ICREF ұйымының өмір сүруіне ықпал етті. 2009 жылдан 2015 жылға дейін Энн Директорлар кеңесінің мүшесі болды және Президент өкілеттіліктерін (вице-президент, президент және бұрынғы президент) атқарды. Бұл CRIA-ICREF және басқа да феминистік ұйымдардың жойылып кету қаупі төнген уақыт еді. Үкімет тарапынан қысқарту жүргізілген осы бір қиын кезде Энн CRIA-ICREF ұйымдастырушылық қызметін еріктілер комитеттерімен бірге қайта қалпына келтіру үшін белсенділік танытып, өз үлесін қосты. Оның жабандық мүдделері мен әкімшілік дағдылары Біріккен Ұлттар Ұйымынан (БҰҰ) мәртебе алу мақсатында өз өкілеттіліктерін қалпына келтіру үшін CRIA-ICREF-ға қойылатын талаптарды түсінуге мүмкіндік берді. БҰҰ-дағы CRIA-ICREF өкілі ретінде ол БҰҰ ҰЕҰ қатысты әйелдер кездесулерінен тұратын жұмыстың ұйымдастырушысы, жетекшісі және тәлімгері ретінде де маңызды рөл атқарды, сондай-ақ БҰҰ мәселелері бойынша канадалықтармен байланыста болды.

Энннің сезімталдығы мен сан қырлы қасиеттерінің бірі 1994 жылы ХӘҚ-да орын алды. Басқа қалада өткен ЗКЗ2 алдын ала конференциясынан кейін біздің топ тұруға ыңғайлы жайларға жеке топтасып орналасу үшін ХӘҚ-қа тіркелуге келдік. ХӘҚ баспана бөлетін үй билігі біздің бірімізді – азиялық егде ғалымды тізімнен шығарып тастады. Біздің топтың бөлінуіне наразылық туғанда Энн қалыптасқан ахуалды бағамдай алды. Жағдайды қалыпқа келтірді және жеңіске жету/жеңіс/ жеңіс стратегиясын іске асыруда бастаманы өз мойнына алды. Келесі күні таңертең ол біздің «жоғалған отбасы мүшесін» орналастыру үшін тұрғын үй-жайымызды қайта реттестірді және баспана билігін осыған келісуге көндірді. Оның жоспары біздің әріптестеріміздің ақ нәсілді емес қатысушыларға арналған жабық және қорғалатын кешеніне баруларына мүмкіндік берді. ХӘҚ басқа мүшелері мен шешім қабылдайтын лауазым иелері сияқты біз де осы нәсілшілдікке шошына қарадық. Осынау сын сағаттағы Энннің іс-әрекеттері ХӘҚ-ның неғұрлым әділетті және шын мәнінде халықаралық болуына көмектесу үшін өте маңызды еді.

Әрине, Энн сондай-ақ үлгілі ғалым болды және ғылыми жазбаның тамаша мұрасын қалдырды. Оның *The Changing Role of Students in Relation to the Government of British Universities (1935-1968)* [«Британдық университеттердің үкіметіне қатысты студенттердің рөлінің өзгеруі (1935-1968)»] атты докторлық диссертациясы биліктің өмірбаяндық және тарихи құрылымдарына негізделген зерттеуі әлеуметтанулық қиялынан хабардар етеді. Оның кейінгі стипендиясы негізінен канадалық болды және білім беру, әйелдер еңбегі, жұмыс күші, интернет, сондай-ақ әйелдер, тап және этникалық текті қамтиды.

Үндістандағы 1986 жылы өткен ХӘҚ конференция және Кариб бассейніндегі ағылшын тілді елдерде, әсіресе Барбадоста, өткізген шығармашылық демалыстарынан кейін оның зерттеулері негізінен салыстырмалы

>>

сипатта бола бастады. Ол *In)equality, Identity and Internet Use by Minorities in a Globalizing World: Young People's Internet Use in Barbados and Francophone Ontario* [«Жаһанданушы әлемдегі Азшылық топтардың теңдігі (теңсіздігі), идентификациясы және Интернетті пайдалануы: Барбадос пен француз тілді Онтариодағы жастардың Интернетті пайдалануы»] халықаралық зерттеу тобын басқарды.

Ғылыми зерттеулер жөніндегі ХӘҚ вице-президенті ретінде (2002-06 жылдар) Энн өзінің зерттеу комитетінің конференциясын ұйымдастырды. ХӘҚ басшысы лауазымына қайта сайланғаннан кейін ол *The ISA Handbook in Contemporary Sociology: Conflict, Competition, Co-operation* және *The Shape of Sociology for the XXIst Century: Tradition and Renewal* [ХӘҚ-ның заманауи әлеуметтану бойынша анықтамалығы: шиеленіс, бәсекелестік,

ынтымақтастық және ХХІ ғасыр әлеуметтануының формасы: дәстүр және жаңару] қосымша редакторы болды.

Осы бастамаларға қосымша Энн ХӘҚ шеңберінде тікелей және ұзақ мерзімді мәселелермен, сондай-ақ кейбір зерттеу комитеттеріндегі демократиялық емес тәжірибелер мен лингвистикалық және географиялық саналуандықтың болмауы сияқты сақталып отырған мәселелермен айналысты.

Энннің жалпы канадалық және халықаралық әлеуметтанудың практикасына және дамуына, сондай-ақ сектораралық феминистік және этникалық зерттеулерге қосқан үлесі ұшан-теңіз.

Оны сағынады, еске алады және бағалайды. ■

Хаттарды Линда Кристиансен-Раффманға <ruffman@smu.ca>, Анджела Майлсқа <angela.miles@utoronto.ca>, Мэрилин Портерге <mporter2008@gmail.com> жолдауға болады.

> Қозғалыстағы миграция

Карин Шершель, Рейн қолданбалы ғылымдар бас университеті, Германия



29

Ұсынған: Ник Янгсон (Creative Commons 3).

Жәй айтқанда, миграцияның динамикасы және босқындық – әлеуметтік, экономикалық, мәдени және саяси құқықтарды әділетсіз жаһандық бөлудің нәтижесі. Егер заманауи жаһанданған әлем шекаралар арқылы ұлттық мемлекеттерге бөлінбегенде, миграция туралы ойламас та, айтпас та едік. Заманауи әлемнің саяси тәртібін азаматтық пен территорияны таңдау туралы шешімді қабылдау құқығына үміткер ұлттық және ұлттықтан жоғары құрылымдар анықтайды. Миграциялық процестерді, атап айтқанда пана іздеген босқындардың ағынын бақылау бойынша шектеу шаралары миграцияның ерекшелігіне айналды, тек екі танымал және кеңінен талқыланатын мысалды келтіретін болсақ – Еуропа және Құрама Штаттардың шекарасында орналасқан мемлекеттер.

Азаматтық – бір жағынан, заманауилықтың жетістігі, екінші жағынан, әлеуметтік теңсіздіктің ерекше тетігі және қозғаушы күші. Адамдар өмірдің қолайсыз жағдайларына байланысты оқу, жұмыс істеу және өмір сүрудің жақсы жағдайларын іздеу үшін шекарадан асулары керек. Дегенмен, миграция – бұрыннан келе жатқан құбылыс: адамдар азаматтың тарихы басталғаннан бері қоныс аударып жүрген. Герда Хек өзінің «Еуропалық қиял және африкалық мобилдік болмысы» туралы ойларында бізге миграцияның ежелгі ұмыт болған тарихын еске салады. Африка құрылығы XIX-XX ғасырларда пана және/немесе жақсы өмір іздеген мыңдаған босқындар және экономикалық мигранттарға «пана» болды.

Қазіргі уақытта жаһандану – миграция және босқындықтың қозғаушы күші; осы қуатты күш кеңістіктік қашықтықтың ықпалын азайтты. Бүгінгі күні миграциялық >>

процестер жүріп жатқан елдер мен адамдардың саны тарихтың бастапқы кезеңдеріне карағанда, әлдеқайда көп.

Иммиграция саласындағы бұрынғы және заманауи саясат миграциялық ағындарда маңызды рөлге ие. Капиталдың, тауарлардың, ақпараттың және адамдардың өсіп келе жатқан трансұлттық ағындары арасындағы байланыс – тағы бір аспект. Халықаралық миграциялық процесс бірнеше факторлардың өзара іс-қимылы негізінде жүзеге асады және көші-қонның негізгі үлгісін анықтау мүмкін емес. Миграциялық процесс экономикалық, саяси, мәдени немесе экологиялық факторлар негізінде орын алуы мүмкін. Мысалы, Біріккен Ұлттар Ұйымының босқындар ісі бойынша жоғары комиссары келесі бірнеше жыл ішінде климаттың өзгеруінен босқындардың үлкен қоныс аударуы болады деп болжайды. Сонымен қатар, жерді басып алу – көптеген қоныс аударудың негізгі себебі.

Миграцияны оқшауланған құбылыс ретінде қарастыруға болмайды; оны жоғарыда аталған факторлардың өзара байланысының өрмегі ретінде қарастырған жөн. Халықаралық миграция – адамдар бір елден екінші елге қоныс аударатын процесс емес; миграциялық процесс кеңістіктік және уақыт шегінен тысқары тұрақты құбылыс ретінде қарастырылуы тиіс. Карлос Сандовал өзінің «Орталық америкалық керуен: XXI ғасырдағы жаппай көшу» еңбегінде осындай миграциялық қозғалыстардың әлеуметтік тұстары туралы ойын айтады. Керуенге әртүрлі факторлар түрткі болады: Гондурас немесе Сальвадордан адамдардың топтасып көшуіне кедейлік деңгейі, электр қуаты бағасының өсуі, табиғи ресурстар – газ және бензин түрткі болады. Адамдар топтасып қоныс аударады және бірге шекаралардан асады. Керуен адамдарды ұрлау немесе бопсалаушылық сияқты зорлық-зомбылықтан қорғап қана қоймай, сонымен қатар миграцияның ұжымдық тұстарын көрсетеді.

Жаһандану шекаралардан асуды және экономикалық қатынастарды жеңілдетуге алып келді. Капитализмнің жаһандық қайта құрылуы иммигранттардың еңбегіне үлкен сұранысты туындатады. Мигранттардың еңбегі қабылдаушы елдердің ұлттық экономикасында маңызды рөлге ие. Түркия үшін Бедиз Йылмаз көрсетіп отырғандай, бұл жұмыс жиі бейресми сипатқа ие. Соғыстан қашқан 3,6 миллион сириялық қазіргі уақытта Түркияда тұрады. Сириялық жұмысшыларды қанау кең таралған, түрік билігі бұған төзімділікпен қарайды. Йылмаздың «Босқындар – еріксіз жұмыс күші: Түркия жазбалары» мақаласында еріксіз жұмыс күшін қанау талқыланады.

Біз халықаралық миграцияның уақыт және кеңістіктік шекаралар арқылы кеңеюін және жалғасуын бақылап отырмыз. Қазір көп мигранттар екі немесе одан көп қоғамда өмір сүре алады: өздерінің Отанында және қабылдаушы елдерде. Трансұлттық мигранттар ұлттық

мемлекеттен тыс ортақ кеңістік немесе нышандық және ұжымдық ұғымдар қалыптастырады. Әртүрлілік – заманауи миграциялық қозғалыстардың негізгі аспектісі. Мигрант түрлерінің кең шоғыры бар: пана іздеген тұлғалар, босқындар, құжаттары жоқ мигранттар және еңбек мигранттары (оның ішінде зияткерлік немесе бизнес-элиталар, сонымен қатар үй шаруасындағы қызметкерлер).

Заманауи миграциялық ағындар саяхаттау және коммуникациялық мүмкіндіктердің жақсаруына байланысты жаһандық маңызы бар құбылысқа айналды. Біз шекара асып сөйлесе және трансұлттық қарым-қатынас кеңістігін аша аламыз. Жақында мен Италиядағы тамаша орын – Верканда болдым. Онда мен Йеменде өскен және Ардендегі зымыран соққысы кезінде үш аптаға қайта оралған досыммен сөйлестім. Ол өзінің отбасына барды және ашаршылық пен өлтірілген адамдар туралы жазды. Ол құлаған зымырандардың дыбысы туралы хабарлады. Жаңа ақпараттық және коммуникациялық технологиялар замандас еместің заманауи тәжірибесі туралы білуге, оны сезінуге мүмкіндік береді. Біз әділетсіздіктің, соғыс пен қудалаудың әлеуметтік салдарларын дәл көз алдымызда болып жатқандай бастан кеше аламыз. Бұқаралық ақпарат құралдары әділетсіздіктің таралуына ғана емес, өмір сүру жағдайларын, миграция жолдары мен демократиялық құқықтарды жақсартуға да ықпал етеді.

Атақты әлеуметтанушы Зигмунт Бауман айтқандай: «Байлық – жаһандық, кедейлік – жергілікті». Адамдардың қоныс аудару құқықтары және мүмкіндіктері ақшаға, азаматтыққа немесе жынысына байланысты.

Біз, сөзсіз, бүкіл әлемдегі қозғалыстың жеңілдеуі мен оны герметикалық тоқтату арасындағы қосарлы динамиканы байқап отырмыз. Америка Құрама Штаттары мен Мексика арасына дуал салу бойынша Дональд Трамптың агрессиялық саясаты мен Еуропа бекінісін құру және іске қосу танымал мысал бола алады. Біз бір мезгілде оңшыл қозғалыстар мен жаңа агрессиялық ұлтшылдық, сондай-ақ ынтымақтастық актілерін байқап отырмыз. Адам құқығына негізделген идеялардың жаһандық таралуы шектеу саясатына қарсы қозғалысқа алып келеді. Сара Шиллигер өзінің «Ынтымақтастық қалаларындағы шекараларды жою» материалында ынтымақтастық қалаларының концепциясы туралы айтады. Қаланың саяси кеңістігі қала өмірін демократияландыру алаңына айналды. Азаматтық концепциясы статус ретінде емес, тиістілік туралы келіссөздер мен құқықтарға қолжетімділікті қамтитын процесс ретінде қарастырылатын болады.

Миграция туралы ойлар шекаралардың күтпеген жағдайлары, тиістілік және құқық критерийлері, сондай-ақ қазіргі заманғы тең емес және жаһанданған әлемде құқықтарды жүзеге асыру туралы ойлауды білдіреді. ■

Хаттарды Карин Шершельге <Karin.Scherschel@hs-rm.de> жолдауға болады.

> Еуропалық қиял және

африкалық мобилдік болмысы

Герда Хек, Каирдағы Америкалық университет, Египет

2018 жылдың қазан айында Берлинде Германия канцлері Ангела Меркель ұйымдастырған Африка көшбасшыларының саммитінде Африкадан Еуропаға «жаппай миграцияны» ынталандыратын Африканың жұмыссыздық мәселесін шешу үшін 1 миллиард еуроны құрайтын дамудың жаңа қорын ұсынды. Бұл африкалық көші-қон туралы еуропалық дискурста әлі күнге дейін басым екі аңызға сілтеме жасайды: шетелге қоныс аударған африкалықтардың көбі кедей, білімсіз немесе біліктілігі төмен және Африка – жаппай көшу құрылымы. Еуропа өзінің Африка құрылымына эмиграциясына, сондай-ақ отаршылдық мұрасына қатысты тарихи надандығынан зардап шегетін сияқты. Осыған қарамастан, отаршылдық мұрасы мен Африка елдерімен күрделі қарым-қатынастардың еуро-африкалық көші-қон саясатына және олардың айналасындағы пікірталастарға ықпалы мықты.

Еуро-африкалық көші-қонға тарихи көзқарас ұмытылған тарихты суреттейді. Соңғы екі ғасырдың бірнеше кезеңінде Африка құрылымы осы құрылықтан пана және/немесе жақсы өмір іздеген мыңдаған еуропалық босқындар мен экономикалық мигранттар үшін «қауіпсіз жай» еді. XIX ғасырдың екінші жартысында орыс еврейлері антисемиттік ойрандардан Мысырға қашып кетті, ал грек және италиян жұмысшылары Суэц каналының құрылысында жұмыс ізеді. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Польша, Грекия және Югославиядан қашқан 40000 астам босқын Египет, Палестина және Сириядағы босқындар лагерлерінен пана тапты. Қалғандары Танзанияға, Кения мен Угандаға бет алды.

> Көші-қонды еуропалық бақылау тән

Жаһандық деңгейде қозғалысын басқару XXI ғасырдың ең кең таралған саяси мәселелердің бірі болды. 2015 жылдың жазында және күзінде 800000 жуық босқынның келуіне жауап ретінде Еуропалық Одақ 2015 жылдың қарашасында «тұрақсыз көші-қонның негізгі себептерімен» күресу

үшін «Африкаға бағытталған ЕО-тың Төтенше Мақсатты Қорын» (Африкаға арналған ЕОТМК) құрып, 3,4 млрд. еуро бөлді (Еуропалық комиссия 2017). ЕО көшбасшылары Африка елдерімен тығыз жұмыс істей бастады, Еуропадан оралғандарды қабылдауға дайындықты арттыру мақсатында көмектерін ұсынып, көші-қон ағындарын шектеу бойынша міндеттемелердің орнына көмектің тың түрлеріне назар аударды.

Бұл жаңалық емес. 1980 жылдардың аяғынан бастап ЕО иммиграциялық және визалық саясатын қатайту үшін бірқатар құралдар мен шараларды әзірледі. Тиісінше, Шенген аймағына кіру үшін азаматтарынан виза талап ететін елдердің тізімі осы мемлекеттерден тұрақсыз иммиграцияның ықтимал қауіп-қатері критерийлері негізінде бекітілді. Қазіргі уақытта бүкіл әлем бойынша рұқсат ала алмаудың ең жоғары көрсеткіштері Африканың кейбір елдеріне тиісті. 2014-2017 жылдары Германияның Яунде қаласындағы (Камерун) елшілігінде визалық өтінімдердің 45% қабылданбады.

Сонымен қатар, шекараны бақылау және мигранттардың мобилдігі 2000 жылдардың басынан бастап ЕО пен көршілес Африка елдері арасындағы келіссөздердің өзегі болды. 2004 жылдан бастап Ливия мен Италия арасында Ливиядан көші-қонды тежеу туралы бірнеше келісімдерге қол қойылды, нәтижесінде, мысалы, Италияның Лампедуза аралына келген адамдар қайта Ливияға жер аударылды және экстерриториялық лагерлерде ұсталды. 2008 жылы Италияның премьер-министрі Сильвио Берлускони Муаммар Каддафимен «достық, серіктестік және ынтымақтастық туралы келісімге» қол қойды. Көп жылдар бойы Ливия Италияның отарлық қылмысы үшін миллиардтаған доллар өтемақы талап еткен болатын. Енді Италия Ливия жағалауында автомобиль жолын салуға және қаржыландыруға, яғни 20 жыл бойы жыл сайын 250 миллион доллар төлеуге уәде берді. 2011 жылығы төңкеріс және Ливия наразылық қозғалысына НАТО араласуының арқасында Каддафи Италиямен ынтымақтастықты

>>

“Еуропа өзінің африка құрлығына эмиграциясы, сондай-ақ отаршылдық мұрасының тарихи надандығына қайғыратын сияқты.”

тоқтатты және миграцияны ЕО-ға қарсы қару ретінде қолдануға тырысты, полиция бөлімшелері әлі де оған адал болып, ешқашан Еуропаға қайықпен барғысы келмеген көптеген мигранттарды мәжбүр етті.

2012 жылғы сәуірдегі араб көктемінен кейін Италия мен Ливия көші-қонды бақылау саласындағы ынтымақтастықты қалпына келтіруге уағдаласты. 2017 жылдың 2 ақпанда Италия Ливияның әскери және шекара күштерімен «заңсыз мигранттар ағынын тоқтату үшін» қайтадан ынтымақтасуға келісті, сол арқылы мигранттар мен босқындардың Еуропаға енуін тежеді. Осы кезден бастап Италия үкіметі мен ЕО ливиялық жағалау күзетіне теңізді бақылау мен Еуропаға кетуге тырысқан босқындар және мигранттарды кері қайтару үшін қайық, жаттығу және басқа да құралдар ұсынды. 38000 жуық адамды ливиялық жағалау күзеті ұстап, Ливияның қамау орталықтарына кері қайтарылды.

2015 жылдан бастап Еуропа мен Африка елдері арасындағы «көші-қонды басқару, дамуға көмек көрсету және визаны көбейту туралы уағдаластықтармен байланысты реадмиссия және шекараны бақылау туралы» келісімдер желісі Солтүстік, Батыс және Шығыс Африка елдеріне біртіндеп таралды. Африкаға бағытталған ЕОТМҚ аясында Африка құрылығындағы әрекеттерге назар аудару жаңа дискурспен қатар жүрді, бұл реттелмеген трансшекаралық қозғалыстардың «зұлымдығын» тамырымен жоюға болады деп сенімді. ЕОТМҚ қаражатының 63% даму жобаларына, 22% көші-қонды басқаруға бағытталған жобаларға, 14% қауіпсіздік пен бейбітшілікті қалпына келтіру шараларына жұмсалады. Осылайша, ЕОТМҚ қаржыландыруының басым бөлігі еуропалық ұлттық ұйымдарға аударылады. Германия үшін ЕОТМҚ жүзеге асыратын серіктестердің бірі – GIZ (Германияның халықаралық ынтымақтастық жөніндегі қоғамы – қаз.ред.). Ол, мысалы, Шығыс Африкада «Көші-қонды Тиімді Басқару» бағдарламасына жауапты. Бұл ұйым Судандағы бұрынғы далалық қолбасшылармен ынтымақтастығы үшін түрлі құқық қорғау ұйымдары тарапынан қағты сынға ұшырады.

> Африкалық шындық

ЕОТМҚ-ның Африка құрылығына тигізетін салдарын әлі де зерттеу қажет. Бірақ ЕО-тың Африка елдерінің үкіметтеріне шекара бекеттерін күзетуге және депортацияланғандарды қабылдауға қысым көрсетуге ұмтылысын күштердің тең болмауынан, отаршыл үстемдіктен, қанау және нәсілшілдіктен туындаған екі құрылығы арасындағы ұзақ тарихтың өзара тәуелді және тең емес траекторияларының тағы бір тарауы ретінде қарастыруға болады. Бір кездегі

өзара теңестірілмеген және тең емес жолдарының, билік теңсіздігінің, отарлық үстемдіктің, қанаудың және эксплуатацияның және теңсіздіктің пайда болуының ұзақ тарихындағы тағы бір тарау ретінде қарастыруға болады. Сонымен бірге, Африка елдерінің үкіметтері Еуропаның сыртқы күш-жігерінің жай ғана құрбаны емес, себебі бұл ережелер икемді талқыланады. Сонымен қатар, көпжылдық зерттеулерден шекаралық бақылау арқылы көші-қон қозғалысын оп-оңай тоқтату мүмкін еместігін білеміз.

Шын мәнінде, Асмита Паршотам (2018) Африка әлемдегі көші-қон ең аз аймақ екенін және Африка елдерінен келген мигранттардың көпшілігі құрылықта қалып отырғанын көрсетеді. 2017 жылы континентте 19,4 миллион халықаралық африкалық мигрант, сонымен қатар Африкадан тыс 5 миллион халықаралық мигрант өмір сүрді. БҰҰ БЖКБ мәліметтеріне сүйенсек, Камерун, Чад, ҚДР, Эфиопия, Кения, Судан және Уганда сияқты мемлекеттер әлемдегі босқындардың үштен бірін (4,9 миллион босқын) қабылдады. Құрылықтан тыс жерде тұратын африкалық мигранттардың саны 1990 жылғы 6,9 миллионнан 2017 жылы 16,9 миллионға дейін артқанымен, мұндай статистика еуропалық ақпарат құралдарында еуропалық жағалауға түскен мигранттардың суреттерімен сәйкес келуі екіталай.

Сонымен қатар, бұл мигранттардың барлығы Еуропада тұрмайды. Мәселен, мысырлық мигранттардың 80% астамы Сауд Арабиясы, Иордания және Кувейт сияқты Парсы шығанағы елдерінде жұмыс істейді. Соңғы уақытта Африка, Латын Америкасы, Азия және Парсы шығанағы елдерінің арасында көші-қон байланыстары нығаяуда. Соңғы 30 жыл ішінде Гуанчжоу, Гонконг, Дубай және Ыстамбұлда африкалық мигранттар қауымдастықтары пайда болды. Мигранттардың осы желілері құрылықтар арасында әрі-бері жүретін африкалық саудагерлердің жоғары мобилдігімен тығыз байланысты. Еуропа маңызды емес болса да, ол африкалық мобилдікті қалыптастыратын әйгілі пікірталастар мен академиялық еңбектерде алатын негізгі мәселеге лайық емес. Шынында, Еуропа тек Еуропа шекараларында ғана емес, сонымен бірге құрылықтың өзінде африкалық көші-қон ағындарын реттеу үшін білім өндірісіне белсенді қаржы салды. Жауап ретінде философ Ахиллес Мбембе жақында шекарасыз Африка құрылығын құруды қолдап, сөз сөйледі. Оның пікірінше, Африкадағы көші-қонды бақылауға бағытталған Еуропаның барлық күш-жігеріне жауап ретінде Африка деколонизациясының келесі қадамы барлық халыққа мобилдікті қамтамасыз ету және тек бір мемлекетпен және ұлтпен шектелмейтін саяси және мәдени топқа мүшелікке ету жағдайларын қамтуы керек. ■

Хаттарды Герда Хекке <gerda.heck@aucegypt.edu> жолдауға болады.

> Орталық Америкалық керуен: XXI ғасырдағы жаппай көшу*

Карлос Сандовал, Коста-Рика университеті, Коста-Рика



Мигранттар 2018 жылы Гватемала мен Мексика шекарасындағы көпірден өтуде. Суретті түсірген: boitchy/flickr. Кейбір құқықтар қорғалған.

2018 жылдың қазан айынан бастап халықаралық қауымдастық орталық америкалықтардың, әсіресе Гондурас және Сальвадор елдерінен, жаппай қашуға назар аударуда. Мигранттардың осы «керуені» алдымен Гватемала, содан кейін Мексика арқылы қозғалып, басым бөлігі 2019 жылдың маусымында АҚШ пен Мексика шекарасындағы Тихуанаға үміттене келді.

> Керуен немесе көш?

Осы жағдайда талқылануы тиіс алғашқы элемент «керуен» ұғымы болуы керек сияқты. Қалай болғанда да, испан және, мүмкін, баска тілдерде «керуен» сөзі қауіпті немесе қатерлі мәжбүрлеумен байланысты емес. «Көш» - ұзақ тарихы бар, Инжіл мәтіндерімен байланысты тұжырымдама және оны Орталық Америка жағдайында қолдануға әбден болады, себебі ол көші-қонның мәжбүрлі сипатын көрсетеді. Бүгін Орталық Америкада көші-қонды ешкім қаламайды, ол міндетті сипатқа ие. Қарастырылуы тиіс екінші мәселе – Гондурас көші-қонының өсуі қандай болмақ? АҚШ халқы санағының мәліметтері бұл құбылысты болашақта болжауға мүмкіндік береді. Егер біз 2000 және 2010 жылдардағы санақтарда есептелген орталық америкалықтарды салыстырсақ,

олардың 10 жылда 136% өскенін көреміз. Мигранттар қатарындағы гондурастықтар 191%, гватемалалықтар 180%, сальвадорлықтар 151% артқан. Көшуге мәжбүр адамдардың саны емес, өз елін топталып тастап кету шешімі – жаңа құбылыс.

> Гондурастан топталып көшу қалай түсіндіріледі

Қоныс аударатын адамдардың саны емес, ұжымдық көші-қон – жаңа үрдіс. Ұжымдық қозғалыстарға уақытша, сондай-ақ құрылымдық факторлар ықпал етуі мүмкін. Электр қуатына, табиғи газ бен бензинге, әртүрлі азық-түлік өнімдеріне құнның өсуі – көші-қон факторларының бірі.

Топта болу, кем дегенде, ұрлап кету және тонау қаупін азайтады. Коста-Риканы қоспағанда, Орталық Америка елдерінің адамдарына Мексикаға кіру үшін виза қажет. Сондықтан мигранттар бейресми шекара өткелдері арқылы еруге және өтуге мәжбүр, бұл оларды ұйымдасқан қылмыс, сондай-ақ мексикалық полиция билігі тарапынан қатыгез қарым-қатынаста әлсіз етеді. Әлеуметтік желілердің даму тұрғысында көп адамдар байланыс орната алады және олар түнгі автобуспен саяхатқа шыққысы келсе, оны бірге атқарудың мәні бар.

>>

Лайықты жұмыспен қамтылмау – құрылымдық деп атауға болатын мотивацияның шешуші факторы. Жалпы алғанда, халық арасындағы кедейлік деңгейі 64,3% құрайды және бұл әртүрлі сайын елден кеткендердің үнсіз көпшілігін құрайтын жастарға жеңу өте қиын зорлық құрылымдық жағдай қалыптастырады.

Саяси тұрғыдан Гондурас мемлекеттік төңкерісі әлеуметтік құрылымды одан әрі әлсіз ете түсетіні сөзсіз. 2019 жылдың маусымында төңкеріске он жыл болады, ал 2017 жылдың қараша айында Хуан Орландо Эрнандес сайлаудағы кереғарлық наразылық, күмән мен мәлімдемелерге толы жағдайда қайта сайланды. Эрнандес Конституцияға өзгерістер енгізіп, қайта сайлануына жол ашты; бір қызығы, қайта сайлану оппозициясы 2009 жылғы төңкерістің негізгі факторлардың бірі еді.

Факторлардың үшінші құрамдасы – әлеуметтік. Гондураста қылмыстық зорлық-зомбылық өте көп. 2016 жылы Сан-Педро-Сула Каракастан кейінгі әлемдегі ең қатыгез қала болды, 100000 тұрғынға шаққанда кісі өлтіру – 111 адам.

> Бағыттар және қабылдау

Солтүстікке бағытталған шеруге қосылғандардың көпшілігі АҚШ пен Мексика шекарасына ең ұзын бағыттармен қозғалды. Бұл шешім сапарды одан бетер қажытқанмен, ұйымдасқан қылмыс, бопсалау мен өлімнің нақты орын алған Мексика шығанағы бойымен өтетін бағыттан бас тарту ниетінен туындады. Сан-Педро-Сула (Гондурас) мен Тамаулипас (Мексика, Мексика шығанағының жағалауында) арасындағы қашықтық 2700 километрді құрайды. Дегенмен, мигранттардың басым бөлігі Тихуанаға, Мексиканың Тынық мұхиты жағалауына, 4348 километрге жуық қашықтыққа жолға шығуды жөн көреді.

Қазіргі уақытта иммиграциялық билік шекараға «керуенмен» келген адамдардан Мексика билігі бақылайтын тізімге тіркелуін талап етуде. Бұл тізім мигранттарға АҚШ-тан пана сұрауға мүмкіндік береді.

АҚШ үкіметі пана алу өтініштерінің тек 10% мақұлдайды, ал Біріккен Ұлттар Ұйымының Босқындар істері жөніндегі Жоғарғы Комиссиясы (БҰҰ БДЖК) бұл жағдайда ешқандай жетекшілік рөл атқармайтын секілді. АҚШ БҰҰ БДЖК бюджетінің 40% қамтамасыз етеді және оның ең ірі қаржылық демеушісі.

> Жалғасы

Қорытындылай келе, ерекше үш маңызды жайтты атап өткен жөн. Біріншіден, 2018 жылдың 6 қарашасында АҚШ-та аралық сайлау өткізілді және Мексикамен шекаралас төрт штатта, Конгрестегі тоғыз округтің сегізі демократтарды қолдады. Иммигранттарға деген өшпенділікті ынталандыру Дональд Трамп үшін үлкен сайлау толқынын тудырмады және бұл иммигранттарға қарсы жеккөрушілікті саяси тұрғыдан жеңуге болады деген үміт тудырады.

Екіншіден, 2018 жылдың 1 желтоқсанында Андрес Мануэль Лопес Обрадор Мексика Президенті лауазымына инаугурацияланды. Көптеген мәселелердің ішінде ол үшін өте қиыны және күрделісі – Орталық Америкадан миграция мәселесі болатыны сөзсіз. Жақында Марракеште (Марокко) өткен көші-қон саммитінде Мексика үкіметі жыл сайын Мексиканы кесіп өтетін 200000 шамасындағы орталық америкалықты жұмыспен қамтуды ұсынды. Алайда, 2019 жылдың маусымында Лопес Обрадор Трампты АҚШ-қа мексикалық экспортқа салық салу жоспарларын жалғастырудан бас тартуға көндірудің амалы ретінде иммиграциялық бақылауды күшейтуге келісті.

Соңғысы әрі маңыздысы, Трамптың қайта сайлануынан және Мексикада жаңа президенттік және заңнамалық мерзім басталғаннан кейін басты міндет – Орталық Америкада қоныстанбау құқығына кепілдік беру. Орта және ұзақ мерзімді перспективадағы мақсат – аймақтағы үлкен әділетсіздік пен теңсіздіктен шығуды қамтамасыз ету. Бұл – өкінішке орай, қазіргі таңда билеуші таптар шешуге ынталы емес үлкен кедергі. Осындай әділетсіздік пен теңсіздікпен сипатталған жағдайды қалай жақсартуға болатындығы Орталық Америкадағы прогресшіл ойлау мен әрекет үшін сынақ болатыны анық.

2018 жылдың қазан айында Мексикаға барар жолда BBC-ге сұхбат берген екі гондурастық әйел осы әділетсіздік пен теңсіздікті өте жақсы сипаттап берді. Бір әйел: «Америка Құрама Штаттарының Президенті Гондурасқа көмектеспесе, маған бәрібір, өйткені мен одан ешқандай көмек ала алмаймын», – деді. Екіншісі өз кезегінде: «Біз Трамптың қоқан-лоққыларынан қорықпаймыз; біз барамыз, өз елімізден қашамыз, өйткені біз өз елімізден қатты қорқамыз», – деп түйіндеді. ■

* Бұл алғаш рет www.madrimasd.org. Веб-парақшасында испан тілінде жарық көрген мақаланың өңделген нұсқасы.

Хаттарды Карлос Сандовалға <carlos.sandoval@ucr.ac.cr> жолдауға болады.

> Бөсқындар – еріксіз жұмыс күші: Түркия жазбалары

Бедиз Йылмаз, ММФИ-Оснабрюк университеті, Германия және Майя қауымдастығы-Мерсин, Түркия



Балалар жылыжай бағаналарында ойнап жүр, Аданалыоғлы ауыр шаруашылық аймағы, Мерсиннің шеті, Түркияның оңтүстігіне қарай, 2015 жыл. Суретті түсірген: А. Онер Курт.

3,6 миллион сириялық және басқа ұлттардың 600 мың өкілі бар Түркия – әлемде бөсқындар саны ең көп ел. Түрік билігі үшін бұл мақтана алатын шындыққа айналды және ол басқа елдер үлгі тұтатындай Түркияны қошеметке бөледі.

Осы қысқа мақалада мен түрік үлгісінің кейбір ерекшеліктерін орта деңгейдегі қала мысалында талқылаймын және көші-қонға қатысты мәселелерді зерттеуге және жандандыруға тырыстым. Алдымен бөсқын ұғымының қолданылуын түсіндіріп берейін. Түркиядағы сириялықтар Түркияның 1951 жылғы Женева конвенциясына географиялық шектеулер салуына байланысты «уақытша қорғалады». Бұл мәртебе оларға денсаулық сақтау және білім беру қызметтеріне шүбәсіз қол жегімділік сияқты бірқатар құқықтарды береді, бірақ ол босқын мәртебесінің болжауын және расталуын қамтамасыз етпейді. Осылайша, бенефициарларды қатерлі және қауіпті жағдайға қояды, бұл негізінен саясатқа тәуелді уақытша қорғау режимінің еркіне байланысты. Оларды бөсқындар деп атай отырып, мен уақытша қорғау тәтібінің осы сипаттамаларына және олар босқындар жағдайында тұрса да, мәртебесі жоқ екендігіне назар аударғым және баса айтқым келеді.

> Уақытша қорғау тәтібінің сипаттамасы

Бұл кемшілік Түркиядағы сириялықтардың тағдырын анықтауда өте маңызды және бөсқындарды көп елдер және босқын халқы арасындағы айырмашылықтарын түсіндіреді. Бұл мақалада бөсқындардың, әсіресе ауыл шаруашылығында жұмыс істейтіндердің еңбек аспектісіне тоқталамын. Қазіргі уақытта Түркия бөсқындар жұмысына сүйенеді деп айту дұрыс емес: Түркиядағы 3,6 миллион сириялықтың тең жартысы еңбекке қабілетті болса да, жұмысқа рұқсат алу кезіндегі қиындықтарға байланысты олардың тек 31000 ғана рұқсат алды. Нәтижесінде босқындардың жұмыс жағдайы бейресми анықталады. Сондықтан, Түркияда кең таралған бейресмилік (жалпы 50%, ауыл шаруашылығында 85% астам) түрік моделінің жұмыс жасауына себеп болатын жағдай деп айтқым келеді. Басқаша айтқанда, барлығы мойындаған, білік төзімді және осыларды жұмыс берушілер пайдаланатын еңбек әлеміндегі жоғары деңгейдегі бейресмилік болмағанда, сириялықтардың көбі бұл елде өмір сүре алмас еді. Еңбек саласында сириялықтарды қанау және оларды күнделікті тілде кемсіту саяси тегіне қарамастан, қоғамның барлық дерлік мүшелері үшін үйреншікті жағдайға айналды.

>>

Ауыл шаруашылығының осы ландшафтта ерекшеліктері бар. Басқа секторларда әрең қабылданатын алынған және бөекқандарды қанаудың адам төзгісіз жағдайларында еңбек етуге мәжбүр ететін жұмысқа рұқсат ауыл шаруашылығында талап етілмейді және одан әрі қанауға мүмкіндік береді. Уақытша Қорғалатын Шетелдіктер үшін Жұмысқа Рұқсаттары туралы Ереженің 5(4)-бабына сәйкес (2016/8375), уақытша қорғалатын және ауыл шаруашылығы мен мал шаруашылығында жұмыс істейтін шетелдіктер жұмысқа рұқсат алу құқығынан босатылады. Түркияның Жерорта теңізінің шығыс жағалауындағы қаласы Мерсиннің шегіндегі ауыл шаруашылық аймақ Аданалыоғлында белсенді зерттеуші ретінде жасаған бақылауларыма сүйене отырып, аграрлық сектордағы бөекқандар еріксіз жұмыс күші деп сеніммен айта аламын. Еріксіз заманауи еңбекті анықтау үшін мен Никола Филлипстің 2013 жылғы еріксіз жұмыс туралы ұсынған сызбасын қолданамын.

> Бөекқандар – еріксіз жұмыс күші

Бұл сызбадағы бірінші өлшем «жұмысшыны тәртіпке салу және оны осы қатынастармен мықтап тәуелді ету және көбінесе жұмысшыларды барынша қанау мақсатымен оларды манипуляциялау үшін пайдаланылатын [...] қарызға» негізделген бейресми, ауызша және қысқа мерзімді келісім-шарттардан тұрады. Біз бақылау жүргізген аграрлық аймақта еңбек делдалдары – ауыл шаруашылығындағы өндірістік қатынастардың негізгі тұлғалары. Олардың күдіретті рөлі жергілікті тілді білмейтін сириялықтардың келуімен артты. Делдалдар әр күн сайынғы төлемнің үлесін алады, әдетте 10%. Олар жұмыс іздеуде, жұмысшыларды жалдауда және жалақы төлеуде делдал ретінде әрекет етеді, сонымен қатар жұмыс берушілер үшін міндеттердің орындалуы мен жұмысшылардың кез келген мәселелерін шешуді қамтамасыз етеді. Бұл бөекқандар жұмысшыларды ауыл шаруашылық делдалдарына толық тәуелді етеді.

Екіншіден, еркіндік «бірінші кезекте мәжбүрлеп кіруде емес, шығарылған жағдайда; бұл шарттар көбінде қарызбен және/немесе келісім-шарттың соңына дейін

жалақыны бермеумен байланысты». Біздің жағдайда төлемдер әр өнім үшін алты айдан жеті айға дейін созылуы мүмкін егін маусымының соңында төленеді. Маусым кезінде жұмысшыларға қалтапұл беріледі немесе делдалға тиесілі жергілікті нарықпен қарыздары арқылы байланыста.

Үшіншіден, еріксіз жұмыстың заманауи түрлері, әдетте, еңбекақысы төленбейтін жұмысты емес, жұмыс күшін ақшаға айырбастауды қамтиды; алайда, «осы жағдайлардағы еңбекақы еңбектің қосымша құнына ешбір сәйкес келмейді». Бақылау жұмысшыларға белгіленген еңбекақыдан аз ақы төленетінін, ал кейде мүлдем төленбейтінін көрсетті. Бірақ олар кете алмайды, өйткені оларда «ішкі ақша» бар, олар кем дегенде оның жартысын алуға үміттенеді.


Соңында, әділетсіздік «қатан, ар-намысты қорлайтын және қауіпті еңбек жағдайларымен, жұмысшылардың еңбек (және жиі адам) құқықтарының бұзылуымен, сондай-ақ жұмысшыларды аз ақыға ауыр, ұзақ жұмыс істеуге мәжбүрлейтін күштеу және манипуляциялау түрлерімен байланысты» қанау шарттарына тәуелді. Шындығында, бөекқандар жұмысшылар делдал шатырларды орналастыру мақсатымен жалға алған алаңдарда тұрғызылған шатырларда өмір сүреді (жұмысшылар шатырлар үшін жалдау ақысын төлейді); негізгі инфрақұрылым жоқ және олар электр қуатын «заңсыз» пайдаланып, кабельдерді алаңдар үстімен тартылған сымдарға тармақтап, су үшін де төлейді. Ауыл шаруашылығы делдалдары нақты дақылдар маусымына байланысты жұмыс орнын анықтайды; жұмысшылар бірнеше күн бұрын ғана жаңа орынға көшуі керек екенін біледі.

Иә, Түркияда бөекқандардың басым көпшілігі тұрады, бірақ ол оларға лайықты өмір, интеграция жолын, болашаққа сенім бермейді; оның орнына ішкі және сыртқы саяси қажеттіліктер басшылыққа алып, құрылымдық емес және күнделікті шаралар үлгісін қалыптастырады. Бұл үлгі Түркия халқына бірлескен өмірдің ашық және құрылымдалған үлгісін ұсынатыны екіталай. Түркия үкіметі сенімді, есеп беретін, жауапты ма? Бұл үлгі бола ала ма? ■

Хаттарды Бедиз Йылмазға <bedizyilmaz@yahoo.com> жолдауға болады.

> Ынтымақтастық қалаларындағы шекараларды жою

Сара Шиллигер, Базель университеті, Швейцария



Бүкіл әлемде қалалар миграцияның болашақ тәртіптері айналасындағы күрес пен тәжірибе, сондай-ақ барлығына арналған қала құқығы бағытындағы қалалық өмірді демократияландыру алаңына айналды. Ұсынған: Solidarity City.

Еуроодаққа мүше мемлекеттердің көшбасшылары Жерорта теңізінде мыңдаған адамдардың өліміне қарамастан көші-қон саясатына шектеулер қойып, апатты жағдайда қалған босқындарға көмек көрсетіп жатқандарды қылмыскер ретінде айыптап жатқанда, кейбір еуропалық қалалардың жергілікті басшылары өздерінің қалаларын «Ынтымақтастық қаласы» деп жариялады. Бұл қалалар болашақта көші-қон саясатының төңірегіндегі эксперимент және күрес кеңістігіне айналуға ұмтылуда, сондай-ақ бұл қала өмірін барлық адамдар үшін тең құқық тұрғысындағы іргелі демократиялық принциптің қалыптасуына алып келді. Бұл «қалалық азаматтық» үшін күрес ұлттық мемлекеттердің шекараларды анықтау мен сақтау қабілетіне қарсы күрес қана емес, сонымен

бірге, азаматтық ұғымының негізгі мән-мағынасына жаңа анықтама беру үшін күрес екендігін көрсетеді.

> Теңізден қалаларға дейінгі көпірлер

Жергілікті деңгейде елеулі саяси араласу «пана қаласына» берілгендікті топшылайды. Италия (мысалы, Неаполь, Палермо) мен Испания (Барселона) мемлекеттерінің жағалауындағы қалалардың прогресшіл мэрлері қала порттарының ашылуын және теңізде құтқарылған мигранттарды қарсы алуды ұсынды. Сицилия аралының жағалауындағы көзге көрінетін қашықтықта жүздеген адамдардың суға батуының себебінен аралдың астанасы, Палермо қаласының мэрі – Орlando Леолука қаланы «пана қаласы» деп жариялаған Еуропадағы алғашқы адамдардың бірі болды. Орlando Леолука өз ұсынысымен бүкіл Еуропаның назарын өзіне аудара алды: «Палермода қанша босқын тұратындығын сұрасаңыздар, 60000 немесе 100000 деп жауап бермеймін. Қалада ешкім босқын емес. Палермоға келгендердің барлығы – палермолықтар». «Палермо Хартиясында» ол азаматтық құқықтар тек жергілікті заңмен сәйкестену керектігін талап етті.

Сондай-ақ Германияда кейбір қалалар қауіпсіз үй іздеген адамдарға баспана беруге дайын екендіктерін білдірді. Азаматтық қоғамның барлық жіктерінен шыққан мыңдаған адамдардан құралған Кең одақтар (мысалы, «Seebücke» және «#unteilbar») көптеген демонстрациялар мен шығармашылық акциялар арқылы Қауіпсіз Айлақтарды құруды талап етті. Олар өз талаптарында эвакуациялау жолдарының қауіпсіздігіне, теңізде құтқаруды қылмыс деп танымауға және қоныс аудару бағдарламасына ұқсас босқындарды тікелей және гуманистік тұрғыда қарсы алуға шақырады.

> Қалалық инфрақұрылымға кедергісіз қол жеткізу

Солтүстік Америкадағы, атап айтқанда, 1980 жылдардағы Sanctuary Cities қозғалысының тәжірибесі Еуропадағы «ынтымақтастық қалаларының» құрылуына негіз болды. Sanctuary Cities қалаларының құрылуы басында заңсыз қала тұрғындары тұр. Тіркелмеген мигранттар қалада ауруханалар, мектеп және қоғамдық көлікті пайдалану сияқты күнделікті қызметтерді пайдалана алмайды. Қолдарында дұрыс құжаттары жоқ мигранттар қаланың негізгі әлеуметтік қызметтерін

>>



Мигранттарға қатысты әділ сот желісінің Шекаралар арқылы ынтымақтастық баннері. Ұсынған Шекаралар арқылы ынтымақтастық.

қолдану құқығынан толық айырылып, қамауға алынуы немесе депортациялануы мүмкін.

Қала тұрғындарын депортациялаудан, сонымен бірге, оларға қаланың инфрақұрылымдық жүйесіне және әлеуметтік қызметтерді қолдануға қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында ұлттық билік пен олардың көші-қон саясатына қарсы бірлесіп әрекет ететін қоғамдық қозғалыстар мен қалалық билік арасында ынтымақтастықтың түрлі формалары қолданылды. «Сұрама, айтпа!» (Торонто қаласында енгізілген) саясаты бойынша мемлекеттік қызмет көрсететін қызметкерлерге мигранттардың көші-қон статусын сұрауға («Сұрама!») және, егер бұл ақпарат белгілі болатын болса, ақпаратты басқа мемлекеттік органдарға беруге («Айтпа!») тыйым салынады. Нью-Йорк және Сан-Франциско секілді кейбір қалаларда өзінің жеке басы мен қаладағы тұрғылықты жерін растай алатын әрбір тұрғын тұрақты тұрғын статусы жоқ адамдарға күнделікті қала өмірінде әлеуметтік қауіпсіздікті қамтамасыз ететін және қалалық ресурстарға қол жеткізуді жеңілдететін ресми жергілікті жеке куәлік ала алады.

Қазіргі уақытта “ынтымақтастық қаласы” қозғалысының белсенділері түрлі неміс тілді қалаларында (мысалы, Гамбург, Цюрих, Берн) Нью-Йорк үлгісіндегі қалалық жеке куәлікті енгізуді ұсынуда. Берн билігі бұл ұсынысты қолдады, алайда қолжетімділік критерийлері мен картаның мазмұны бойынша сұрақтар әлі күнге дейін талқылануда.

> Шекаралардың жою

Қала билігі қаланың жалпы шекарасы аймағындағы саяси істерді жүзеге асыруда басты рөлді атқарады, себебі әлеуметтік қызметтерді дамыту және оларды жүзеге асыру қала басшыларының ұлттық ережелерді қалай түсінуіне тікелей байланысты. Статусы тұрақсыз мигранттардың әлеуметтік құқықтарын шектеу мемлекеттің ішкі көші-қон бақылауының нысанына кірсе, жергілікті деңгейде заңсыз мигранттар үшін әлеуметтік қызметтерге қолжетімділікті қамтамасыз ету ұлттық шекаралардың қазіргі концепциясына күмән туғыздыруы мүмкін.

Бұл азаматтық ұғымының кеңеюін көрсетеді: азаматтық – тек белгілі бір статус емес, сонымен бірге, белгілі бір құқықтарға қол жеткізу және оларды қамтамасыз ету туралы келіссөздерді қамтитын үрдіс ретінде

анықталады. Бұл анықтама ұғымның құқықтық қырына аз мән беріп, нақты әлеуметтік қатынастарға, нормаларға, ынтымақтастық тәжірибелері мен тиістілік туралы келіссөздерге көп мән береді. Сондықтан күнделікті өмірдегі үрдістер арқылы анықталатын азаматтықты талқылайтын нақты орындарға және ынтымақтастықтың жаңа формалары қалалық қауымдастықтарда пайда болатындығына назар аудару аса маңызды.

Қарастырылып отырған мәселе, ең алдымен, миграция туралы емес, бұл жалпы әлеуметтік құқықпен қамтамасыз етудегі және ресурстарға қол жеткізудегі теңсіздік туралы мәселе болып отыр. Бұл миграциялық мәселенің сұрағын, яғни қазіргі «интеграциялық императивтен» теңсіздік және әлеуметтік тиістілік мәселесіне өзгертуге мүмкіндік береді. Бұның астарында қала кеңістігін жақсарту мен қоғамдық кеңістіктерді коммерцияландыру, қалалық инфрақұрылымды ұжымдық тұрғыда иемдену мен қатысу құқығына ие болуды көрсететін қазіргі қала үшін күрес пен жоғарыдағы мәселенің байланысын көрсетеді.

> Нақты утопия

Ынтымақтастық қаласы ұраны аясында жасалынып отырған осы бастамалардың барлығын біріктіретін нәрсе – нақты утопияның болуы. Осы нақты утопия миграция және әлеуметтік саясат мәселелерін бірін-бірімен үйлестіре отырып, саяси кедергілерден өтуде ықпалын тигізуі мүмкін.

Сонымен қатар, ынтымақтастық қаласы концепциясы әртүрлі басқа да әлеуметтік мәселелерді, соның ішінде, әлеуметтік тұрғын үй, қалалық инфрақұрылым, мәдени және демократиялық қатысу, кедейлікке қарсы кең одақтардың құрылуына мүмкіндік береді. Қала кеңістігіндегі нақты қажеттіліктер мен шынайылықтың негізінде қаладағы әлеуметтік топтардың өкілдері тарапынан құралған әртүрлі әлеуметтік қозғалыстар қала шеңберіндегі сан-алуан прекариат аясында туатын әлеуметтік қанау, кемсітушілік және басқа мәселелермен күресуге бағытталған одақтар құра алады.

Көп жағдайда осындай әлеуметтік бастамалар мен жаппай қозғалыстар әртүрлі саяси эксперименттердің жүзеге асырылуына негіз болады. Жобаны табысты жүзеге асыру үшін белсенділер, прогресшіл саясаткерлер мен жергілікті билік/әкімшілік арасында тұрақты кері байланыстың болуы аса маңызды. Алайда, қала деңгейінде аталған бастаманы іске асыру оңай емес:

>>

саяси эксперименттерді жүзеге асыру жағдайларына қарамастан, қала – үлкен жаһандық билік құрылымының бөлігі, ал ұлттық мемлекет – саяси күрестің басты аумағы.

Сонымен бірге, осы концепция тиесілі болудың жаңа ұғымын қалыптастыру мүмкіндігін де қарастырады. Бұл «басқаны» кім және қалай қабылдануын емес, ол қандай

болу керектігін көрсетеді. Керісінше, бұл «біздің» жаңа формасын ұжымдық тұрғыда елестетуге мүмкіндік береді. Миграция нақтылық ретінде қабылданатын пост-мигрант қоғамының заманауи болмысының толғағы жеткен мәселесін түзету болып саналады.■

Хаттарды Сара Шиллигерге <sarah.schilliger@unibas.ch> жолдауға болады.

> Студенттер болашақ үшін: экологиялық тап саясатына қарай

Джулия Кайзер, Лейпциг университеті, Германия және **Джаспер Штанге**, Гумбольдт Берлин университеті, Германия



Лейпциг университеті студенттерінің жалпы жиында кездесуі. Ұсынған: Джулия Кайзер.

Жүз жылдан кейін біздің әлем қандай болады? Соңғы зерттеулер қорытындыларына сәйкес, әлем халқының басым бөлігі жылына бірнеше апта бойы адам өміршеңдігінен тыс ауаның жылуы жағдайларына ұшырайды. Құрғақшылық жер бетінің 30% әсер етеді. Миллиардтан астам адам тропикалық аймақтан кетуге мәжбүр болады. Неміс физигі Харальд Лештің жақында жасаған тұжырымына сәйкес, адамзат апаттардан ғана сабақ алатынын мойындауы керек. Бұл жағдайдың жақындап қалғанын толық сезінсек те, оның алдын алуға асығып отырған жоқпыз.

Алайда, бүгінде, бүкіл әлемде Грета Тунбергтің апта сайынғы мектеп ереуілдерінен шабыт алған жастар өздерінің ашуын көшеге шығарып, климаттық саясатты өзгертуді талап етуде. Бұл Fridays for Future (FFF, Жұма болашақ үшін) ғаламдық қозғалысына айналды. Олар, ең алдымен, Париж келісімінің 1,5°C мақсатын орындауын талап ету үшін апта сайынғы ереуілдер, шерулер және наразылықтың басқа түрлері арқылы саясаткерлерге қысым жасауға тырысуда.

Германияда бұл қозғалыс кең қолдауға ие болды. 250 астам жергілікті бөлімшелер құрылды, халықтың 55% қозғалыс алаңдаушылығын қолдады. Мектеп оқушыларының әрекетіне ынтымақтасығын білдіру үшін «Ғалымдар болашақ үшін» және «Суретшілер болашақ үшін» ұйымдары байланысты құрылды. Қозғалыстың әлеуметтік базасының мұндай кеңеюі маңызды стратегиялық мақсаттарының бірі болып

табылады, егер қозғалыс неғұрлым ауқымды болса, оның билікке қысымы соғұрлым мықты болуы мүмкін. Саяси көзқарастарына қарамастан, барлық адамдар жақындап келе жатқан климаттық дағдарысқа қарсы күреске қосылуға тиіс және көп адамдар бұл үндеуді қабылдады. Бұл стратегиялық перспектива соңғы онжылдықтардағы климат белсенділігінің негізгі тенденцияларына қайшы келеді. Көшедегі наразылық акциясына адамды жиі тарту тәсілінің арқасында FFF түбегейлі құрылымдық өзгерістер жасауға мүмкіндігі мен әлеуеті бар.

Германияда студенттер 2019 жылдың басында Students for Future (SFF, Студенттер болашақ үшін) ретінде FFF қосылды. Біз болашақта SFF климаттың өзгеруі қозғалысының саяси сипатына айтарлықтай әсер етуі мүмкіндігін растаймыз, бұл көпшілікті ұйымдастыру ісінде жүйелілік пен таптық көзқарасты күшейте алады. Мұнда SFF қысқа тарихын қысқаша баяндаймыз, содан кейін олардың климаттық саясатқа деген көзқарасын ерекшеліктен нәрселерді талдаймыз. Қорытындылай келе, әлемдегі студенттер мен әлеуметтік сала ғалымдарын адамзаттың жақындап келе жатқан дағдарысқа қарсы қозғалысты қалай қолдай алатындығы туралы бірнеше ұсыныстар жасаймыз.

> FFF университеттерді бағындырып жатыр

Fridays for Future қарқынды өсуінен кейін, 2019 жылдың көктемінде Германиядағы студент-белсенділер өз университеттерін дамып келе жатқан климаттық қозғалысқа қалай тарту керектігін талқылауға кірісті. Ең алдымен,

>>

мақсат – «Қазір әрекет ет! Климаттың әділеттілігі үшін наразылықты университетке ұсынайық» ұранымен ашық жиындар мен кездесулер ұйымдастырып, мүмкіндігінше студенттерді көбірек жинау болды. FFF бұқаралық пікірталасқа елеулі ықпалы тигізгендіктен, осы ашық жиналыстардың әрқайсысында 300 жуық студент тартылды. Бірнеше ай бойы саяси көзқарасы әртүрлі белсенділер мен студенттердің осы топтары бүкіл ел бойынша жиырмадан астам университетте жалпы жиындар ұйымдастырды. Бұл осы университеттерде соңғы жылдары болған ең ауқымды саяси жиынға айналды. Осындай жетістікке тез жетуге не себеп болды?

Шығыс Германияның Лейпциг қаласында қолданылатын әдістер басқа қалаларда қабылданғандықтан, біз оларды осы жерде мысал ретінде қолданамыз. Мүмкіндігінше студенттерді көбірек қамту үшін Лейпциг белсенділері кәсіподақ ұйымы әзірлеген тұжырымдамаларды қолданды. Ресми бас ассамблеясының өткізілуін қамтамасыз ету үшін қолданылған әдістің мақсаты – басқа студенттердің жиынды қолдауын немесе қолдамауын белсенді талқылауы үшін олардың жоспарланған бас ассамблея туралы міндетті түрде хабардар болуында. Осылайша, FFF-пен ынтымақтастықта болу ниеті білдірілген петиция таратылды және бас ассамблеядан тұрақты университет пен қаланы құру қадамдарын талқылау талап етілді. Белсенділер мен жақтаушылар петицияны жүйелі түрде барлық факультеттерде және бас кампуста таратып отырды, сонымен қатар оқытушылар құрамының қолдауымен дәрістерде де студенттерді хабардар етті. Бір апта ішінде петицияға 2500 студент қол қойды.

Ассамблеяда университеттер мен кәсіподақтардың спикерлері экологиялық және әлеуметтік саясаттың өзара байланысын атап өткеннен кейін студенттер талаптар туралы келісімге келді. Берлин сияқты басқа қалаларда талаптар тек университеттерге ғана емес, сонымен қатар кәсіподақтар мен қалалық саясатқа да қатысты болды; кәсіподақтар «климаттық ереуілдерге», ал Берлин Сенаты кең және еркін қоғамдық көлік жүйесін құру бойынша шаралар қабылдауға шақырылды.

> Жалпыұлттық айырбас және әдістерді жалпылау

Лейпциг және Берлин сияқты қалаларда белсенділер қолданатын әдістерді тарату үшін 2019 жылдың маусымайында 30 астам қаланың өкілдері қатысқан SFF белсенділерінің жалпыұлттық жиыны ұйымдастырылды. Университеттерді жұмылдырудың сәтті тәсілдері ұсынылды және талқыланды. Америкалық одақтың ұйымдастырушысы және авторы Джейн Маккалеви белсенділерді ұйымдастырудың сыналған әдістеріне үйретуге және климаттық қозғалыстың келесі қадамдарын талқылауға шақырылды. Бұл кездесу климаттың студенттік белсенділерін ұлттық үйлестірудегі алғашқы құрылыстық блок болды. Осы әдістермен қаруланған белсенділер жазғы семестрдің соңында он төрт қалада жалпы жиналыстар ұйымдастырды.

Сонымен қатар студенттер FFF бастаған кәсіподақтармен диалогтарға белсенді қатыса бастады. Бүгінгі таңда Германиядағы барлық ірі кәсіподақтар ұлттық және жергілікті деңгейде SFF және FFF белсенділерімен кездесті. Кәсіподақтар мен қоғамдық қозғалыстардың мұндай жақындасуы Германияда соңғы жылдары сирек болды. Кейбір қоғамдық бірлестіктер, мысалы, қоғамдық көліктер бірлестіктері, олардың мүдделері бір-біріне сәйкес келетіндіктен климаттың өзгеруі қозғалысының табиғи одақтасы болып көрінеді. Мәселен, FFF белсенділерімен келіссөздерден кейін ver.di сервистік кәсіподағының жетекшісі Фрэнк Бсирске ver.di мүшелерін 2019 жылғы 20 қыркүйектегі жаһандық ереуіл күніне қатысуға шақырды. Сондай-ақ экономиканың көміртекті көп қажет ететін өнеркәсіптік секторларын ұсынатын қуатты IG Metall сияқты кәсіподақтар да жұмыс орындарына экономиканың экологиялық қайта құрылуына көп әсер ететініне қарамастан FFF диалогқа кірді. Климаттық қозғалыс кәсіподақтармен нақты ынтымақтастық жасау үшін көптеген мәселелерді шешіп, көптеген сұрақтарға жауап беруі керек. Осыған қарамастан, бұл конвергенция климаттың жаппай қозғалысына әкелуі мүмкін. Бұл нақты әлеуметтік және экологиялық өзгерістерді тудыруы ықтимал. Біз осыған байланысты мынаны айтамыз.

> Климаттық қозғалыстың жаңа типі?

Students for Future жоғарыда келтірілген сызбасы бағыттарынан біз кеңейтілген климаттық әділеттілік қозғалысында сирек кездесетін, тіпті ерекше деуге келетін кейбір сипаттамаларды байқай аламыз.

Біріншіден, SFF климаттық дағдарысқа қарсы күресті қоғамның көпшілігі жүргізетін күреске айналдыруға тырысады. Осыған байланысты, ол қатысушылардан кен ошақтарын мен ормандарды басып алу сияқты елеулі табиғи және заңды қауіп-қатерлерді талап ететін іс-әрекеттердің басқа түрлерінен (маңыздылығы кем емес) ерекшеленеді. Мұндай іс-әрекеттер формалары Джейн Маккалеви «өзін-өзі сайлаған белсенділер» деп атаған жағдайында белгілі бір дәрежеде радикалданған белсенділерді қызықтырады. Керісінше, Fridays for Future өзінің апта сайынғы «ереуілдерінде» қоғамның көп бөлігіне орын ұсынуға деген ұмтылысын көрсетеді. SFF бұл ұмтылыстарды қолдайды.

Көпшілік әдісі студенттер арасындағы жұмыс үшін де, басқа қатысушылармен одақтар құру үшін де маңызды. Университеттерде SFF тек климаттық белсенділікпен қамтылғандарға арналған шағын шаралармен шектелудің орнына климаттық дағдарыс мәселесімен студенттік қауымдастықты толық қамтуға ұмтылуда. Нәтижесі – соңғы айлардағы көп жастардың саясилануы. Бұл стратегия негізгі белсенділер арасында дағдылар мен сенімділіктің тез дамуына алып келді; бұрын ешқашан саясатқа араласпаған адамдар қазір жүздеген студенттер алдында сөз сөйлеп, демонстрациялар ұйымдастырып, кәсіподақ диалогтарындағы қозғалысты таныстырады. Бір қызығы, белсенділердің басым бөлігі – жас әйелдер.

Екіншіден, мектептер мен университеттерден тыс қозғалыстың әлеуметтік базасын кеңейту туралы сөз болғанда, SFF (сонымен қатар FFF бөлімшелері), ең болмағанда, іс жүзінде «көпшілік» деген не деген таптық тұжырымдамамен келіседі. FFF көрнекті қайраткерлері көбіне саяси партияларға, кәсіпорындарға және тіпті банктерге қозғалысты көбірек қолдауды сұрап жүгінді және климаттың өзгеруіне қарсы тұру үшін ЕО сияқты институттарға үлкен сенім білдірді. SFF белсенділерінің көбі бұл үрдістерге сыни көзқараспен қарайды. Қозғалысқа жаңа әлеуметтік белсенділерді тартуға күш салу аясында жұмысшыларды ұйымдастыру мақсатында кәсіподақтармен сұхбаттасу үшін арнайы жасақ құрылды. Бұл тек өзара ынтымақты білдіру үшін ғана емес, сонымен бірге ереуілге әлеуетті одақтастардың бірігуі үшін, экономикалық келіссөз күшін әлеуметтік және экологиялық дамуға қол жеткізуде пайдалану үшін де қажет болады. Кәсіподақтарға мұндай көзқарас ұйымдасқан жұмысшылардың экономикалық күшін мойындау ғана емес. Сонымен қатар, бұл – жаһандық климат пен жұмысшылар, әсіресе, көміртегі көп шығарылатын жұмысшылары мүдделері арасындағы қарама-қайшылықты жеңу талпынысы. Саяси орталық және оңшылдар осы нарративті ұдайы және жиі сәтті күшейтуде және экономиканы қайта құрылымдаудың тікелей әсеріне ұшыраған адамдар, мысалы, Шығыс Германияның Лаузиц (Lausitz) аймағындағы бұрынғы тау-кен кеніші жұмысшылардың санасына нық орнығуда. Іргелі мәселелер ашық болып қалғанымен, SFF белсенділері мен кәсіподақтар арасындағы соңғы диалогтар жаһандық климат пен автобус жүргізушілері, болат құюшылар мүдделері жиі сәйкес келетіндігін көрсетті.

> Жақын болашаққа арналған перспективалар

Students for Future стратегиялық көзқарасының осы екі сипаттамасы – климаттың өзгеруі қозғалысына қоғамның белсенді қатысуына назар аудару және көпшілікті ұйымдастыруға таптық көзқарас – көпшіліктің тәуелсіз қызметі арқылы тұрақты қоғам бағытында құрылымдық өзгерістерді қамтамасыз етуге қабілетті іс-қимыл формаларына жол ашады. Мысалы, Германияда қоғамдық көлік саласындағы алдағы жалпыхалықтық келіссөздер климат белсенділері, кәсіподақтар мен қауымдастықтар арасында коалиция құруға мүмкіндік беруі мүмкін. Қоғамдық көлік саласы денсаулық сақтау және білім беру секторы сияқты климаттың антропогендік өзгеруіне болмашы ғана ықпал еткенімен, қалалар мен аудандардың әлеуметтік ұдайы дамуы мен әл-ауқаты үшін маңызды. Осы негізде SFF өз аудандары мен университеттерінде жұмысшылармен ынтымақтасатын, ереуілдерде қолдау көрсететін және т.б. болатын ашық топтар құра алады. FFF/SFF сияқты қоғамдық қозғалыстардың сыртқы саяси қысымы ұжымдық келіссөздер процесін саясаттандыруы және осы келіссөздердің қоғам үшін маңыздылығын арттыруы мүмкін. Кәсіподақтар

мен климаттың өзгеруі бойынша жаппай қозғалыстың бірлескен күш-жігері қоғамдық көлік жұмысшыларының еңбек жағдайларын жақсартуға және жалақысын көтеруге, қоғамдық көлік инфрақұрылымын кеңейту және декомодификациялау арқылы оны пайдаланатындардың өмір сүру деңгейін жоғарылатуға және жеке көлікпен тасуды шектеу арқылы автомобильдерде көміртегі шығарылуын азайтуға мүмкіндік береді.

Fridays for Future атакты белсенділерінің жақындап келе жатқан климат дағдарысын шешу үшін саяси партияларға, бизнес және мемлекеттік институттарға сенім артуға бағытталған гегемониялық стратегиясы тығырыққа тірелді. Ол Германиядағы Жасыл партияның қарқынды өсуінде елеулі рөл атқарып, климат өзгерісі бірнеше ай бойы қоғамдық пікірталаста басым болғанымен, неміс экономикасы мен тұтастай қоғамның экологиялық қайта құрылуына бағдарланған батыл әрекеттерге алып келмеді. Экологиялық және әлеуметтік қайта құру үшін кәсіподақтардың климаттық қозғалыспен қатар күресуімен сипатталатын экологиялық тап саясатына бағдар осы стратегиялық тығырықтан шығар жолды ұсынуы әбден мүмкін.

> Бізге қосылыңыз!

Университеттер кең, таптық негіздегі және жаһандық климаттық қозғалысты құруда маңызды рөл атқара алады деп есептейміз. Бұл үшін ұйымдасқан студенттік қоғамдастық, сонымен қатар климаттық дағдарыстың себептері мен мүмкін болатын шешімдерін жақсы түсіну үшін ұйымдастыруды белсенді қолдайтын және теориялық үлес қосатын сыншыл ғалымдар қажет. Бұл тек техникалық немесе жаратылыстану ғылымдарына қатысты мәселелер емес; жалғыз ғана тұрақты технологиялар климаттың антропогендік өзгеруін тоқтата алмайды. Біздің бүкіл экономикамыз бен қоғам қайта құрылымдалуы керек. Мұның салдары қалай және не болады? Бұл – әлеуметтанушылар жауап беруі тиіс ең маңызды сұрақтар.

Егер нақтырақ болсақ: студенттер, климаттық қозғалысқа ұйымдасыңыздар! Ғалымдар, зерттеулеріңізді адамзаттың өзекті мәселелерімен ұштастырып, нәтижелеріңізді көпшілікке қол жетімді етіңіз! Соңында, қозғалысты күшейту үшін бізбен бірге жұмыс жасаңыз. Қазіргі уақытта Students for Future бір апта болатын климаттық ереуілдің мүмкіндігін талқылауда. Бір апта бойы біз көпшілік үшін университеттерді ашып, климат дағдарысы және мүмкін болатын шешімдер туралы дәрістер мен пікірталастар ұйымдастыра алар едік. Неміс Ректорларының Конференциясы (НРК) университеттер рөлін «қоғамның негізгі мәселелерін нәтижелі талқылауға ықпал ететін демократиялық мәдениеттің орталықтары» ретінде анықтады. Әлемдегі және жақын болашақта қалыптасқан жағдайға байланысты, біз бұл жауапкершілікті орындауға уақыт келді деп санаймыз. ■

Хаттарды Джулия Кайзерге <julaidakaiser@gmail.com> және Джаспер Штангерге <jasper.stange@hotmail.de> жолдауға болады.

> Сенегалдағы жеке католиктік білім беру

Мұстафа Тамба, Шейх Анта Диоп атындағы Дакар университеті, Сенегал

Сенегалдағы білім беру саласында жеке католиктік білім беру күні бүгінге дейін басымдыққа ие. 1816 жылы отаршылдық әкімшілік шіркеулерде, атап айтқанда, Әулие Иосиф Клунидің апа-қарындастары, ағайынды Плёрмели, Әулие Рух миссионерлері, Кастрдағы Бейкүнә бала көтеруші апа-сіңлілер және Әулие Жүректі Марияның қыздарына француз тілін оқытуды міндеттеді. XX ғасырда, Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін, 1946-1960 жылдардың апостольдық викарийі, монсеньор Марсель Лефеврдің ықпалымен католиктік білім беру алға батыл кадам жасады. Осы уақыттан бастап Әулие Гавриил бауырлары, Әулие Жүрек бауырлары, Урсулин апа-сіңлілері, Әулие Чарльз Анже мен Маристаның апа-қарындастары сияқты басқа да қауымдастықтар қоныстана бастады.

1960 жылы Сенегал егемендік алғаннан кейін Шіркеу 1970 жылы оқыту міндетін Католик білімінің

ұлттық басқармасына тапсырды. 1976 жылы Ұлттық үйлестіру құрылымы құрылды, ал бүгін бұл құрылым Ұлттық секретариатқа орын ауыстырған. 2003 жылдан бастап жеке католиктік білім беру «Сенегал католиктік білім берудің ұлттық басқармасы» (Office national de l'enseignement Catholique du Sénégal) деп аталатын қауымдастық болып құрылды.

Алайда жеке католиктік білім беру епархиялық басқармаларды құру арқылы орталықсыздандырылды. Елде жеті епархия бар, әрқайсысының «Direction diocésaine de l'enseignement catholique» (католиктік білім беру епархиялық басқармасы), немесе Dides бар. Епархиялық архиерейдің тапсырмасы бойынша епархиялық директор епархиядағы барлық католиктік мектептерге жауап береді.

Осы зерттеуді жүргізу мақсатында біз католиктік білім беруге қатысты және жауапты адамдарға, соның

ішінде Дакар Архиепархиясының католиктік білім беру епархиялық басқармасының басшысына және Сенегалдың католиктік білім беру ұлттық басқармасының хатшысына сандық деректерді алу туралы өтініш жасадық. Екі кеңсе де S.I.C.A.P. Дакардың Баобаб ауданында, Әулие Петр шіркеуіне қарсы орналасқан. Ол жақта біз ұсынылған мұрағаттарды пайдалана отырып, құжаттық зерттеу жүргіздік.

Кестедегі нәтижелерге сүйенсек, Дакар архиепархиясының қарамағында мектептер жалпы санының 50% бар. Ол екі апостолдық аймақтан тұрады: оның біріншісі Ле Плато, Гранд Дакар-Йофф және Ла Нийды қамтыса, екіншісіне Синус және Петит Кот жағады. Жалпы алғанда архиепархияда 41 қауым бар. Тиес және Зигиншор епархиялары сәйкесінше 16% және 11% құрайды. Колда мен Тамбакун епархияларында мекемелер саны аз.

Кесте 1: Католик мектептерінің білім берудің әртүрлі деңгейіндегі үлесі, 2018-19 ж.

ЕПАРХИЯЛАР	ДЕҢГЕЙ					
	Мектепалды	Бастапқы	Орта	Негізгі	БАРЛЫҒЫ	%
Дакар	58	54	23	14	149	48,5%
Тиес	22	24	3	1	50	16%
Каолак	12	13	2	1	28	9%
Зигиншор	11	15	8	1	35	11%
Сент-Луи	8	6	3	1	18	6%
Колда	6	6	3	1	16	5%
Тамбакунда	4	5	1	1	11	4,5%
БАРЛЫҒЫ	121	123	43	20	307	100%

Дереккөз: Сенегалда Католиктік Білім берудің Ұлттық Басқармасы, 2019 жылдың наурызы.

Кесте 2: Жеке католик мектебі оқушыларының білім берудің әртүрлі деңгейіндегі үлесі, 2018-19 ж.

ЕПАРХИЯЛАР	ДЕҢГЕЙ					
	Мектепалды	Бастапқы	Орта	Негізгі	БАРЛЫҒЫ	%
Дакар	6442	36304	16467	6696	65909	57%
Тиес	2268	5735	1856	491	10350	9%
Каолак	1983	11080	2665	836	16564	14%
Зигиншор	1441	5326	733	248	7748	7%
Сент-Луи	970	3519	1212	262	5963	5%
Колда	656	3465	958	245	5324	4,5%
Тамбакунда	417	2630	479	143	3669	3,5%
БАРЛЫҒЫ	14177	68059	24370	8921	115527	100%

Дереккөз: Сенегалда католиктік білім берудің Ұлттық басқармасы, 2019 жылдың наурызы.

Бұлардың арасында студенттердің жалпы санының 57% тиесілі Дакар Архиепархиясы көш бастап келеді. Dides статистикалық мәліметтеріне сәйкес, қала аудандарында, әсіресе Дакарда және оның маңындағы аудандарда бастауыш мектепте 25360 оқушы, ал ауылдық аудандарда (Петит Кот және Синус) – 10944 оқушы білім алуда. Орта білім беру деңгейінде де Дакар Архиепархиясында 2018-2019 оқу жылының өзінде-ақ қала және ауыл кеңістіктерінде сәйкесінше 14002 және 2465 оқушы білім алуда. Орта білім беру жүйесінде архиепархия жеке секторда білім алатын оқушылардың жалпы санының 75% иемдене отырып, бірінші орынды сақтап тұр. Сакре-Кер колледжі

2018-2019 оқу жылында 1059 білім алушы білім алған елдегі ең ірі жеке католиктік мектеп болып отыр.

Сонымен бірге, Дакар Архиепископиясы Dides сәйкес, білім берудің барлық деңгейлерінде католиктерге қарағанда мұсылман діні өкілдері басым. Мысалы, 2018-2019 оқу жылында бастауыш деңгейде оқушылардың 72% мұсылман, 26% католиктер және 2% басқа конфессиялардың өкілдері білім алған. Бұл сенегалдықтар арасындағы дінаралық диалогтың бар екендігін көрсетеді.

Қорытындылай келе, Сенегалдағы жеке католиктік білім берудің таралу үрдісі тарихи тұрғыда мемлекеттік

және зайырлы білім беруден жылдам болды. XIX ғасырда жеке католиктік білім беру елдің төрт муниципалитетінде, соның ішінде Сент-Луис, Горэ, Дакар және Руфискте орналасты. Бүгінгі күні жеке католиктік білім беруді елдің барлық аймақтарынан кездестіруге болады, алайда инфрақұрылым мен студенттер жиыны Дакар, Петит Кот және Синустың барлық қауымдарын қамтитын Дакар Архиепископиясында орналасқан. Тағы бір қызық дерек – жеке католиктік білім секторында студенттердің басым бөлігін католиктер емес, ислам дінінің өкілдері құрайды. ■

Хаттарды Мұстафа Тамбаға <moustapha.tamba@ucad.edu.sn> жолдауға болады.

> Сенегалдық мектеп жүйесі әлеуметтануы

Сүлеймен Гомис, Шейх Ант Диоп атындағы Дакар университеті, Сенегал



Арбу иллюстрациясы.

Сенегал білім беру жүйесін әлеуметтанулық өлшеу туралы ой-толғам жан-жақты және жүйелі талдау жасауға мүмкіндік береді. Мақсат – отарлық дәуірден бүгінгі күнге дейінгі оның құрылымының мықты және әлсіз жақтарын көрсету және болашағын анықтау. Ескеретін жайт, Сенегал – ежелгі білім беру дәстүрі сақталған Африкадағы

санаулы елдердің бірі. Шын мәнінде, Еуропамен байланыс орнатқанға дейін, Қара құрылықтың исламдануы кезеңінде Сенегалда Құранның негізінде білім беру орталықтары ұйымдастырылған.

Әл-Қажы Мәлік Си, Шейх Ахмаду Бамба және шейх Ибра Ниас сияқты ірі тарихи және діни қайраткерлер Құран білімінің Сенегалда және одан тыс жерлерде кең таралуына атсалысты. Араб тілінде білім берудің бұл дәстүрі француз басқыншыларына қарсы тұруда маңызды рөл атқарды. Алайда, француз отарлаушылары сенегалдықтардың араб тілді дәстүрін отарлық мектеп жүйесін алға жылжыту үшін қолдана алды. 1960 жылы Сенегал тәуелсіздігін алған кезде, отарлаушылардан мұраға қалған француз тілді мектеп жүйесі ұлттық мемлекет құруға көмектесетін құрал ретінде сақталды. Жаңа билік француз тілін елдің ресми тілі ретінде қолдады.

Дегенмен, қазіргі таңда сенегалдықтар білім беру жүйесі үшін жауапкершілікті толық мойнына алған-алмағандығы туралы тұрақты пікірталастар әлі де жүргізілуде. Сенегал халқы әлі де өзін осы мектеп жүйесінің пайдаланушылары деп санайды. Бұған екі тілді білім беруді дамыту үшін мектепке ұлттық тілдерді енгізу мәселесі дәлел.

> Сенегалдағы мектеп жүйесінің генезисі

Қара Африкадағы алғашқы француз тілді мектептің негізін 1817 жылы Сенегалдағы Сент-Луис қаласында 27 жастағы француз тілінің мұғалімі Жан Дард қалады. Содан бері көп

>>

мектептер құрылды, олар біртіндеп жағалаудағы қалалар мен кенттерде, содан кейін ішкі елді мекендерде де тарады. Елдің қалған бөлігіндегі мектептердің дамуы коммерциялық және саяси айырбасты жеңілдету үшін отарлаумен жеделдетілді.

Африканың бұрынғы отар елдерінің басым бөлігі сияқты Сенегалдың да оқу жоспарлары 1960 жылы тәуелсіздік алғанға дейін французданды, кейін 1970 жылдардан бастап африкаланды, ақырында 1990 жылы ұлттандырылды. Уақыттың ағымына қарамастан Сенегал мектептік білім беру жүйесінің құрылымы мен қызметі бұрынғы француз отарлаушысының үлгісі бойынша қалды. Алты жастан он алты жасқа дейінгі барлық қыздар мен ер балалар үшін мектеп міндетті және ақысыз.

ЮНЕСКО стандарттарына сәйкес әр ел халқының 2% жоғары білім деңгейіне жетуі қажет. Сенегалдың қазіргі халқы 15 миллион екенін ескерсек, елде шамамен 300000 жоғары білімді студенттер болуы керек. Алайда, жеке және мемлекеттік жоғары оқу орындарын қоса алғандағы студенттердің нақты саны – 150000. Тағы бір маңызды мәселе – оқу бағдарламалары мен Сенегал халқының күтулері арасындағы сәйкессіздік.

> Мықты және әлсіз тұстары

Жалпы қабылданған пікір бойынша мемлекеттік мектептердің

сенегалдық жүйесі – табысқа жету үлгісі, себебі ол ғылым, медицина, құқық, әдебиет және экономика салаларында әлемдік тарихи қайраткерлерді дайындап шығарды. Олардың қатарында еңбектері заманауи адамзат тарихында өз ізін қалдырған әдебиет саласындағы Леопольд Седар Сенгор мен тарих және физика салаларындағы Шейх Анта Диоп бар. Сенегал мектеп жүйесінің мықты тұстарының бірі – мұғалімдерді даярлау сапасы. Мемлекеттің мектеп пен жоғары білім жүйесін қолдауға деген құлшынысы мен шешімін, сонымен қатар отбасылардың қатысуы және инвестицияларын да атап өткен дұрыс. Адамдар өз балаларының оқуын қаржыландыруға үлестерін қосуына болады.

Дегенмен, мемлекет те, мұғалімдер де, мұғалімдер кәсіподағы да, техникалық және қаржылық серіктестер де ата-аналарды мектеп бағдарламаларын әзірлеуге тарту мәселесін қарастырмайды. Халыққа мектеп жүйесі мен оның қызметінің тұтынушысы ретінде ғана қарайды.

Сенегалдық білім беру жүйесі саяси, психологиялық, инфрақұрылымдық, бағдарламалық, материалдық, қаржылық және адами деңгейлерде әртүрлі кедергілерге тап болады. Мысалы, Сенегал білім беру саясаты тұрғысынан көзқарасы мен бағытын анықтауда толығымен дербестікке ие емес: ол Дүниежүзілік банк және Халықаралық валюта қоры сияқты серіктестердің техникалық және

қаржылық шектеулеріне ұшырайды.

Психологиялық тұрғыдан алғанда, мектеп жүйесі Сенегалда бұрыннан қалыптасқанына және ерте жастан бастап міндетті болғанына қарамастан, адамдар діліне әлі де жеткілікті интеграцияланған жоқ. Сенегалдықтар мектепті әлі де француз отарлауынан мұра ретінде қалған және толығымен өз бетінше қалыптасуы мүмкін емес құрал ретінде қабылдайды.

Бағдарламалық деңгейде білім мазмұны әрдайым француз оқу бағдарламасының үлгісімен байланысты болды, тек кейбір пәндер бойынша ғана аз өзгеріс орын алды. Жаңа оқу бағдарламалары, сол ел азаматтарымен әзірленгеніне және оқытылатынына қарамастан, жергілікті мәдени болмысты көрсетпейді, керісінше отаршылдықты ұдайы өндіреді.

Материалдық деңгейде сенегалдық мектеп жүйесі ресурстардың жетіспеуінен зардап шегуде. Білім берудің барлық деңгейлерінде, яғни бастауыштан бастап жоғары білімге дейінгі аралықта, сыныптардың уақытша ғимараттарда орналасуы әлі де орын алып отырған құбылыс.

Осы қиындықтарға қарамастан, Сенегал мектеп жүйесін жақсы деп тұжырымдауға болады. ■

Хаттарды Сүлеймен Гомисқа <Souleymane.gomis@ucad.edu.sn> жолдауға болады.

> Сенегалдық француз-араб біліміне стратегиялық түзетулер

Әл Қажы Мәлік Си Камара, Шейх Ант Диоп атындағы Дакар университеті, Сенегал



Сенегалдағы бастауыш білім араб және француз тілдерінде сауат ашуға бағытталған. Ұсынған: Білім берудің Жаһандық Серіктестігі / Flickr. Кейбір құқықтар қорғалған.

Сенегалда ислам дінінің кең таралуымен көп үй шаруашылықтары араб тілімен таныса бастады. Шындығында, араб тілі 95% мұсылман болып табылатын халық үшін аса маңызды. Араб тілі сенегалдық мұсылмандар арасында өте жоғары бағаланады, себебі осы тілде Құран түсірілген. Шын мәнінде, Құранды терең білетін адам білімді және үлгілі мұсылман болып саналады. Алайда, отарлаудың алғашқы кезеңдерінен бастап-ақ француз тіліне негізделген білім беру жүйесі енгізілді.

Қос білім беру жүйесінің бірлесіп өмір сүруі өте қиын болды. Жеке және мемлекеттік француз-араб мектептері халықтың басым бөлігінің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін француз

және араб тілдерінде қатар білім ұсынады. Ислам шын мәнінде сенегалдықтар өмірінің ажырамас бөлігі, себебі ол этникалық және аймақтық ерекшеліктерден тыс және адамдардың білім деңгейіне және мәдени немесе географиялық, әлеуметтік шығу тегіне тәуелсіз өз өмірін ашық түрде құрылымдайды.

Әдебиеттерге шолу негізінде осы мақалада Сенегал халқының отаршылдық басқару кедергілерін алдын алу үшін француз-араб білімін пайдалану мүмкіндігі көрсетіледі.

> Француз-араб мектептеріндегі оқыту үлгілері

Француз-араб мектептерінің кем дегенде екі санатын анықтауға болады: исламдық оқу бағдарламасының >>

мықты үстемдігі (Құран, фикһ, сүннет және т.б.) және француз және араб-ислам білімінің көп немесе аз тепе-теңдігі. Бүгінгі таңда француз-араб мектептерінің иелері мектепке дейінгі және бастауыш білім беруге біршама қомақты қаражат салуда.

Француз-араб мектептерінің бірінші санатында бастауыш мектептің алғашқы екі жылындағы білім араб тілінде сауат ашуға және Құран мен хадистерді үйренуге бағытталған. Француз тілі әліппені үйренумен және коммуникациялық дағдыларды дамытумен шектелген. Осы екі жыл ішінде білім алушылар неғұрлым көп Құран сүрелерін жаттайды деп күтіледі. Бірақ үшінші оқу жылында олар бірінші, екінші және үшінші курс оқу бағдарламаларын «игеріп алады» деген сенім бар. Екі тілде аттестат (ұлттық оқу бағдарламасы және араб-ислам оқу бағдарламасын аяқтағаны туралы куәлік) алуы үшін бастауыш білім берудің алтыншы және соңғы жылында білім алушылар емтихандарын француз және араб тілдерінде тапсырады.

Француз-араб мектептерінің екінші санаты зайырлы мемлекеттік білім мен араб-мұсылмандық білім арасындағы тепе-теңдікті сақтайды. Әл Фәләқ және Жамағат Ибад Рахман (ЖИР) қозғалыстарының құрылуы мемлекет назарынан тыс қалған аймақта француз тілін ресми тіл ретінде таңдаған француз-араб білімін ілгерілетуге елеулі үлес қосты.

Араб-исламдық білім мен зайырлы мемлекеттік білім беруді үйлестіру немесе теңдікті сақтау негізінен терең тамырланған (исламдық) діни құндылықтары бар және

мемлекеттік мектеп білім алушысы білуі тиіс дағдылары бар болашақ азаматтарды құруға және/немесе оқытуға бағытталған. Мысалы, ЖИР қозғалысы құрған Біләл Құран мектебі дәл осы жүйені таңдады. Бірақ, тек бастауыш білімді ғана ұсынатын бұл мектептен басқа ЖИР орта мектепті де құрғанымен, ата-аналар тарапынан қолдау таппады, себебі олар балаларының зайырлы мемлекеттік білім берудің оқу бағдарламасы негізінде білім алуды қалады. ЖИР мектептерінде әр сыныпта барлық пәндер бойынша сабақ жүргізетін екі мұғалім бар: француз тілінде және араб тілінде сөйлейтін мұғалім. Сонымен қатар, ЖИР мұғалімдерді даярлау мен бағдарламалық зерттеулерді жүргізуде біраз мекемелерге қолдау көрсетеді. Шындығында, Әл Қажы Омар Талл мектебінде араб-исламдық оқу бағдарламасы мемлекеттік білімнің зайырлы бағдарламасынан озып кетті. Кей ата-аналардың араб-исламдық білімді қолдайтынына қарамастан, бұл жолды ұстану көп жағдайда оқушыларды оқудан шығарудың бір түрі болды. Дегенмен, Normale Supérieure (атауы FASTEF деп өзгертілген) мектеп араб тілінде түлектердің даярлығын қамтамасыз ететіндіктен, араб тілі және басқа пәндер оқытушылары еңбекақысы арасында айырмашылық жоқ, бірдей жалақы алады (Thierno Ka, Alioune Diop мен Djim Dramé, 2013).

> Француз-араб мектептері: қос сәйкестенуге ұмтылыс

Мәдени азаматтық (немесе азаматтықтың жаңа түрлері) туралы талапты алғашында араб тілінде сөйлейтін білімді «контрэлита»

ұсынса, қазіргі таңда ол әдетте зайырлы мекемелерде білім алған француз тілді жаңа мұсылмандық элитаға таңылады (Камара, 2016). Бұл қос сәйкестену оның мүшелеріне «екінші дәрежелі азаматтық» позициясынан кетуге және олардың ұлттық азаматтыққа жататындығын мәлімдеуге мүмкіндік береді. Олардың наразылығы мемлекетке және оның зайырлы институттарына қатысты сыни болғанымен, қолданыстағы институттық шегі мен мемлекеттік бақылау шеңберінен тыс байқалмайды. Керісінше, өздерінің азаматтық және саяси құқықтарын білдіруде осы мұсылман азаматтары демократиялық ойын ережелерін «исламдық қоғам» жобасын алға жылжытуға және тәуелсіздік алғаннан бастап Сенегалды басқарған батыстық және зайырлы элиталардың үстемдігіне қарсы тұруға тырысады.

> Қорытынды

Француз-араб мектептері Сенегалда, әсіресе қала орталықтарында жақсы жолға қойылған. Сондықтан өздерін «арабистер» (arabisants) деп атайтын араб-ислам мектептерінің түлектері мансаптық мүмкіндіктердің жетіспеушілігінен ұзақ уақыттан бері қиналуда. Бүгінде ұлттық емтихандарда (BFEM, бакалавриат) француз-араб мектептері алған жақсы бағалар сенегалдық қоғамдық пікірді және мемлекетті оларды ел үшін нақты белсенді ретінде қарауға себеп болды. Сенегалдық исламдық қозғалысқа белсенді қатысатын осы акторлардың басым бөлігі француз-араб мектептерін сәйкестенудің негізгі құралы ретінде қолдана отырып, Батыс перспективасын қайта ойластыра алды. ■

1. Осы мектептің кейбір бұрынғы түлектері жоғары шенді мемлекеттік қызметкерлер болса, кейбірі – орта және жоғары мектеп оқытушылары.

2. Faculté des Sciences et Technologies de l'Éducation et de la Formation.

Хаттарды Әл Қажы Мәлік Си Камараға <asmalick20031@gmail.com> жолдауға болады.

> Сенегалдағы зайырлы жеке білім

Самба Диуф, Шейх Ант Диоп атындағы Дакар университеті, Сенегал



Жаһандық Оңтүстік елдеріндегі білім беру жүйесі қос, яғни дәстүрлі құрылымдар және отаршылдар қолтаңбасымен анықталады. Еуропадан экспортталған үлгі, әрине, Африканың тың аумағында ұсынылған жоқ. Ол белгілі бір контекстке бейімдеу міндеті бар адамдарға да, оны қабылдағандарға да үнемі ерекше әдіспен тағайындалды. Оны жергілікті ортаға лайықты ету оның алғашқы принциптеріне опасыздық жасауды білдіргенмен, басқа принциптерін осы мәдениетке бейімдеуді білдірді (Шарлье, 2002). Нәтижесінде, отарлаушы ұсынған мектеп үлгісінің айқын басымдығы бізді адастыра алмайды: оны «батыс», «француз», «ресми» немесе «заманауи» деп сипаттауы екеуінің де оны бөтен деп санайтындығын және тек Батыстың заманауилығымен байланысты материалдық артықшылықтарға қол жеткізуге мүмкіндік беретіндігі үшін құрметтеуге дайын екендігін білдіреді. Шартты қолдаудың бұл формасы дәстүрлі білім беру тетіктеріне орын қалдырды: Сенегалда Құран мектептері әлеуметтік өзгерістер алып келетін жаңа жағдайларға үнемі бейімделе отырып, белсенді қызмет етеді. Әлеуметтенудің көне институттарын ығыстырудың орнына, мемлекеттік мектеп адам мен білім иерархиясын құрудың өзіндік өлшемдерін енгізу арқылы оларды толықтыра бастады¹.

Сенегалда жеке мектептерде ереуілдердің болмауы тұрақтылық кепілі ретінде есептеліп, ата-аналар арасында абыройға ие. Ұсынған: Алан Левин / Flickr. Кейбір құқықтар қорғалған.

Сенегалдың отаршылдық үстемдігінен тәуелсіздігі оны жас

>>

ұрпақты дайындауға қатысуы мүмкін әртүрлі органдар арасында ұсынылған қатынастардың сипаты мен формасын нақты анықтауға мәжбүрледі. Осылайша, 1963 жылғы Конституцияда: «Республика зайырлы, демократиялық және әлеуметтік. [...] Әркімнің білім алуға құқығы бар [...]. Жастарға білім беру мемлекеттік мектептер арқылы жүзеге асырылады. Діни мекемелер мен қауымдастықтар білім беру құралы ретінде мойындалады. [...] Жеке мектептер мемлекеттің рұқсатымен және бақылауымен жұмыс істей алады. [...] Діни мекемелер мен қауымдастықтар мемлекет бақылауынан тыс. Осылай, зайырлы Сенегал республикасы «білім беру құралы ретінде» таныған діни мекемелер мен қауымдастықтарды өз бақылауынан алып тастады. Басқаша айтқанда, білім беруді басқару алыс мақсат ретінде белгіленді және одан біртіндеп бас тартты: 1996 жылы қабылданған өкілеттіктерді аймақтарға, муниципалитеттерге және ауылдық қауымдастықтарға беру туралы заңның орындалуы туралы қаулы білім беру жауапкершілігін суб-мемлекеттік деңгейде қайта бөлді. Сосын 2001 жылғы Конституцияда әр органның рөлі нақтыланды. Мемлекет «жастарды мемлекеттік мектептерде оқыту мен тәрбиелеуге міндетті және жауапты. Барлық балалар [...] мектепке баруға құқылы. [...] Барлық ұлттық: мемлекеттік немесе жеке меншік, институттар өз мүшелерінің сауаттылығын қамтамасыз етуге және ұлттық тілдердің бірінде сауатсыздықты жою жөніндегі ұлттық күш-жігерге қатысуға

міндетті». Білім беру саласындағы мемлекет жауапкершілігі айқын бекітілгенімен, суб-мемлекеттік немесе жеке органдардың рөлі де артып келеді.

> Зайырлы жеке мектептер

Жеке конфессиялық емес білім Сенегалда 1980 жылдары пайда болды. Зайырлы жеке мектептерді әкімшілік, қаржылық және педагогикалық менеджментке жауапты жеке промоутерлер құрды. Католиктік жеке мектептермен салыстырғанда зайырлы жеке мектептердің қызметі ешқандай ортақ басқарумен қадағаланбайды, дегенмен, олар барлық жеке мектептер сияқты Ұлттық білім министрлігінің бөлімі болып табылатын Жеке білімнің бас дирекциясына бағынады.

2000 жылдардан бастап зайырлы жеке мектептер бұқаралануы тұрғысынан үлкен жетістікке ие болды. Олар басқа мектептерге қарағанда сұранысқа ие болғанымен, олардың дұрыс жұмыс істеуіне кедергі келтіретін қиындықтар жиі кездеседі. Оның ішінде, мұғалімдер жалақысының уақытылы төленбеуі, еңбекақыларының жалақының ең төмен мөлшерінен аз болуы және кейбір мектеп иелерінің мектепті жабуына итермелейтін үй-жай жалдау ақысын төлемеуі бар.

> Ата-аналардың зайырлы жеке білім туралы түсініктері

Жеке мектептердің көбеюі және осы секторда оқитын балалар санының артуы Дакарда жеке білімнің шүбәсіз

өз орнын алғанын айта кету керек. Сауалнамаға қатысқан ата-аналардың көбі балаларын осы секторда оқытудың негізгі себептерінің бірі жеке сектордағы тұрақтылық екенін мәлімдеді. Мұндай тұрақтылық кәсіподақ қозғалыстары ұйымдастырған ереуілдердің немесе жаппай ереуілдердің, яғни мемлекеттік білім берудің заманауи секторы зардап шегетін кез келген кедергілердің болмауынан көрінеді. Респонденттердің бірі «кейбір мемлекеттік мектептерде жастар арасында орын алған зорлық-зомбылық пен қылмыс ата-аналарды балаларын жеке мектептерге жіберуге мәжбүр етті», – деді. Басқа респонденттің, 38 жастағы үй шаруасындағы әйел, пікірінше «егер бүгін бала жеке білім беруде жетістікке жетпесе, ол оқуды ұнатпайды. Жеке секторда ереуілдер орын алды немесе мұғалімдер жетіспейді деген жоқ, ал ата-аналар балаларының білім алуына көп қаражат салады». Бір қызығы, ата-аналар білім беру сапасынан гөрі, мемлекеттік мектептерге қарағанда жеке мектептердегі тұрақтылыққа көп көңіл бөледі. Олардың ойынша, мектеп тұрақтылығы – сәттіліктің басты факторы және жеке мектепке түсетін кез-келген бала жетістікке жетуі тиіс.

Зайырлы жеке білім беруді қоғамдық қабылдау ата-аналардың басым бөлігі жеке мектептерді тұрақтылығы үшін таңдайтындығын көрсетті. Бұл мектептер жақсы бағалары үшін халық арасында маңызды орын алды, бірақ бастысы – тұрақтылығы үшін. ■

1. Сюзи Гут және Эрик Лануэни (ред.) қараңыз, *Écoles publiques, Écoles privées au "Sud": usages pluriels, frontières incertaines, Cahiers de la recherche sur l'éducation et les savoirs*, 3, 2004.

Хаттарды Самба Диуфқа <bathie78@yahoo.fr> жолдауға болады.

> Сенегалдағы діни

көшбасшылықтың әлеуметтік-антропологиясы

Мұхаммед Мұстафа Дие, Шейх Анта Диоп атындағы Дакар университеті, Сенегал



51

Құдай мешіті, Дакар, Сенегал. Ұсынған: Валентина Буй / Flickr. Кейбір құқықтар қорғалған.

> Діни көшбасшылық мұрасы

Сенегал әуелден–ақ Еуропа, Африка және Америка арасындағы әртүрлі айырбас пен қарым-қатынастар орталығы болды, бұл сенегалдықтардың ашықтығын, олардың қонақжайлығын және елдегі мұсылмандар мен христиандар арасындағы өзара төзімділікті түсіндіретін жәйт. Олардың әлеуметтік-мәдени құндылықтары үш мәдени бастаудан нәр алады: тамыры тереңге бойлаған мәдени дәстүрлер, ислам мен христиан діні және Республикаға негізделген Батыс үлгісіндегі заманауилық. Осы үш бастаудың ішінде Ислам, әрине, ең шешуші ықпалға ие фактор. Сенегалдықтардың 95%

мұсылмандар және олардың көбі шынайы әлеуметтік реттегіш болып табылатын діни бауырластықтарға мүше; 49% Тижания ғибадат, 35% Мурид, 7% Қадыри және 5% Лайен бауырластығына жатады.

Сенегалдың саяси-діни тарихы Исламның елдегі әлеуметтік тепе-теңдікке қол жеткізіп, оны сақтаған әдеби қайраткерлер мен көшбасшыларды өмірге алып келгенін көрсетіп отыр. Бұл діни көшбасшылар Сенегал мен оның халқының эволюциясына елеулі әсер етті. Фута-Тородағы Әл Хадж Омар Талл, Диул революциясының атақты көшбасшысы Самори Туре, Коли Тенгуэланьң Сонгай империясына қарсы Фута-Тородағы Торобе революциясын бастаған Маба Диаху

>>

Ба және Тьерно Сүлеймен Баал сияқты діни көшбасшылардың әрекеттері мен ұстанымдары Сенегал халқының ұжымдық жадында сақталған. Олардың көшбасшылығының күші Ислам және африкалық демократия «көне» дәстүрінің жақындасуынан пайда болды. Бұл дәстүрдің негізі – билікке сенімсіздік және билік қанауы мен құдіретін тежеу мен шектеу керектігі туралы сенім. Кез-келген абсолюттік биліктің теріс салдарын біле отырып, дәстүрлі африкалық қоғамдар көшбасшыларының «көсем рөлін атқаруына» жол бермеді және абсолюттік биліктің орнамауы үшін нағыз көшбасшылықты қамтамасыз етуге барлық күш-жігерін жұмсады.

Волоф қоғамында патшаны ұлықтау салтанатында көсем дәстүрге сәйкес әрекет етуге және барлығының игілігі үшін еңбек етуге міндеттенеді. Мысалы, Ваалода (Волоф империясы) аксүйектер өкілі жаңа сайланған Бракка (патшаға) былай деді: «Егер сіз өз қол астындағыларыңызға қатысты қалыпты жолдан бас тартсаңыз, сіз бізге бүкіл өміріңізді бересіз. Егер сіз астыққа қарсы әрекет етсеңіз, сіз өз сайлаушыларыңызды мүмкіндіктерінен айырасыз және міндетті түрде халықтың қарғысына ұшырайсыз». Осындай күдікті Волофтың белгілі мақалынан табуға болады, ол патшаға халық алдындағы міндеттері туралы еске салады: «Буур ду мбокк» немесе «Патша ата-ана емес». Осыған ұқсас, Исламда, адам алғаш дінді қабылдаған сәттен бастап, адам басқа адамға кез келген тәуелділікті немесе бағыныштылықты жоққа шығаратынын еске түсіре аламыз. Сондықтан, ислам дінінде дін басылары жоқ, ал басшы жол көрсетуші/делдал, адамдардың оны тыңдауы жоғарыда аталған дәстүрлі құндылықтарға сәйкес келетін ислам қағидаттарына құрметпен байланысты болуы тиіс. Бүгінгі күнге дейін сенегалдық діни немесе азаматтық қозғалыстардың көбіне шабыт беретін XVIII ғасырдағы қолбасшы және Футадан шыққан мұсылман ғалым Тьерно Сүлеймен

Баал нағыз көшбасшылықтың қандай екенін көрсете білді. Ол:

«Мен басшылықты сайлау үшін мына жетекші қағидаттарды ұсынамын:

- осы әлемнің байлығын өз пайдасы немесе балаларының пайдасы үшін меншіктеп алмайтын дана, тақуа және адал адамды таңдау;

- байлығы артқан кез келген имамды орнынан түсіру және оның бар мүлкін тәркілеу;

- Имаматтың балалары әкелерінен мұраға алатын мұралық монархияға айналмауын қамтамасыз ету;

- егер ол қайтпаса, онымен күрес және оны қуып шық;

- имамды кез келген тайпадан сайлауға болады;

- әрқашан дана және еңбекқор адамды таңда;

- ешқашан таңдауды бір тайпамен шектеме;

- әрқашан қабілет критерийіне сүйен», – деді.

> Көшбасшылық маңыздылығын құрылымдайтын құндылықтар

Діни көшбасшы әділдік, риясыздық және адалдық құндылықтарымен қалыптасқан адам, ал шешімдері әрдайым жеке мүдделері мен уәждемелерінің шеңберінен жоғары болуы тиіс болады. Замандастары мен рухани құндылықтарына қатысты міндеттері мен жоғары жауапкершілігін сезіне отырып, ол барлық жерде, барлық жағдайларда сенімін, адамгершілігін және объективтілігін сақтауы тиіс. Қазіргі заман тарихындағы екі діни көшбасшы осындай көшбасшылыққа мысалы бола алады: 1957-1997 жылдары сенегалдық Тижания бауырластығының үшінші халифі болған Серинье Әбду Әзиз Си Дабах және Муридтің бесінші халифі Серинье Салиу Мбаке. Алғашқысы шәкірттеріне: «Егер Сіз менің айтқан сөздеріме немесе кеңесіме қайшы іс-әрекет жасап жатқанымды көрсеңіз, мені тәртіпке шақыруыңызды өтінемін, болмаса мен сізді ешқашан кешірмеймін және қажет болса, өзіңізді менен бөлектеңіз», – деген.

Жалпы көзқарасты және адамгершілік кодексін қалыптастырумен қатар, көшбасшының күші оның басқалардан талап еткен нәрселерді өзіне қолдану қабілетіне негізделген. Көшбасшы «нит ку баах» (жақсы адам) антропологиялық үлгінің адамгершілік құндылықтарының құрамдас бөлігін құрметтеуі тиіс, ол «нит ку ам джом» (ар-намыс сезімі), «нит ку ам Керса» (қоғамдық имандылыққа ие сабырлы адам), «нит ку джуб» (тақуа), «нит ку ам дине» (сенім адамы), «нит ку дойлу» (парасатты адам), «нит ку ам каду» (сөз – адам) және «нит ку горе» (лайықты адам) білдіреді. Осы құндылықтар арасында «джом» ерекше маңызға ие, себебі ол әртүрлі мағыналарды қамтиды: жауапкершілік, ар-ождан мен қадір-қасиет, «Варугал» (борыш сезімі), жақсы орындалған талпыныс, өзін құрбандыққа шалу, батырлық, өзін-өзі тану және өз құндылығын ұғыну. Волоф адамдары үшін көшбасшы «джом» құндылығында түйісетін және жалқаулықпен, қорқақтықпен, намыссыздықпен, жалғандықпен ешбір үйлеспейтін барлық құндылықтарды іске асыруы тиіс.

Сенегалдықтардың орындалмаған уәде мен сөздерге деген көзқарасын саяси көшбасшылар берген уәделерін орындамаған мына екі жағдай тамаша бейнелейді. Бұрынғы Президент Әбдулай Уәйд «Вах Вахит» («мен өз сөзімнен бас тартамын») жасады, ол 2012 жылғы президенттік сайлауда үшінші мерзімге сайлауға түспейтіндігі туралы өз сөзінен бас тартты. Оны ауыстырған қазіргі Президент Маки Салл да, өз кезегінде, президенттік мерзімді жеті жылдан бес жылға дейін қысқарту туралы өз уәдесін орындамай, дәл сол «Вах Вахит» жасады. Волофтың атақты «гор са вахджа» мақалы (тектілік уәде етілген сөзге құрметпен анықталады) сенегалдықтардың сөздеріне беретін маңыздылықты көрсетіп, осы президенттерді сынға алады. ■

Хаттарды Мұхаммед Мұстафа Диеге <mouhamed.dieye@gmail.com> жолдауға болады.

> Әйелдер құқықтарын күнделікті өмір бөлшегіне айналдыру

Бенги Суллу, Түлектерді даярлау орталығы, Нью-Йорк қалалық университеті, АҚШ¹



Әйелдер ісі жөніндегі комиссиясы 63-сессиясының ашылуы. Ұсынған: БҰҰ-Әйелдер / Flickr. Кейбір құқықтар қорғалған.

Әйелдер ісі жөніндегі комиссияның 63-ші сессиясы (ӘЖК63) Нью-Йорктегі БҰҰ-ның штаб-пәтерінде 2019 жылдың 11-22 наурыз күндері «Гендерлік теңдікті қамтамасыз ету және әйелдер мен қыздардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту үшін әлеуметтік қорғау жүйелері, мемлекеттік қызметтерге қол жеткізу және тұрақты инфрақұрылым» деген басым тақырыппен өтті. Өртүрлі шаралар мен пікірталас панелдерінде жергілікті, ұлттық және жаһандық перспективаларды ескере отырып және Тұрақты Даму Мақсаттарына байланысты әйелдер мен қыздардың әлеуметтік, экономикалық, мәдени және саяси құқықтарын қолдау мен қорғаудың түрлі аспектілері қаралды. Комиссия қызметінің маңызды бағыты әйелдер үшін жеңілдіктер мен қорғауды қамтамасыз ету болды: әйелдердің жағдайына қатысты өсіп келе жатқан түсіністік

>>



Әйелдер ісі жөніндегі комиссиясы
63-сессиясының Пленарлық отырысы.
Ұсынған: Africa Renewal / flickr. Кейбір
құқықтар қорғалған.

пен кең келісімге қарамастан, әлемнің әр түкпірінде әйелдер мен қыздардың қоғам өміріне толық қатысуы мен табысты болуын қамтамасыз ету үшін әлі де көп нәрсе жасау керек.

Комиссия төрағасы (және БҰҰ жанындағы Ирландияның тұрақты өкілі) Джеральдин Бирн Нэйсон кеңес беру күні – Біріккен Ұлттар Ұйымы жанындағы кеңес беру мәртебесі бар ҰЕҰ үшін ақпараттық-жұмылдыру іс-шарасы – сөйлеген сөзінде, – әйелдердің құқықтарын адам құқығы ретінде тану мен әйелдердің қоғам өміріне толық қатысуға мүмкіндік беретін экономикалық, әлеуметтік және білім беру мүмкіндіктеріне қол жетімділігінің арасындағы сәйкессіздікті атап өтті. Еңсеру қажет алшақтық – жергілікті деңгейде және күнделікті өмірде әйелдердің құқықтарын тану мен дамыту және жаңашыл, жүйелі әдістерді қолданатын, тұрақты, мәдени ерекшеліктері мен гендерлік аспектілерін ескеретін, гендерлік теңсіздікті жоюға бағытталған алдын-алу шаралары мен бағдарламаларын қолдану арасындағы алшақтық. Біз әйелдердің саяси өкілдігі мен олардың қоғамдық өмірге білім беру, экономикалық және әлеуметтік қатысуы арасындағы байланысты әйелдердің тәжірибесіне, көзқарастарына және ұстанымдарына негізделген білімді, тәжірибені және саясатты қалыптастыруға ықпал ететіндей етіп көруге тиіспіз. Біз сондай-ақ жыныстық белгісі бойынша кемсітушіліктің әртүрлі нысандары нәсіл, тап, ұлттық бірегейлік, дін, география, кәсібі және тағы басқа «өзара байланысты қысым көрсету жүйелерімен» тығыз байланыста екенін мойындауымыз керек, П.Х.Коллинздің айтуынша, нақты тұрғыда гендерлік теңсіздік қандай формада қабылданатынына ықпал ету.

Гендерлік теңдік саласындағы неғұрлым тиімді және тұрақты нәтижелерге қол жеткізу үшін саясат пен тәжірибені үйлестіру және сектораралық ойлау қажеттілігі әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылық, қоғамдық орындар мен білім беру мекемелеріндегі әйелдердің қауіпсіздігі, бас бостандығынан айыру нәтижесінде экономикалық пайда мен әлеуметтік және саяси мүмкіндіктерден айыру, сондай-ақ отбасына қайтару процесінде күтім жасау және

отбасылық міндеттер бойынша ақы төленбейтін жұмыстың тең емес бөлінуі мәселелеріне назар аударудан көрініс табады. ӘЖК63-те Халықаралық Әлеуметтанушылар Қауымдастығы ұйымдастырған топтар аясында қаралған бұл мәселелер әйелдердің экономикалық, әлеуметтік, мәдени және саяси қатысуын қамтамасыз ету мақсатында білім беру, бала күтімі, қылмыстық сот төрелігі, жұмыспен қамту және тұрғын үй құрылысы мен көлікті қамтитын қалалық саясат сияқты саяси жүйелердің өзарабайланысын сипаттайды және жаңашыл ойлау, тиімді жүзеге асыру және сақтауды қамтамасыз ету қажеттілігін көрсетеді.

Мысалы, әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылық – әдетте шешілуі қиын мәселе, себебі ол жеке өмірмен шектеледі және отбасындағы жеке мәселе ретінде қабылданады. Әйелдердің қолданыстағы қызметтер туралы білімі отбасындағы зорлық-зомбылықты бекітетін көптеген кедергілерге сәйкес келмейді, оған қоса және осымен ғана шектелмейтін жұмысқа орналасу мүмкіндіктеріне, тәуелсіз және қауіпсіз тұрғын үйге, балаларға тегін немесе арзан күтім жасауға, қорғау мен кеңес беру жөніндегі қызметтерге қол жетімділік шектеулі.

Отбасындағы зорлық-зомбылық – әйелдер құқықтарын бұзудың бір түрі, ол әйелдерді тиісті құқықты қолданусыз қорғау үшін тек бір ғана заңның жеткіліксіз екенін білдіреді. Тағы бір мәселе әйелдердің қоғамдық орындардағы қауіпсіздігіне қатысты. Бедфордшир полиция департаментінің бас констеблді көмекшісі, Ұлыбритания, Доктор Джеки Себайр «Әйелдер мен Қыздарға арналған Сот Төрелігіне Қол Жеткізу: Құқық Қорғау Қызметіндегі және Бейбітшілікті Қолдаудағы Әйелдердің рөлі» баяндамасында әйелдердің құқықтары қорғау әйелдер мәселелерін, өздерін қалай сезінетінін және олардың ауырталығын тануға қабілетті қауым мүшелері арқылы жүзеге асырылады деді. Әйелдердің полиция жұмысына қатысуын насихаттау әйелдер құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуге ықпал етеді және мәдени серпілісті жүзеге асыруға мүмкіндік береді, себебі бұл – осы мамандыққа байланысты патриархаттық нормаларға

қайшы; бұл – әйелдердің тәжірибесі немесе «феминистік білімді» құқық қолданудың қазіргі үлгілерінде басымдылық болып табылмайтын гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы күрестің басты құралына айналуы мүмкін. Бұл, сондай-ақ, мектепке немесе басқа да оқу орындарына баратын жас әйелдердің мәселелері бойынша артып келе жатқан зерттеулер аясында маңызды. Natarajan *et al.* (2017) құжаттандырылуына сәйкес колледж студенттері мектепке барар жолда жыныстық виктимизацияға жиі ұшырайды. Әйелдердің қабылдауы мен тәжірибесіне негізделген осындай зерттеулер қалалық саясатты әзірлеуге және қалалық қоғамдық орындар мен мекемелерде әйелдердің қауіпсіздігін арттыруға бағытталған технологиялар мен мемлекеттік қызметтерді ұсынуда көмектесе алады.

Зорлық-зомбылық және қауіпсіздік мәселелері әйелдерге әлеуметтік және экономикалық мүмкіндіктерді пайдалануға кедергі келтіретін жалғыз фактор емес. Әйелдерге ақы төленбейтін күтім жасау және үй жұмыстарын жасау, олардың еңбек нарығына шығуға және тәуелсіздік пен экономикалық табыс табуға мүмкіндік беретін жұмысқа орналасуы шектейді. Зерттеулер «бүкіл әлемде әйелдер ерлерге қарағанда, ақы төленбейтін жұмысқа екі-он есе көп уақыт жұмсайтындығын» көрсетті (Ferrant *et al.*, 2014). Үкімет үй шаруасындағы күту жұмыстарын экономика мен өмірді қолдаудың ажырамас бөлігі ретінде қарастырмайтыны анық; жүктілік пен босануға байланысты ақылы демалыстың және әлеуметтік қамсыздандыру жәрдемақыларының болмауы әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесінің ең осал тұстары; бұл әйелдердің еңбек нарығына

мүлдем шықпауына немесе босанғаннан кейін одан кетуіне алып келеді. Егер бұл әйелдер кейіннен жұмысқа орналасқысы келсе, олар негізінен қорғауды қамтамасыз етпейтін жұмыспен қамтудың бейресми нысандарына жүгінуге мәжбүр болады. «Әйелдер, жұмысқа қайта оралу және әлеуметтік қорғау» тобының баяндамасында атап өтілгендей, бұл құрылымдық кемсітушілік әсіресе қамаудағы әйелдерге қатысты, олардың еңбек нарығына қайта оралуы еңбек өтілінің шектеулі болуына байланысты қиын. Отбасында әйелдер мен ерлер арасындағы міндеттерді бөлуге және жұмыс пен отбасы арасындағы теңдікті сақтауға негізгі назар аударылатын отбасына бағдарланған саясаттың болмауы барлық, оның ішінде түрмеге қамалу кезінде мүмкіндіктерінен айырылған неғұрлым сорлы әйелдерге әсер етеді. Бұл бас бостандығынан айыру кезеңінде білім берудің үздіксіздігін және өмірге қатысуды қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралардың жоқтығымен ұштасқанда ерекше маңыздылыққа ие болады.

Әйелдер үшін қорғау шаралары мен жеңілдіктерді жүзеге асыру тұтас және жан-жақты әдісті талап етеді. Заңнама мен саясатта өз орнын тапқан араласу шараларының сақталуын қалай қамтамасыз ете аламыз? Үкімет әйелдерді қорғауды қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен қатар олардың дамуына көмектесетін тетіктерге барынша қол жеткізуін қамтамасыз етуде белсенділік танытуы қажет. Халықаралық Әлеуметтанушылар Қауымдастығы сияқты азаматтық қоғам ұйымдары саясаткерлерді осы мәселелермен таныстырады және гендерлік теңдік саясаты мен практикасын насихаттайды. ■

1. Автор ХӘҚ аясында Біріккен Ұлттар Ұйымы жанындағы жастар өкілі және алғаш рет 2019 жылы Әйелдер ісі жөніндегі комиссияның 63-ші сессиясының жұмысына қатысты.

2. Бұл панельдерге ХӘҚ, Америкалық Криминология Қоғамы, Дүниежүзілік Виктимологтар Қоғамы, Шекарасыз криминологтар демеушілік етті. Сіз БҰҰ-дағы ХӘҚ өкілі, [доктор Розмари Барберетті](#) тыңдай аласыз, ол Біріккен Ұлттар Ұйымында ӘЖКБЗ туралы айтып тұр немесе алты панельдің толық [бейнебаяндарын](#), [суреттерін](#), іс-шарада ұсынылған, БҰҰ-дағы ХӘҚ өкілдері әзірлеген [кітап тізімдерін](#) көре аласыз.

Ұсыныстар:

Ferrant, G., L.M. Pesando and K. Nowacka (2014). “Unpaid care work: The missing link in the analysis of gender gaps in labour outcomes.” OECD Development Centre Policy Brief.

Natarajan, M., Schmuhl, M., Sudula, S. & Mandala, M. (2017). “Sexual victimization of college students in public transport environments: a whole journey approach.” *Crime Prevention and Community Safety*, 19(3-4): 168–182. (Special Issue: Women’s victimisation and safety in transit environments: An international perspective).

Хаттарды Бенги Суллаға bsullu@gradcenter.cuny.edu жолдауға болады.